

**Ә.Б. Ақпаева, Л.А. Лебедева, Ф.Б. Кинжибаева**

# **МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ**

## **Әдістемелік нұсқау**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу  
бағдарламасы бойынша мектепалды даярлық тобы (сыныбы)  
(5 жастан бастап)  
педагогтеріне арналған

*Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрлігі ұсынған*

АЛМАТЫ КІТАП БАСПАСЫ  
2022

**Ақпаева Ә.Б. және т.б.**

**Математика негіздері: Әдістемелік нұсқау.** Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап) педагогтеріне арналған. /Ә.Б.Ақпаева, Л.А.Лебедева, Ф.Б.Кинжибаева. – Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ, 2022. – 112 бет.

## Түсініктеме

«Математика негіздері» оқу-әдістемелік кешені (ОӘК) мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР БҒМ 2020ж 05.05. №182 бұйрығымен бекітілген). Осы стандарт Қазақстан Республикасында мектепке дейін және мектепалды оқытудың **жаңа әдіснамалық негіздерін** белгілейді [1].

2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2020 ж. 12.05. № 195 бұйрығымен бекітілген)[2].

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2020 ж.24.09. № 412 бұйрығымен бекітілген)[3].

Жаңартылған бағдарлама 5 білім беру салалары мәнмәтінінде мектепке дейін білім берудің **жаңа мазмұнын** ұсынады. «Таным» білім беру салаларының базалық мазмұны ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады – математика негіздері, құрастыру, жаратылыстану.

**Мақсаты:** коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

- танымды процестерді дамыту: зейінін, қабылдау, шығармашылық қабілеттерін, қиялын, ойлау вариативтілігін;
- ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін (талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау, жіктеу, модельдеу, құрастыру, себеп-салдарлы байланыстарды анықтау) үйрету, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;
- сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларын дамыту: топпен жұмыс жасау дағдыларын, өз ойын білдіру, басқалардың пікіріне құрметпен қарау.

### **Мазмұны:**

#### **I жартыжылдық.**

#### **Жиын.**

Санның белгілі бір заттың өлшемін көрсететін көрсеткіш екендігі, жиын түрлі элементтерден құрылатындығы туралы түсінігін дамыту. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру.

#### **Сан, санау.**

Сөйлеген кезде математикалық терминдерді қолдана білуді қалыптастыру. 6 саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекілік негізінде 2, 3, 4, 5, 6 санының пайда болуымен таныстыру.

7 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету. 7-ден 10-ға дейінгі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды тану және атай білуді үйрету. Көрнекі негізінде 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыру. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға үйрету.

#### **Шама.**

Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей білуге, заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану.

Заттарды әртүрлі белгісі бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, арнаулы қолданылуы) салыстыруға үйрету. Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы, ені, биіктігі бойынша өлшеу, берілген өлшемдерге сәйкес бірнеше заттарды салыстыру.

Сөздерді: «үлкен - кішкентай», «артық - кем», «өлшемі бірдей», «ұзынырақ-қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары - төмен», «биіктігі бірдей», «тар - кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей; жеңіл, ауыр, салмағы бірдей; «пішіні бірдей және әр түрлі; түсі бірдей және әр түрлі, сөйлеу барысында қолдана білуді үйрету. Заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша заттарды ерекшелеу, бір-бірінің үстіне қою, беттестіру әдісін пайдаланып, жұптастыру тәсілімен салыстыру, заттарды салыстыруға үйрету.

#### **Геометриялық пішіндер.**

Дөңгелек және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақшамен таныстыру.

Геометриялық пішіндер (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, куб, цилиндр) дұрыс атап, оларды бір-бірінен ажырата білуге жаттықтыру.

Геометриялық пішіндерден модельдеуге үйрету, заттарды бірдей және әртүрлі бөліктерге бөлу, бүтін мен бөліктерді салыстыру, 8-10 бөліктен тұратын фигуралар жинақтау, ауызша сипаттау арқылы фигураларды құрастыру.

#### **Кеңістікте бағдарлау.**

Кеңістік ұғымдарын бекіту: заттың кеңестікте орналасуы (солға, оңға, жоғарыға, төменге); қозғалыс бағыттары: солдан оңға, оңнан солға, жоғарыдан төмен, алға, артқа, сол бағытта.

#### **Уақытты бағдарлау.**

Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Апта күндерін, жыл мезгілдерін атау, уақытты циферблат арқылы анықтауға үйрету.

#### **Салмақты бағдарлау.**

Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету.

#### **Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру.**

1-3 белгісі бойынша «артық» затты анықтау керек, басқатырғыштар мен пазл жинау, логикалық ойын тапсырмаларды орындау және т.б.

Сурет салуды үйрету. Торкөз дәптеріне нүкте, ою салуды, түзу және көлбеу таяқтар, қисық сызықтар мен сынық сызықтарды салуды үйрету.

#### **Күтілетін нәтижелер.**

##### **Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде I жартыжылдықта балалар:**

10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауды біледі;

заттарды әртүрлі белгілер бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыруды біледі;

жазық және көлемді геометриялық фигураларды анықтайды және атайды;

геометриялық пішіндерді және денелерді біледі және ажырата алады;

кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлайды, апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін кезектілігі бойынша атайды;

пазл жинайды, логикалық ойындар тапсырмаларын орындайды;

салмағы бойынша тең және тең емес заттарды алақанға салып өлшей отырып табуды біледі.

##### **II жартыжылдық**

##### **Жиын.**

Түпкілікті жиын және оның құрамдас бөліктері арасындағы қатынастарды орната білуді дамыту; бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші бөліктерді анықтау.

##### **Сан, санау.**

1) 10 саны көлеміндегі сандар мен цифрлар туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды танып және атай білуге үйрету. 10 көлеміндегі санды тура және кері санауға жаттықтыру;

2) «тең» туралы ұғымдарын қалыптастыру, топтағы әртүрлі заттардың тең мөлшерін анықтай білуге үйрету, топтарды санау мен салыстыру арқылы санның мағынасын дұрыс жалпылау;

3) затты бірнеше бірдей бөлікке бөлуге болатыны туралы ұғымды қалыптастыру, бұл бөліктерді атап, бүтін мен бөліктерді салыстыруға үйрету. Бүтінді түсінуге баулу (бөліктен бүтін үлкен, ал бөлік бүтіннен кіші);

4) қарапайым мысалдар мен есептерді шеше білу дағдыларын бекіту.

#### **Шама.**

Шартты өлшемнің көмегімен заттың шамасын салыстыруға үйрету Арнайы ұйымдастырылған жағдайда заттардың ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен), кең (тар), қалың (жұқа) үлгісінде және оларға тең екендігін таба білуге баулу.

#### **Геометриялық пішіндер.**

Айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай білуді меңгерту. Геометриялық пішіндер мен денелерді атап, ажырата білуге жаттықтыру.

Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді: ауызша сипаттау негізінде және олардың қасиеттерін атау арқылы фигуралар құрастыру; Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.

#### **Кеңістікте бағдарлау.**

Заттың қай жерде, қалай, өзіне немесе қай затқа жақын орналасқандығын ауызша жеткізе білуге үйрету.

Белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білуін қалыптастыру. Қағаз бетінде бағдарлай білу дағдысын бекіту.

#### **Уақытты бағдарлау.**

Түрлі оқиғалар, апта күндері, тәулік бөліктерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту. Жыл айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, олардың реттілігін білу және атау, уақытты циферблатпен анықтау.

#### **Салмақты өлшеу.**

Дүкендерде қолданылатын таразы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Заттардың салмағын өлшеуге қызығушылықтарын дамыту.

#### **Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды қалыптастыру.**

Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау.

Контурды **үзік сызықтармен сызуға және бояуға**, торкөз дәптерде, қағаз бетінде, жазықтықта бағдарлауға, графикалық диктанттарды берілген бағытта орындауға (есту арқылы) үйрету.

#### **Күтілетін нәтижелер**

##### **Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде II жартыжылдықта балалар:**

- жиынның құрамдас бөліктерін анықтауды үйренеді;
- 10 көлеміндегі сандар мен цифрларды және оларды тура және кері санауды біледі; қарапайым мысалдар мен есептерді шешеді, сөйлеген кезде заттардың саны мен шамасы бойынша арақатынастарын көрсететін математикалық терминдерді пайдаланады;
- геометриялық пішіндерді және денелерді біледі және ажырата алады;
- апта күндерін, айларды, жыл мезгілдерін кезектілігі бойынша атайды;
- заттарды салмағы бойынша анықтайды, заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес екендігін біледі.
- уақытты циферблат арқылы анықтайды;
- пазл жинайды, логикалық ойын тапсырмаларын орындайды;
- графикалық диктантты орындайды (есту арқылы).

5 жас мектепке дейінгі балалардың танымын дамытудың жаңа сатысы болып табылады. Бұл жаста балалардың танымдық жүйесі белсенді түрде дамиды. Бала бізді қоршаған ортадағы заттардың бәрінің арасында белгілі бір байланыс барын, олардың бір-біріне тәуелділігін түсіне бастайды. Сондықтан дәл осы уақытта баланың қоршаған орта мен әлемдегі құбылыстар туралы ұғымын реттеуге және толықтыруға көмектесу қажет.

5 жастағы баланың танымдық дүниесін дамыту ісінің міндеттері:

- баланың қоршаған орта туралы ұғымының молаюына және кеңейуіне ықпал ету;
- логикалық операциялардың (талдау, салыстыру, жинақтау, жіктеу) көмегімен алынған және жинақталған мәліметтерді жүйелендіру;

- балалардың бойында айнала қоршаған ортаға ұқыпты, байыпты көзқарас қалыптастыру.

Осы аталған міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін педагогтер төмендегі жайттарға көңіл бөлгені абзал:

- баланың танымдық белсенділігінің мәні;
- баланың танымдық қызметін басқару тәсілдері мен әдістері;
- заттық-дамыту ортасын қалыптастыру.

**«Математика негіздері» оқу әдістемелік кешенінің құрамы:**

1. Педагогтерге арналған әдістемелік нұсқау.
2. № 1, 2 жұмыс дәптері.
3. Демонстрациялық материалдар.
4. Математикалық жазулар.

**Әдістемелік нұсқау төмендегі бөлімдерді қамтиды:**

- 1) перспективтік жоспар;
- 2) ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарлары (36);
- 3) ҰОҚ-дегі билингвальді компонентті қамтамасыз ететін лексикалық минимум.

Бұл көрсетілген міндеттерді шешу үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің келесі кезеңдері арқылы жүйелі түрде өтуге мүмкіндік беретін, педагогтер мен балалардың іс-әрекеттерінің циклограммасы ретінде жобаланған.

**Бірінші бөлім** – *ұйымдастыру кезеңі* (өтілетін тақырып бойынша қуанышты сәт туғызу, оқу қызметіне эмоционалдық оң көзқарас құру).

**Екінші бөлім** – *негізгі кезең* (ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаттары мен міндеттерін шешуге бағытталған әдістер, тәсілдер және оқыту құралдары).

**Үшінші бөлім** – *рефлексия* (ойын техникасы арқылы өзін-өзі бағалауды қамтиды).

Мұндай бөлімдер педагогтің оқу қызметін нақты жоспарлауға, әр бөлімге дидактикалық материалдарды таңдауға, сонымен қатар оқу үрдісінде баладан келесі нәтижелерді күтуге болатынын анықтауға мүмкіндік береді:

**меңгереді:** ұйымдастырушылық-ізденістік бөлімінде нені үйренгенін (*танымдық аспект*).

**түсінеді:** мотивациялық-қозғаушылықты орнату (*тәрбиелік аспект*).

**қолданады:** білім мен дағдыларды (*дамытушылық аспект*).

**№ 1, 2 жұмыс дәптері.** Тапсырмалар жаңа тақырыпты бекітіп, оны балалардың қаншалықты түсінгенін тексеруге және өткенді пысықтауға бағытталған. Жұмыс дәптерін құрастыру барысында 5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері де ескерілді. Тапсырмалар логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамытуға, талдау, қорытынды жасау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді. Түрлі түсті иллюстрациялар, балаларға түсінікті және танымдық іс-әрекетке қызығушылығын оятады.

**Математикалық жазулар** балалардың даму деңгейіне байланысты сараланған жұмыстарға арналады. Педагог әр балаға жеке тапсырмалар таңдай алады.

**Демонстрациялық материалдар** жалпылама жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі.

### **Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік кеңестер**

«Таным» салаларының негізгі міндеті – мектеп жасына дейінгі балаларды таным-түсінігі қалыптасқан, айнала қоршаған ортаның біртұтастығын түсінетін және ақпаратты өмірлік маңызы бар проблемаларды шешуге қолдана білетін тұлға ретінде қалыптастыру. Қазіргі балалар түрлі дерек көздерінен келіп түсіп жатқан жан-жақты ақпарат ғасырында; компьютерлендіру заманында; ата-аналар өз балаларына цифрларды, санау мен есеп шығаруды мүмкіндігінше ертерек үйретуге тырысатын кезеңде өмір сүріп жатыр. Осындай жағдайда балабақшалардың жоғарғы тобындағы балаларда қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудың маңызы арта түседі.

Бұл әдістемелік жүйе математика негіздерін оқыту курсы ретінде жасалған, оқу қызметі ойын тәсілінде құрылған.

Нұсқаулықта ұсынылып отырған дидактикалық ойындар мен жаттығулар заманауи дамыту әдістемелерден алынған, аталған материалдар ұйымдастырылған оқу қызметінде

жаңа тәсілдермен ерекшеленеді, баланы тек тыңдаушы емес тікелей қатысушыға айналдырады.

Ойын – бұл жетекші іс-әрекет, мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуының алғышарты және оларды тәрбиелеу мен оқытудың негізгі құралдарының бірі.

Ойын барысында баланың психикалық процестерін қалыптастыру, дамыту және жетілдіру үшін қолайлы жағдайлар жасалады, танымдық міндеттер ойын тапсырмаларына айналады, ал ұйымдастырылған оқу қызметіне қатысу мотиві – баланың қызығушылығы болады.

Дидактикалық ойындар, жаттығулар, логикалық тапсырмалар мен ойын жағдайлары арқылы балалар шығармашылықпен ойлауға, математикалық терминдерді меңгеруге үйренеді.

Педагог әр тапсырманы ойын түрінде ойната біледі. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың табысты болуы ұсынылып отырған материалдың мазмұнына және көбінесе оның берілу тәсіліне байланысты. Математика негіздеріне бағытталған оқу қызметі баланың қарапайым бақылаушыдан белсенді қатысушыға айналуына ықпал етеді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің тәсілдері белгіленген міндеттерге қарай өзгеріп отыруы тиіс. Сондықтан оқу қызметін өткізудің әртүрлі нұсқаларын іздестірген жөн.

Жаңа материалды игеруді баланың білімін белсендіруден бастау қажет. Ол ойын түріндегі жаттығулар түрінде ұйымдастырылады және 2-5 минут уақыт алады.

Педагог ұйымдастырылған оқу қызметінің негізгі бөлігін ойын элементтерімен кезектестіріп отырады. Бірдей жаттығулар санын 2-3-ке дейін қысқартамыз. Балалардың шаршағаны біліне бастаған кезде сергіту сәтін өткіземіз. Әдетте ол оқу қызметінің 12-14-ші минутында өткізіледі. Оның мазмұны мүмкіндігінше оқу қызметінде атқарылатын жұмыспен байланысты болғаны дұрыс.

Оқу қызметінің соңында балалардың бүгін не үйренгені, нені білгені туралы есеп беруге үйрету қажет. Бұл балалардың өз білімі мен оқу қызметін дұрыс бағалау қабілетін дамытады.

Педагог жұмыс барысында оқытудың көрнекі, ауызша және тәжірибе түріндегі әдіс-тәсілдерін қолданады. Оның бәрі кешенді түрде қолданылуы тиіс. Балалар педагог берген танымдық тапсырманы түсінеді және берілген тапсырма бойынша әрекет ете алады. Яғни тапсырма беру арқылы балалардың танымдық белсенділігін оятамыз. Бұл жастағы балалардың бойында ақыл-ой операцияларын (талдау, синтез, салыстыру, жинақтау) дамытуға көбірек көңіл бөлу қажет. Балалар бұл операцияларды көрнекі материалдарға сүйене отырып орындайды. Бұл топта көрнекі құралдардың түрлері де көбейеді. Иллюстрациялық материалдар ретінде ойыншықтар мен айналадағы заттарды да қолдана беруге болады. Сонымен қатар картиналар, заттардың түрлі түсті және контурлық суреттері, геометриялық пішіндермен көбірек жұмыс істеу керек.

Математика негіздерін қалыптастыру барысында ауызша тәсілдердің рөлі артады. Педагог балалар білетін және олардың қолынан келетін дүниелерге сүйене отырып, жұмыстың жаңа тәсілдерін көрсету қажеттігін ескеріп отыруы тиіс. Қойылатын сұрақтар балаларды оқу қызметінде белсенділік танытып, өз бетінше жауап бере алатынын көрсетуге және белгілі бір тапсырманың түрлі шешу жолдарын іздестіруге итермелейді.

Педагог балаларға белгілі бір математикалық байланыстар мен қарым-қатынастарды әртүрлі тәсілдермен сипаттауды үйретеді. Сөйлеу барысында жаңа амал түрлерін пысықтау айтарлықтай маңызға ие. Үлестірмелі материалдармен жұмыс істеу барысында педагог балалардан белгілі бір нәрсені не үшін және қалай істеп жатқанын кезек-кезек сұрап отырады. Балалар өздері жасаған іс-қимылдарды сөзбен сипаттап беруді, оның мәнін ұғынуды үйренеді. Кез келген тапсырманы орындағаннан кейін балаларға сұрақ қойылады. Балалар нені қалай істегенін айтады және одан не пайда болғанын түсіндіреді.

## *Жиын, сан және есеп*

Ортаңғы топтан бастап баланың санасында бірдей және әртүрлі заттардан тұратын жиынтықтар туралы ұғым қалыптаса бастайды. Заттар жиынтығының санын анықтау жолдарын біледі. Заттар мен құбылыстар жиынтығының дұрыс қабылдануына қоршаған орта (көптеген адамдар, таныстар мен таныс емес жандар, көз алдында қозғалып жататын заттар, біркелкі қайталанатын дыбыстар) көмектеседі. Заттар мен құбылыстардың көптігін бала есту, көру және кинестетика және тағы да басқалар арқылы қабылдайды.

Мөлшер және есептеу жөніндегі ұғымдары санға дейінгі мөлшерлік қатынасты қалыптастырудан басталады: заттардың шамасы бойынша теңдік, теңсіздік; құрамына кіретін заттардың саны бойынша теңдік, теңсіздік. Бала «артық», «кем», «тең» деген математикалық қатынастарды түсіне бастайды. Содан кейін оны санауға үйретуге болады, он көлеміндегі сандар туралы, сандар тізбегі арасындағы байланыстар, жекелеген бірліктер мен екі аз санның сандық құрамы туралы түсінік береміз.

Мектепалды даярлық тобында сандардың жасалуы туралы ұғым қалыптастырылады. Мұны екі заттар жиынтығын сәйкестендіру арқылы көрсетуге болады. Балалар келесі санның алдыңғыдан, алдыңғы санның келесі саннан қалай шыққанын алу принципін ұғынуы тиіс. Ол үшін 2 жаңа сан, мысалы 5 пен 6 сандарын аламыз. Әрбір келесі санның қалай жасалатынын көрсету үшін алдыңғы санның қалай алынғанын қайталау қажет.

Санау мен салыстырылатын екі жиын элементтерін бір-бірлеп санау тәсілдерінің (өзара бірмәнді сәйкестік, яғни, А заттар жиынының әрбір элементіне В заттар жиынынан сәйкесінше бір сан сәйкес келеді) мәнін түсіну үшін «тең», «артық», «кем» байланысын анықтаған кезде заттарды санап, содан соң оларды санына қарай салыстыру қажет немесе 2 топтағы заттарды салыстырудың түрлі тәсілдерін (бір-біріне қойып салыстыру, эквиваленттер пайдалану) пайдалана отырып, бір-бірімен салыстырған жөн. А жиынының әрбір элементіне В жиынынан сәйкесінше бір сан сәйкес келеді. Бұл балалардың топтардың бірінде бір заттың артық қалғанын көруге, яғни оның көптігін байқауға көмектеседі (екіншісінде керісінше, бір зат жетпейді, яғни ол аз). Балалар көрнекілікке сүйене отырып сандарды салыстырады.

Топтарды теңестіру принципін балалар тәжірибе арқылы меңгереді. Яғни бір затты саны жағынан аз топқа қосу немесе саны жағынан көп заттан бір затты алып тастау арқылы үйренеді. Балалар әр санның қалай алынғанын (яғни қандай санға қандай сан қосқанда немесе қандай саннан қандай санды алып тастағанда пайда болғанын) әңгімелей біледі. Егер олар жауап беруге қиналып жатса, «Нешеу болды? Нешеуін қостыңдар (алдыңдар)? Енді нешеу болды?» деген сұрақтар қою қажет. Балалардың білімін пысықтау үшін ұжымдық жұмысты үлестірмелі материалмен жасалатын өзіндік жұмыстармен кезектестіріп отырған абзал.

Мектепалды даярлық тобында *заттарды санауға арналған жаттығулар* күрделене түседі:

- бірден әртүрлі заттардан құралған 2 топ құрастыруға арналған тапсырмалар («5 шеңбер мен 3 шаршыны санап, алып қойыңдар»);
- бірдей, бірақ түсі немесе көлемі жағынан айырмашылығы бар заттардан құралған 2 топ құрастыруға арналған тапсырмалар (7 үлкен және 8 кішкентай шеңбер);
- 2 топтағы заттарды санап қана қоймай, оларды белгілі бір жерге орналастыру: мысалы, қағаздың жоғары жағына, төменге, сол жағына, оң жағына, ортасына.

Мұндай тапсырмаларды орындамас бұрын педагог қағаз бетінен бір-біріне сәйкес келетін бөліктерді табу арқылы балаларды жаттықтырады.

Мектепалды даярлық тобындағы балаларға тапсырманы мұқият тыңдау, оны есте сақтау, тапсырманы нақты орындау мен оны қалай орындағанын, ол үшін не істегенін айтып беруді үйрету қажет. Бастапқыда толық та нақты жауап беру қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан бастапқы кезде педагог балаларға жетекші сұрақтар қою арқылы көмектеседі. Балаларды тапсырманы орындағанға дейін қайталауға үйретеді.



Санау қызметін дамыту үшін түрлі анализаторларды қатыстыра отырып санауға жаттықтыру қажет. Мысалы: дыбыстарды, қозғалысты санау, заттарды сипау арқылы санау.

Келесі санның жасалуын түсіндіріп болғаннан кейін балаларға дыбыстар мен іс-қимылды санауға арналған тапсырмалар ұсынылады. Сөйтіп, санау көлемі 10-ға дейін жеткізіледі.

Мектепалды даярлық тобында *заттарды сипап санауға* берілген жаттығулар біршама қиындатылады. Мәселен, көзін жұмып, түймелерді сипап санау; тастарды бір қолдан екінші қолға ауыстыру арқылы санап шығу. Бұл жерде оқу қызметіне балалардың бәрі қатысатындай тәсілдер таңдап алған тиімді.

*Дыбысты санау* жоғарғы топтарда санауға және заттарды санауға тікелей байланысты өткізіледі. Сондай-ақ балалар *қозғалысты санау және сонша рет қозғалуды* үйренеді. Балалар педагогтің немесе өзге заттардың қимыл-қозғалысын санайды. Содан соң өздері де көрсетілген үлгі бойынша және аталған санға қарай қозғалады. Педагог жаттығуларды ұйымдастырған кезде оған балаларды барынша көбірек қатыстыруға тырысуы керек. Балалар үшін аталған бағытта қадамын санап қозғалу өте пайдалы. Олар қозғала отырып, қадамын санауға үйренеді және кеңістікте бағдарлауға машықтанады.

Балаларға *санның заттың көлеміне, аумағы мен орналасқан жеріне бағынбайтынын* ұғындырудың маңызы зор. Яғни «Қанша?» деген сұраққа жауап бергенде заттың қай бағытқа қарай саналғаны маңызды емес. Балалар бұған: белгілі бір заттарды солдан оңға, оңнан солға; жоғарыдан төмен, төменнен жоғары қарай санау арқылы өздігінше көз жеткізуі тиіс. Кейін балаларға заттарды қатардағы ретімен ғана емес, әртүрлі тәсілдермен санауға болатыны айтылады (шеңбер бойынша, жұп-жұбымен санау, белгілі бір топқа бөліп санау). Белгілі бір заттарды әртүрлі тәсілдермен (3-4 тәсіл) санау арқылы балалар заттарды кез келген бағытта және кез келген заттан бастап санауға болатынын, бірақ бірде-бір затты санамай кетуге немесе екі рет санауға болмайтынын ұғынады.

Мектепалды даярлық топтарда *саны жағынан тең жиындар құрап, оларды салыстыруға арналған жаттығуларға* көп уақыт беріледі. Бұл жаттығулар арқылы балалар элемент саны бірдей жиындарға бір ғана натурал сан сәйкес келетінін ұғынады. Педагог тапсырманың әртүрлі нұсқаларын пайдалана алады [4].

Балалар қолдарындағы ойыншықтардың әр түрінен *неше ойыншық* барын түсініп, ойын жинақтауға үйренуі тиіс.

Бағдарламада 5 жасар балаларға *заттарды теңдей бөліктерге бөлуді* үйрету және бүтін мен бөліктердің байланысын анықтау қарастырылған. Әсіресе бүтінді бөліктерге бөлуді үйреткен кезде затты қимай, бүктеуден (ортасынан, 4 бөлікке) бастаған абзал. Себебі балалар қиған кезде заттың әр бөлігін бүтіннің бір бөлшегі деп емес, керісінше дербес нысан деп қабылдауы мүмкін. Бастапқыда бүтінді бөліктерге бөлу кезінде қағаздан жасалған геометриялық пішіндерді (көлемі жағынан әртүрлі шаршылар, шеңберлер, үшбұрыштар, яғни бүктеуге болатын заттар) пайдалануға болады. Бүтінді бөлу барысында балаларға бөліктің бүтін заттан кем, ал бүтіннің өз бөліктерінен үлкен болатынын түсіндіріп отырамыз.

Балалар затты қайшымен қимай, бүктеп бөлу арқылы бүтіннің неше бөлігі барын анықтайды. Мысалы, қағазды қақ ортасынан, содан соң тағы да ортасынан бүктеген кезде оны төрт бөлікке бөлуге болатыны белгілі болады. Егер ұзын жіпті ортасынан үш рет бүктесек сегіз бөлікке бөлінеді. Содан соң бөліктерді міндетті түрде қалпына келтіріп, бір-біріне жапсырып көрсету қажет. Себебі оқу қызметінің міндеті затты қиюда емес, бүтін мен оның бөліктерінің арасындағы байланысты анықтап, бір-бірімен теңдей әр бөліктің атын атап көрсетуде («жарты», «екіден бір бөлігі», «төрттен бір бөлігі»).

Мектепалды даярлық тобындағы балалардың *сан туралы түсінігі* нақтыланады. Оларды 10-ға дейінгі сандардың құрамымен таныстырамыз. Жекелеген элементтерден тұратын топтағы заттардың бір-бірінен айырмашылығы болғаны жөн (түсі, көлемі, т.б. жағынан). Сондықтан алдымен түрі бірдей, бірақ бояуы, көлемі немесе пішіні жағынан айырмашылығы бар заттар қолданылады. Мысалы, көлемі бірдей 5 шеңбердің суреті салынған: оның 3-еуі көк, 2-еуі қызыл. «Барлығы неше шеңбер? Бес болуы үшін – 2-ге

нешені қосамыз? Бес дегеніміз – 3 пен неше?». Содан соң қызыл және көк түсті шеңберлердің санын өзгертеміз (1 және 4, 2 және 3, 4 және 1).

Әр санның құрамын түсіндірген кезде педагог мынадай ойындар өткізеді: «8-ге неше сан жетпей тұр?», «Санды ... дейін толықтыр». Мысалы, «Менің қолымда 3 қарындаш бар, 6 болу үшін неше қарындаш қосу керек? Алты дегеніміз 3 пен неше?» деген сияқты сұрақтар қоюға болады.

5 жастан бастап балаларды *реттік сандарды* пайдалана білуге үйрете бастауға болады. Мұны заттың реттік санын оның сандық мәнімен салыстыру арқылы жүзеге асырамыз. Қанша зат екенін білу үшін, оларды бір, екі, үш, төрт, т.б. деп санаймыз. Ал заттың өзге заттар арасындағы орнын табу үшін «нешінші?» деген сұрақ қойып санаймыз: бірінші, екінші, үшінші, төртінші, т.б.

«Нешінші?» деген сұраққа жауап берген кезде санаудың қай бағытқа қарай жүргізілетіні өте маңызды. Реттік нөмірді анықтаған кезде солдан оңға қарай санаймыз, ал басқа бағытта санағанда санау бағытын көрсету қажет. Педагог осыны түсіндіргеннен кейін балалармен бірге заттарды әртүрлі бағытта санайды. Сөйтіп, заттың өзгелер арасындағы орнын анықтайды. Балалар белгілі бір заттарды қайталап санау арқылы заттың орнын анықтау үшін санау бағытын көрсету қажеттігін түсінеді (мысалы, сол жақтан үшінші, оң жақтан санағанда бесінші және т.б.).

Реттік санауды үйрету барысында педагог «Не өзгерді?» (ойыншықтардың орнын ауыстырамыз, бірінші тұрған зат үшінші орынға ауысты т.б.), «Қай ойыншық жоқ?» деген ойындарды пайдаланса болады. Педагог балалардың көзін жұмдырып, ойыншықты ақырын алып тастайды. Балалар көзін ашқаннан кейін қайсы ойыншықтың «жоғалғанын» табады.

Реттік санауды белгілі бір уақыт ішінде күн сайын үйретеміз. Балалар меңгеріп алғаннан кейін, бағдарламаның арасына пысықтау мақсатында енгізіледі. Реттік санауды жыл бойы қайталап отыру қажет.

10 көлеміндегі сандарды салыстыру жұмыстары да жүйелі түрде жүргізіледі. «Артық», «кем» деген қатынастардың бір-бірімен байланысын анықтау сандар арасындағы байланыстардың өзара кері сипаты туралы ұғым қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, 5 саны 4-тен артық: егер 4-ке 1-ді қоссақ, 5 шығады; 4 саны 5-тен кем; егер 5-тен 1-ді азайтсақ, 4 шығады.

Көлемі, орналасуы және т.б. жағынан бір-бірінен айырмашылығы бар заттар жиынтығын салыстыру арқылы, «тең», «тең емес», «артық», «кем» байланыстарын анықтауда заттарды бір-бірілеп салыстыру тәсілінің (бір-біріне қою, беттестіру т.б.) маңызды екендігін түсіндіреміз. Балалар бұл тәсілдерді салыстырып, 2 санның қайсысы артық, қайсысы кем екенін анықтау құралы ретінде пайдаланады.

Педагог балаларды жиынтықтарды теңестіруге жаттықтыруға көбірек көңіл бөлуі қажет. Балалар жиынтықты теңестіре отырып, аралас сандар арасындағы айырманы табады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға «теңсіздіктен теңдік шығаруды» ғана емес, «теңдіктен теңсіздік алуды» да үйретеміз. Олар сандарды көзге көрінетін және есту, сипау арқылы қабылданатын жиынтықтарды салыстыру негізінде салыстырады. Тапсырманы орындағаннан кейін бала қанша зат алып, қанша затты қосқанын ғана емес, неге сонша затты алғанын немесе қосқанын түсіндіруі тиіс (сандарды салыстыру).

Көрші сандарды салыстыру жұмыстары геометриялық пішіндердің, заттардың көлемін салыстыруға арналған жаттығулармен қатар жүргізіледі. Сөйтіп, педагог оқу қызметін түрлендіріп отырады. Сол арқылы баланың санасында заттардың белгілі бір тізбегі туралы ұғым қалыптасады және көрші сандар арасындағы өзара кері қатынастарды ұғады.

## *Шама*

Шама – мектеп жасына дейінгі баланы математикалық тұрғыдан дамытудың іргетасы. Бала заттың шамасын іс жүзінде салыстыру арқылы «артық – кем», «теңдік – теңсіздік» сынды сандық қатынастарды тани бастайды. Заттың шамасы туралы түсінік

қалыптастырылып, «ұзын – қысқа», «биік – аласа», «кең – тар», «артық – кем» қатынастарын түсіндіру балаларға жасырын математикалық тәуелділіктерді көрсетуге, олардың сан туралы білімін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Шамаларды салыстыруға арналған жаттығулар біртіндеп қиындай түседі. Балалар заттар арасындағы шама қатынастарын анықтап қана қоймай, осыған ұқсас мысалдар жасап шығады. Мысалы, бірі ұзын, ал екіншісі қысқа екі жолақтың суретін салады, қағаздан бірі үлкен, екіншісі кішкентай шеңберлер қияды. Балалар ұзындық өлшемдері туралы алған білімін сөйлеу барысында дұрыс қолдана біледі.

Балалардың бойында заттар арасындағы шама қатынастары туралы нақты түсінік қалыптастыру қажет. Мысалы, *ұзын, қысқалау, одан да қысқалау, ең қысқа* деген сияқты заттың өзгелер арасындағы орнын білдіретін сөздерді пайдаланамыз. Мектепалды даярлық топтағы балалар үшін көп затты (10 данаға дейін) салыстыру туралы тапсырмалар жеткіліксіз. Оларға заттарды қатарға жеке-жеке емес, жұбымен іріктеп, орналастыруға арналған жаттығулар береміз. Бір ғана емес, 2-3 өлшем арқылы ерекшеленетін заттарды пайдаланамыз. Бірдей заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай, сосын басқа белгісіне қарай бір қатарға орналастырамыз. Мысалы, заттарды алдымен биіктігінің өсуіне қарай, кейін қалыңдығына қарай орналастыруға болады.

Педагог балалардың көзбен шамалау қабілетін дамытуға тиіс. Балалар заттарды бір-бірінің үстіне қою, беттестіру, өлшеу сынды тәсілдерді игерді. Енді оларға соның арқасында көзбен шамалауды талап ететін күрделірек тапсырмаларды орындауға тура келеді. Бастапқыда олардан көзбен шамалау арқылы үлкен және кіші, үлгісі бірдей заттарды табуды сұраймыз. Үлгі ретінде әртүрлі заттарды пайдалануға болады. Сонымен қатар белгілі бір үлгіні заттарды ұзындығына, еніне, т.б. қарай салыстыру үшін пайдалануға болады. Әр өлшеген сайын балалар заттарды бір-бірінің үстіне қою, беттестіру тәсілдері мен өлшеу құралдарымен тексеріп, тапсырманың дұрыстығына көз жеткізуі тиіс.

Реттелген қатардың қасиеттері туралы өткенді бекіту үшін балалардан тапқырлық пен алғырлықты талап ететін жаттығулар қолданылады. Мысалы, ұзындығы әртүрлі алты-сегіз жолақ береміз. Оларды ұзындығына қарай үйлестіріп қоюға болмайды. Өйткені олардың арасында ұзындығы бірдей екі жолақ бар. Балалар осы ерекшелікті анықтауы тиіс.

Сонымен қатар аралық элементтен бастап қатар құру, қатардағы түсіп қалған немесе басы артық элементтің орнын табу, қатарға аралық элементтерді орналастыру сынды тапсырмалар беруге болады. Педагог әр тапсырманы ойын түрінде ойната біледі. Ол үшін «Тауып көріндерші, қайсысы түсіп қалды?», «Қайсысы артық?», «Не жетпей тұр екен?», «Енді не өзгерді, балалар?» деген сияқты сұрақтар қоюға болады [5].

Реттелген қатарды құру барысында мына ережені ұмытпаған жөн: заттарды өлшеп қойып көруге немесе олардың орнын ауыстыруға болмайды. Қатарға қойылатын әрбір элементті балалар көзбен шамалап қоюы тиіс.

Балаларға белгілі бір заттың өлшемін анықтауға арналған тапсырма беріледі. Мысалы: қақпаның, шарбақтың, баланың үстелінің биіктігін өлшеу; үлгіден артық, кем, ұзын, қысқа немесе оған тең заттың атын атау; қарындаш, тостаған, доптың мөлшерін анықтау және оларды бұрын көріп жүрген заттарымен салыстыру; бірі екіншісінен ұзын (қысқа), кең (тар), биік (аласа) болатын 2 заттың атын атап беру.

Оқу жылының соңында мектепалды даярлық топтағы балалар заттың ұзындығын, енін, биіктігін анықтап қана қоймай, оның салыстырмалы көлеміне баға беруі тиіс. Шама қарапайым математикалық іс-әрекеттер нысанына айналады. Балалар оның қасиеттері туралы нақты түсініктер ала бастайды.

### *Геометриялық пішіндер*

Балалар геометриялық пішіндермен ерте жаста танысқан болатын. Педагогтің негізгі міндеті – балаларды өздері білетін геометриялық пішіндердің қарапайым белгілерімен және ерекшеліктерімен барынша тереңірек таныстыру.

Бұл топтағы балалар шеңбер, шаршы, үшбұрыш пен тіктөртбұрышты ажырата алады. Сонымен қатар аталған жазық пішіндердің көлемі мен түсі әртүрлі болуы мүмкін екенін жақсы біледі. Балалар шар, текше, цилиндр тәрізді көлемді денелермен де жақсы таныс. Бұл формалардың бәрі балаларды қоршаған ортада көптеп кездеседі. Сондықтан олардың атын дұрыс атап көрсетуге үйреткен дұрыс.

Математика негіздері оқу қызметінде балаларды пішіні жағынан бір-біріне жақын пішіндерді (шеңбер, сопақша) ажыратуға, білетін пішіндеріне қарапайым талдау жүргізе білуге, олардың кейбір қасиеттерін көрсетіп, сипаттап беруге үйретеміз. Балалар пішіндер мен олардың үлгілерін танып қана қоймай, айналадан соларға ұқсайтын заттарды табуды үйренеді [6].

Балаларға таныс пішіндерді әртүрлі белгілеріне қарай жинақтауды үйретуге де болады. Мысалы, балаларға көлемі мен түсі әртүрлі жазық пішіндерді (шеңбер, сопақшалар, түрлі үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар) туыстық белгілеріне қарай топтастыруды үйретеміз:

– екі топты бөліп көрсет: дөңгелек және бұрыштық пішіндер;

– мына үш топты көрсет: дөңгелек пішіндер, төрт төбесі мен бұрышы және қабырғасы бар пішіндер, үш төбесі, бұрышы және үш қабырғасы бар пішіндер; ал әр түрдің ішіне пішіннің көлемінің өсуіне немесе кемуіне қарай орналастырындар.

Педагог үлгілерді зерттеу барысында сезім-қозғалыс тәсілдерін белсенді түрде пайдалануы қажет. Балалар пішіндерді саусақпен бастырып сызады, олардың бір-бірінен айырмашылықтарын анықтау үшін бір-біріне қою және беттестіру тәсілдерін қолданады. Пішіндердің элементтерін санап, бір түрлі, бірақ түсі мен көлемі әртүрлі пішін үлгілерінің қабырғалары мен бұрыштарын салыстырады. Сондай-ақ шаршы, үшбұрыш, тіктөртбұрыш пен төртбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарын санайды. Сонымен қатар оларды басынан бастап элементтерді дұрыс атап көрсетуге дағдыландырған жөн. Пішіннің төбесі дегеніміз – нүкте. Балалар қабырғалардың қосылатын жеріне саусағын қояды немесе таяқшаны тигізуі тиіс. Көпбұрыштың қабырғалары – кесінді. Балалар бір төбеден екінші төбеге дейін кесіндіні бойлай қолымен сызып шығуы тиіс. Бұрыш – жазық пішіннің екі сәуле (қабырға) арасындағы, бір нүктеден (төбе) тарайтын бөлігі. Педагог бұрышты көрсеткен кезде таяқшаны қабырғаның біріне қойып, екіншісіне қосылған жерге дейін сызып көрсетеді. Балалар да қайталайды.

Пішіндер туралы ұғымды бекіту үшін ортаңғы топта қолданылған тәсілдерге қосымша жаңа әдістер қолданылады. Мысалы, балалар пішінді түрлі тәсілдерді қолдана отырып бірнеше бөлікке бөледі, бөліктерден бүтін пішін құрастырады. Бір пішіннен екінші пішін құрастырады, ұзындығы әртүрлі таяқшалардан қабырғаларының арақатынасы әртүрлі пішіндер құрастырады, ермексаздан текше, шар, цилиндр тәрізді кеңістік пішіндерін жасайды.

Оқу қызметі барысында дидактикалық ойындар мен көрнекілік материалдарды кеңінен қолдану жоғарғы топтағы балалардың геометриялық пішіндер туралы ұғымын жинақтауға және молайтуға мүмкіндік береді.

Балаларды таныс пішіндерді әртүрлі белгілеріне қарай жинақтауға итермелейміз. Ол үшін әр баланың қолына геометриялық пішіндер жиынтығы (сопақшалар, әртүрлі үшбұрыштар, шаршылар, тіктөртбұрыштар, балалар атауын білмейтін трапеция, ромб сынды өзге де төртбұрыш түрлері) салынған хатқалта беріледі. Балалар осы пішіндерді түсі мен пішініне қарамай, шама белгісі бойынша; шамасы мен түсіне қарамай, пішіндік белгілері бойынша; пішіні мен шамасына қарамай, түсі бойынша топтастырады. Содан соң оларды дөңгелек және бұрышты пішіндер деген екі топқа бөлуі тиіс. Тапсырманы орындау барысында балалар өз әрекеттерін сөзбен түсіндіріп отыруы тиіс.

Балалар карточкаларды заттың белгілеріне қарай топтастыру туралы тапсырманы құлшыныспен орындайды. Олар әртүрлі картиналарды қарап шығып, суреттің контурын саусағымен сызып шығады. Бұл суреттегі заттардың пішінін (дөңгелек пішінді: шеңбер, алма, дөңгелек, доп; сопақ пішінді: жұмыртқа, қияр, қараөрік, қауын және т.б.) анықтауға көмектеседі.

Балалардың таныс геометриялық пішіндер мен денелер туралы ұғымын нығайту үшін түрлі дидактикалық ойындар ұйымдастыруды ұсынамыз.

«Ғажайып қапшық» ойыны мектеп жасына дейінгі балалардың бәріне жақсы таныс. Ол заттардың геометриялық пішінін зерттеуге көмектеседі, балалар пішіндерді ажыратуға жаттығады. Қапшықта геометриялық пішіндердің үлгілері бар. Бала оларды зерттеп көреді, қолымен сипайды, содан соң көрсеткісі келіп тұрған пішіннің атын атайды. Ойынды аздап қиындатуға да болады. Ол үшін жүргізуші «ғажайып қапшықтың» ішінен белгілі бір пішінді табу жөнінде тапсырма береді. Балаға тиісті пішінді тапқанша бірнеше үлгіні зерттеп көруге мүмкіндік беріледі. Бұл тапсырма алдыңғыға қарағанда жай орындалады. Сондықтан, әр баланың «Ғажайып қапшыққа» қолын салып, ойынды ойнауына мүмкіндік беру жағын ойластырыңыз. «Ғажайып қапшық» ойынын геометриялық денелердің үлгісімен, нақты геометриялық пішіні бар заттармен өткізуге болады.

Жаңартылған бағдарламада балаларға фигураларды тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөліктерді салыстыру, бөліктерден фигуралар жасау ұсынылады. Осы мақсатта әртүрлі түрдегі геометриялық конструкторларды қолдануға болады. Мысалы, тең бөліктерге бөлу үшін «Геометриялық мозаика» ойыны қолданылады. Оны картоннан оңай жасауға болады, содан кейін ою-өрнектер мен фигураларды орналастырады. Сондай-ақ, оның бөліктерінен фигура жинауға болады [7].



Тең емес бөліктерден пішіндерді жинау үшін, «Танграмм», «Жапырақ» және т.б. дәстүрлі ойындар бар. Сондай-ақ, балалар ауызша сипаттама беру бойынша модельдеуі керек. Бұл келесі нұсқаулар болуы мүмкін: үш таяқшаны алыңыз, қандай пішін жасауға болады? Сондай-ақ, «Геометриялық пішін туралы айтыңыз», «Шаршы неге айналмайды?» тақырыптарында пішіндер туралы өлеңдер мен ертегілерді алып, сұхбат жүргізуге болады.

### ***Кеңістікте бағдарлау***

Мектепалды даярлық тобында тәрбиеленуші үшін уақытты бағдарлаудың маңызы өте зор. Себебі ол – заттардың шамасын, пішінін, орналасқан орнын анықтаумен тығыз байланысты дүние. Балалар оң және сол қолын ажыратып, заттардың орналасқан бағытын (жоғарыда, төменде, алдында, артында, сол жақта, оң жақта) анықтау қабілетіне ие болады. Бұл топтағы балалар заттардың өзінің қай жағында тұрғанын анықтап қана қоймай, оларды сол бағытта орналастырып шығуға қабілетті [8].

Уақытты бағдарлауды балалар өзінен бастауы тиіс. Олар алдымен өзін заттың орнына ойша қойып көруі тиіс. Иллюстрациялық материалдар ретінде ойыншықтар мен айналадағы заттарды да қолдана беруге болады. Ол үшін заттың бағытын анықтап алуы тиіс. Содан соң балалар бір-бірінің оң жағы мен сол жағын табуды үйренеді. Мысалы: оң қолы мен сол қолы қайда, содан соң қуыршақ пен қоянның кеудесі қайсы және т.б. анықтайды.

Басты міндет – балалардың бойында заттың өзге заттың қай жағында орналасқанын анықтай алу қабілетін дамыту. Мысалы: үстелдің оң жағында, ал тақтаның сол жағында және т.б.

Мектепалды даярлық топтардағы балалардың кеңістікте бағдарлау қабілетін дамыту үшін педагог мынадай жаттығуларды пайдалана алады:

- дидактикалық суреттерді қарап шығу және ондағы заттардың орналасу орнын сипаттап беру;
- әртүрлі орналасқан, бірақ біртектес заттары бар суреттерді жұптастыру;
- дене шынықтыруға арналған жаттығулар; балалар бұл жаттығулар кезінде белгілі бір белгі бойынша қозғалыс бағытын өзгертуді, өзінің белгілі бір заттың қай жағында тұрғанын суреттеп беруді үйренеді.


ҰОҚ барысында түрлі дидактикалық ойындарды пайдалануға кеңес береміз.

**«Не қайда тұр?» ойыны.** Балалардың алдына әртүрлі заттар қойылады. Оларды ойдағы шаршының бұрыштарына және ортасына орналастырамыз. Жүргізуші балалардан қоянның артында және қуыршақтың алдында немесе тұлкінің оң жағында және қуыршақтың алдында тұрған заттың атын сұрайды.

**«Не өзгерді?» ойыны.** Үстелде бірнеше зат жатыр. Балалар олардың қалай орналасқанын жаттап алады. Содан соң көздерін жұмады. Ал педагог бір-екі заттың орнын ауыстырады. Көзін ашқаннан кейін балалар қандай өзгерістер болғанын, заттың бұрын қайда тұрғанын, қазір қай жерде тұрғанын атап көрсетеді. Мысалы, қоян мысықтың сол жағында тұрған, енді ол оның оң жағында тұр немесе қуыршақ аюдың оң жағында тұр еді, енді ол алдына шығып кетіпті және т.б.

**«Ұқсасын тап» ойыны.** Балалар педагог көрсеткен заттардың суреті салынған картинаны іздейді. Содан соң заттардың қалай орналасқанын суреттейді: «Сол жақта бірінші піл, оның артында маймыл, ең соңында аю тұр» немесе «Ортасында үлкен шәйнек, оның оң жағында көгілдір тостаған, сол жағында қызғылт тостаған тұр».

**«Өз өрнегің туралы айтып бер» ойыны.** Әр баланың қолына ою-өрнегі бар сурет (кілемше) беріледі. Балалар өрнектердің қалай орналасқанын айтып беруі тиіс: жоғарғы оң жақ бұрышта – шеңбер, жоғарғы сол жақ бұрышта – шаршы, төменгі сол жақ бұрышта – сопақша, төменгі оң жақ бұрышта – тіктөртбұрыш, ортасында – үшбұрыш.



Балалардан өздері сурет оқу қызметінде салған өрнек туралы айтып беруді сұрауға болады. Мысалы, ортасында – үлкен шеңбер, одан сәуле шашырап тұр; әрбір бұрышта – гүлдер, жоғары мен төмен жағында – толқынды сызықтар, оң жақ пен сол жақта жапырақтары бар толқынды сызық сызылған.

**«Суретші» ойыны.** Ойын кеңістікте бағдарлау қабілетін дамытуға, заттардың кеңістікте орналасқан орнын анықтайтын терминдерді бекітуге арналған. Үлкен немесе шағын топтармен өткізуге болады. Жүргізушінің рөлін педагог өзі атқарады. Педагог балаларға сурет салуды ұсынады. Оның сюжетін бәрі бірге ойластырады: қала, бөлме немесе хайуанаттар бағы, т.б. Содан соң әрқайсысы өзі ойластырған картинаның белгілі бір элементі туралы, оның басқа заттардың қай жағында, қай жерде орналасуы керектігін айтып береді. Педагог картинаны балалар айтқан элементтермен толықтырады. Суретті тақтаға бормен немесе үлкен параққа фломастермен саламыз. Оның ортасына үйдің суретін (сурет қарапайым және балаларға түсінікті болуы шарт), үйдің шатырының үстіне мұржаның суретін саламыз. Мұржадан түтін шығып тұр. Тапсырма бойынша жоғарыда, төменде, сол жағында, оң жағында, артында, алдында, ортасында, жанында, қасында, т.б. сөздерді пайдалану қажет.

**«Ойыншықты тап» ойыны.** Педагог: «Балалар, түнде біздің топта ешкім болмайды емес пе? Сол кезде бізге Карлсон келіп, сендерге сыйлыққа ойыншықтар тастап кетіпті. Карлсон әзілдегенді ұнатады. Сондықтан ол ойыншықтарды жасырып кетіпті. Мына хатта ол қай ойыншықты қай жерден табуға болатынын жазыпты. Кәне, хатты оқимыз». Хатқалтаны ашып оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұрып, тіке жүресіңдер». Балалардың бірі тапсырманы орындайды, қорапта ойыншық мәшине жатқан шкафқа жақындайды. Екінші бала келесі тапсырманы орындайды. Терезеге жақындап, солға бұрылады. Перденің артынан қуыршақты табады.

**«Бөлмеге саяхат» ойыны.** Педагог балаларға Буратиноның тапсырмаларын береді: «Терезеге жақындап, оңға қарай үш қадам жасаңдар». Бала тапсырманы орындайды. Егер дұрыс орындаған болса, жүргізуші жасырылған кәмпиттің қағазын табуға көмектеседі. Балалар қозғалыс бағытын сенімді түрде өзгерте алмайтын болса, бағыт саны екеуден аспауы тиіс. Бағытты өзгерту жөніндегі тапсырмалар санын кейін біртіндеп көбейтіп отыруға болады. Мысалы: «Алға бес қадам жүр, солға бұрыл, екі қадам жоғары жүр, оңға бұрыл, соңына дейін жүр, солға бір қадам жаса».

### ***Уақытты бағдарлау***

Уақыт – абстрактілі ұғым, сондықтан оны балалардың меңгеруі қиындық тудырады. Уақыт ұғымдарын балалар өз іс-әрекеті, үлкендердің белгілі бір уақытқа қатысты іс-қимылдары, объективті көрсеткіштерге (күн, жарық, табиғат құбылыстары) баға беру арқылы ұғынады.

Уақыттың таңертең, күндіз, кеш, түн сияқты мезгілдері туралы ұғымын нығайтамыз. Олар уақыт сырына өз іс-әрекеттері (таңертең – балабақшаға бару, түсте – түскі ас ішу, т.б.) арқылы ғана емес, күрделі уақыт көрсеткіштері – табиғат құбылыстары (таңертең күн шығады, уақыт өткен сайын жарық бола түседі, т.б.) арқылы қаныға түседі. Уақыт мезгілдері туралы түсінікті нығайтуға «Біздің бір күніміз», «Бірінші қайсысы? Кейін қайсысы?», «Қайсысы ерте? Қайсысы кейін?» деген дидактикалық ойындар көмектеседі [9].

Кейін балаларды апта күндерімен таныстыруға болады. Балалар алдымен ересектер күндіз деп атайтын тәуліктер бірінің орнына екіншісі келіп ауысып жататынын білді. Осындай жеті күн немесе жеті тәулік бір аптаны құрайды. Аптаның әр күнінің өз атауы бар. Аптадағы күндер де үнемі белгілі бір рет бойынша жүреді. Мысалы: дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Аптадағы күндердің атауларын балалардың белгілі бір әрекеттерімен байланыстыруға болады. Мысалы, бейсенбі сайын сендерде денешынықтыру, жұмада музыка сабағы болады, т.б. Педагог күн сайын «Бүгін қандай күн?» деп сұрайды. Содан соң кеше аптаның қай күні болғанын, ертең қандай күн болатынын түсіндіреді. Жиі-жиі апта күндерін ретпен атап беруді сұрап отырады. Белгілі бір күнді атап, соның алдында немесе содан кейін қандай күн тұрғанын сұрайды. Аптадағы күндердің ауысу барысын қадағалау арқылы балалар уақыттың бір орында тұрмайтынын түсінеді, оның қалай қозғалатынын ұғады: күн артынан күн, апта артынан апта өтеді. Балалар уақыттың тоқтамайтынын, «жылдың айналып тұратынын» айта бастайды: күз болып еді, өтіп кетті, енді тағы да айналып күз келді. Өткен аптада дүйсенбі болып еді, жеті күннен кейін дүйсенбі тағы қайтып оралды.

Балалардың уақыт терминдерін жиі пайдалануына ауызша дидактикалық ойындар мен ойын түріндегі жаттығулар көмектеседі. Мысалы, «Әрі қарай жалғастыр!» ойынын алайық. Бұл жаттығуды доп ойыны түрінде өткізуге болады. Балалар шеңберге тұрады. Педагог қысқа сөз тіркесін айтып допты лақтырады. Доп тиген бала соған сәйкес келетін уақытты атауы тиіс. Мысалы, педагог допты лақтырғанда: «Сурет оқу қызметі...» десе, балалардың бірі: «... ертең болады» деуі керек және т.б.

**«Жанды апта» ойыны.** Ойынға 7 бала қатыстырылады. Олардың қолына аптаның күндері жазылған түрлі түсті шеңберлер ұстатамыз. Содан соң балалар апта күндерінің реті бойынша қатарға тұруы тиіс. Кейін ойынды қиындатуға болады. Мысалы, балалар аптаның кез келген күнінен бастап қатарға тұруы тиіс.

**«Жыл он екі ай» ойыны.** Балалар шеңбер құрып тұрады. Жүргізуші допты лақтырады және түрлі сұрақтар қояды: «Ақпан нешінші ай? Жыл қандай аймен аяқталады? Қазаннан кейінгі ай қалай аталады? Жаз айларын айтып бер» және т.б. Сұраққа жауап берген адам басқа сұрақ қойып, допты басқа ойыншыға лақтырады. Бұл ойындар балалардың аптадағы күндерді, айларды, олардың ретін, «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарының мәнін оңай жаттауына көмектеседі.

### ***Циферблат бойынша уақытты анықтау***

Балаларға уақытты көрсету үшін сағат циферблаты үлкен болу керек (онда барлық сандар болуы тиіс). Балаларға сағатпен тәжірибе жасауға мүмкіндік беріңіз: сағат тілінің таяқшасын өз бетінше қозғауға, таяқша қай бағытта қозғалатынын қадағалаңыз. Қысқа және жуан таяқша сағаттың уақыт бірліктерін көрсететін тілдері болып келетінін айтыңыз, сондықтан оны сағат деп атайды. Ұзын және жіңішке тілдері минутты санайды, оны минут деп атайды. Бұл тілдер әртүрлі жылдамдықта қозғалады: бір сағат ішінде минуттық тіл шеңбер жасайды, ал сағат тілі бір цифрдан екінші цифрға ауысады.

### ***Салмақты бағдарлау***

«Масса» және «салмақ» ұғымдарын қалыптастыру «барикалық сезімді» дамытуға негізделеді (грек тілінен аударғанда «барос» – «салмақ»). Адамдардың заттың салмағын анықтаған кезде оны алақанына салып «өлшеуі» бекер емес.

Заттардың массасын салыстыруға арналған жаттығулар сезіну және қозғалыс анализаторларын (тактильді-кинестетикалық анализаторларды) жетілдіруге ықпал етеді. Заттың салмағы көзбен көру, сезіну және қозғалыс анализаторы арқылы қабылданады. Балалар заттармен жұмыс істеген кезде осы анализаторлардың арасында өзара байланыс пайда болады. Мектепалды даярлық топтағы балаларда заттың массасын сөзбен айтып жеткізуге деген қызығушылық туындайды (балалар «ауыр зат», «салмақ» дейді). Бірақ олардың сөздік қоры әлі толық қалыптаспаған. Балалар бірте-бірте заттардың салмағын үлгі бойынша салыстыруды үйренеді. (Формирование элементарных математических представлений у дошкольников. /А.А. Столярдың редакциялауымен. – М.: Просвещение, 1988.)

Мектепалды даярлық тобында заттарды «қолмен өлшеу» арқылы салыстыру нәтижесін тексеру үшін екі табағы бар қарапайым таразыны пайдалануға болады. Таразының қай жағына салмағы ауыр зат салынса, сол жағы басып кетеді. «Қолмен» және таразымен өлшеу нәтижелерін салыстыруға болады. Ондайда балалар арнайы құралмен өлшеудің артықшылығын сезінеді.

Балалардың «салмақ сезімін» дамыту үшін көлемі мен пішіні бірдей, бірақ әртүрлі материалдардан (темір, ағаш, резеңке, целлулоид, поролон) жасалған заттарды пайдаланған жөн.

Балаларға заттың салмағы көлеміне бағынбайтынын мысал түрінде көрсеткен дұрыс. Мысалы, үлкен әуе шарын кішкентай ағаш немесе металл шармен салыстырып көрсетуге болады [11].

Балаларға заттың салмағын өлшеуге деген қызығушылығын «Дүкен», «Көгөніс базары» деген сияқты тағы да басқа дидактикалық және сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы дамытуға болады.

### ***Логикалық жаттығулар***

#### ***Логикаға арналған ойын тапсырмалары***

Логикалық ойлауды дамытуда, бұл жастағы бала: логикалық қорытынды жасауды; көптеген ұсынылған заттардың ішінен артық затты алып тастауды; көптеген ұсынылған заттардың ішінен топтарға бөліп, ортақ белгісін табуды; ұсынылған суреттер арқылы әңгіме құрастыруды; әңгімені аяқтай алуды; теорияны тәжірибеде қолдануға болатындығын білу керек.



Дереккөз: <http://profymama.com/razvivalochka/logika/igry-dlya-detej-5-6-let-razvivayushhie-logiku.html>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дәптерге логикалық тапсырмалар мен ойжұмбақтар түрлері қосылған:

- «артық» затты тап;
- заттардың ұқсастығы мен айырмашылығы неде (заттар тобының);
- кеңістіктегі орнын анықта;
- «тізбекті» жалғастыр және т.б.

Торкөздегі графикалық диктанттардың заңдылығын белгілей отырып біріктіруге болады. Торкөз дәптерге нүкте, өрнек, түзу және көлбеу таяқтар, қисық сызықтар мен сынық сызықтарды салуды үйрету.

Бұл нұсқаулық педагогтерге «Математика негіздері» пәнін оқыту циклінде балалармен жұмысты ұйымдастырудың барлық мәселелеріне көмектеседі деп сенеміз. Сәттілік тілейміз.

*Ізгі ниетпен, авторлар.*

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің  
перспективтік жоспары**

ҰОҚ №	ҰОҚ-нің тақырыбы	ҰОҚ-нің мақсаты мен міндеттері
1	Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау	<p><b>Мақсаты:</b> кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.</li> <li>2. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.</li> </ol>
2	Біреу – көп	<p><b>Мақсаты:</b> заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.</li> <li>2. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
3	Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру	<p><b>Мақсаты:</b> заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дара заттарды бөлуді үйрету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру; «бір» (біреу) терминдері, бір заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын және «бірнеше» («көп») топтың жиынтығын білдіретіндігін ұғындыру. Заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша заттарды ерекшелеу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.</li> <li>2. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
4	1 саны және цифры. 2 саны және цифры	<p><b>Мақсаты:</b> 1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. 1 және 2 цифрларымен таныстыру; заттарды санауға, сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттарды жіктеу біліктілігін бекіту, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты ерекшелеу.</li> <li>2. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимылдарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын</li> </ol>

		<p>дамыту.</p> <p>3. Дербестікке тәрбилеу.</p>
5	<p>3 саны және цифры.</p> <p>4 саны және цифры.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелеу.</li> <li>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
6	<p>5, 6 сандары және цифрлары.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> 5 және 6 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету.</li> <li>2. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату қабілетін; зейін, есте сақтау, сөйлеуін дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
7	<p>7, 8, 9 сандары және цифрлары.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді үйрету. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту.</li> <li>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
8	<p>10 саны.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету.</li> <li>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
9	<p>Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.</p>	<p><b>Мақсаты:</b> заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету. Сөйлеу барысында «үлкен – кішкентай», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру.</li> <li>2. Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>

10	Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.	<p><b>Мақсаты:</b> ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату.</li> <li>2. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
11	Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.	<p><b>Мақсаты:</b> геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Геометриялық фигура – тіктөртбұрышпен таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.</li> <li>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
12	Дөңгелек және сопақша.	<p><b>Мақсаты:</b> сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелеу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.</li> <li>2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
13	Шар, текше, цилиндр.	<p><b>Мақсаты:</b> геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға үйрету.</li> <li>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</li> </ol>
14	Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең.	<p><b>Мақсаты:</b> уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау:</li> </ol>

		<p>таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау.</p> <p>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.</p> <p>3. Ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>
15	Апта күндері.	<p><b>Мақсаты:</b> апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>1. Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.</p> <p>3. Дербестікке тәрбиелеу.</p>
16	Жыл мезгілдері.	<p><b>Мақсаты:</b> айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атауға білімдерін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>1. Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту.</p> <p>2. Зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>3. Дербестікке баулу.</p>
17	Ауыр. Жеңіл.	<p><b>Мақсаты:</b> заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>1. «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.</p> <p>2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>
18	Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.	<p><b>Мақсаты:</b> салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>1. «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.</p> <p>2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p> <p>3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p>
19	Бүтін және бөлік.	<p><b>Мақсаты:</b> «бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <p>1. Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды</p>

		салыстыру. «+», «-» таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту. 2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. 3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.
20	Артық, кем, тең.	<b>Мақсаты:</b> «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. <b>Міндеттері:</b> 1. Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту. 2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. 3. Дербестікке тәрбиелеу.
21	10 көлемінде тура және кері санау.	<b>Мақсаты:</b> 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру. <b>Міндеттері:</b> 1. Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету. 2. Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту. 3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.
22	Заттар тобын салыстыру және санау.	<b>Мақсаты:</b> теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру. <b>Міндеттері:</b> 1. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту. 2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. 3. Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.
23	Заттың бірнеше тең бөліктері.	<b>Мақсаты:</b> заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру. <b>Міндеттері:</b> 1. Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік». 2. Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын

		<p>дамыту.</p> <p>3. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.</p>
24	Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару.	<p><b>Мақсаты:</b> қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.</li> <li>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Дербестікке баулу.</li> </ol>
25	Шартты өлшем.	<p><b>Мақсаты:</b> шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдарды шығару дағдыларын бекіту.</li> <li>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Дербестікке баулу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.</li> </ol>
26	Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. Тең заттар.	<p><b>Мақсаты:</b> шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.</li> <li>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.</li> <li>3.Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.</li> </ol>
27	Геометриялық фигуралар және денелер.	<p><b>Мақсаты:</b> геометриялық фигуралар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Фигуралардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.</li> <li>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.</li> <li>3. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.</li> </ol>

28	Геометриялық пішіндегі заттар.	<p><b>Мақсаты:</b> геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптасатыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.</li> <li>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.</li> <li>3. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.</li> </ol>
29	Не неге ұқсайды?	<p><b>Мақсаты:</b> қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табу қабілетін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.</li> <li>2. Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға үйрету. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Дербестікке баулу.</li> </ol>
30	Кім қайда тұр?	<p><b>Мақсаты:</b> кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптасатыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; «жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада» терминдерін пайдалануға жаттықтыру. Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту.</li> <li>2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Дербестікке баулу.</li> </ol>
31	Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта.	<p><b>Мақсаты:</b> кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту.</li> <li>2. Зейін, жад, сөйлеу дағдысын, логикалық ойын тапсырмаларын орындау білігін дамыту.</li> <li>3. Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.</li> </ol>
32	Жыл мезгілдері. Жыл айлары.	<p><b>Мақсаты:</b> уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.</p>



		<p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту.</li> <li>2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Дербестікке баулу.</li> </ol>
33	Апта күндері. Тәулік бөліктері. Циферблат бойынша уақытты анықтау.	<p><b>Мақсаты:</b> уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету.</li> <li>2. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Дербестікке баулу.</li> </ol>
34	Таразы.	<p><b>Мақсаты:</b> заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру. Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару дағдыларын бекіту.</li> <li>2. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</li> <li>3. Дербестікке баулу.</li> </ol>
35	Өлшеу.	<p><b>Мақсаты:</b> заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту.</li> <li>2. Зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту.</li> <li>3. Дербестікке баулу.</li> </ol>
36	Нені білеміз, нені жасаймыз.	<p><b>Мақсаты:</b> алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.</p> <p><b>Міндеттері:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту.</li> <li>2. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған</li> </ol>

		ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. 3. Дербестікке баулу.
	Барлығы: 36 сағ.	

## Ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарлары

### №1

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.

**Мақсаты:** кеңістіктік қарым-қатынастарды орнату білігін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау.
2. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
3. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді: жоғары, төмен, оң жақта, сол жақта, ортада;

**түсінеді:** заттардың кеңістікте орналасуын қалай түсіндіруге болатынын;

**қолданады:** белгілі бір затты орналасуы бойынша табуды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, карточка, демонстрациялық материал, 24-кесте, қуыршақтар Әлия мен Сырым.

**Сөздік жұмыс:** үсті – асты, оң жақ – сол жақ, ортасы, арасында,

## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

ҰОҚ барысында педагог балаларды жұмыс дәптерімен, онымен сыныпта қалай жұмыс істеуге болатындығымен таныстырады. Педагог балаларды ойын кейіпкерлері Әлия және Сырыммен таныстырады. Бұл кейіпкерлер балалармен құрдас екендігіне назар аударады, олар ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларды ілестіріп жүреді.

24-кестедегі демонстрациялық материалда Әлия мен Сырым бейнеленген. Педагог тақтаға демонстрациялық материалды іледі.

Әлия мен Сырым балаларға «**Қайда барасың, нені табасың?**» атты дидактикалық ойынды ұсынады.

**Ойын мақсаты:** ойын балаларды негізгі кеңістіктік бағыттарды (алға, артқа, оң жақ, сол жақ) анықтау және сөзбен айтуға, заттың кеңістікте орналасуын белгілеу үшін әртүрлі кеңістіктік терминдерді (іші, үсті, арты, асты және т.б.) пайдалануға жаттықтыру үшін жүргізеді.

**Ойын барысы.** Педагог ойыншықтарды бөлменің әр жеріне тығып қояды. Мысалы: ойын барысы бойынша көзделген орналасу орнының оң жағында аюды, сол жағында шкафтың артына қуыршақты, кілемнің алдына допты, артына мәшинені.

Ойынды бастаудан бұрын педагог балаларға бөлмеде тығылған ойыншықтарды табатындарын хабарлайды. Балалардың бірін шақырып алып, педагог оған былай дейді:

Оң жаққа барсаң, аюды табасың,

Сол жаққа барсаң, қуыршақты табасың.

Алға қарай жүрсең, допты табасың,

Артқа қарай жүрсең, мәшинені табасың.

Қайда барғың келеді?

Бала ойыншықты табады. Ойын 3-4 рет қайталанады.

Бала бағытты ауызша атайды және жасырылған ойыншықты іздейді. Ойын жағдаятына тартылады. Термин сөздерді атайды, заттарды табады. Балалар ойынға қызығушылық танытады.

## 2. Негізгі кезең.

### Топтық жұмыс.

Балаларды топқа бөлу үшін педагог санамақ ұсынады.

Топтардың әрқайсысына әртүрлі заттар (кестеге ұқсас) бейнеленген жұмыс парақтары таратылады. Педагог ойын жағдаятын ұйымдастырады (ойыншықтарды табуға көмектеседі).

Педагог карточкадағы суреттің орналасуын айтады, мысалы, жоғарғы сөренің оң жағы. Балалар осы жерде бейнеленген затты атайды. Оған керісінше затты атайды, балалар оның да орналасуын атайды.



### Дәптермен жұмыс

**1-тапсырма.** Педагог мотоциклді суреттің ортасына жапсыруды ұсынады.

– Мотоциклдің оң жағында, сол жағында, үстіңгі жағында, астыңғы жағында қандай заттар орналасқан?

**2-тапсырма.** Үйшігіне қарай иттің қайда орналасуын анықтау.

Балаларға үйшіктің алдында отырған итке доптың суретін салуды тапсырады. Тапсырманы орындаудың әртүрлі нұсқаларын ұсынуға болады.

Балалар тапсырманы орындайды, талқылайды. Педагог балаларға терминдерді қолдануды үйретеді: сол жағында, оң жағында, төменде, жоғарыда, артында, алдында.

### Сергіту сәті

– Ләйлек, ләйлек,

Үйге жолды қалай табам? (Ләйлек жауап береді.)

– Оң аяқпен бір қадам,

Сол аяқпен бір қадам.

Енді қайта оң аяқ,

Енді қайта сол аяқ.

Одан кейін оң аяқ,

Одан кейін сол аяқ.

Үйге осылай барасың.

Мәтінге сәйкес қимылдарды орындайды.

### Дәптермен жұмыс

Педагог **3-тапсырманы** қарастыруға ұсынады.

Қолшатырларды кестедегі нұсқама бағыты бойынша қарындаштардың түсіне сәйкес бояу керек.

Педагог балалармен бірге тапсырманы талқылайды, нұсқама бағыттарын анықтайды: оңға, жоғарыға, солға, төменге, ортасына.

«Үстінде», «астында», ұғымдарын бекітуге педагог **4-тапсырманы** орындауды ұсынады. Тапсырманы орындау алдында, практикалық жұмыс жасауға болады. Мысалы, қағаздан жапырақтар мен гүлдерді қиып, оларды бір-бірінің үстіне қояды. Жасаған жұмыстарын талқылайды. Содан кейін балалар дәптерде берілген суреттерді бояйды.

### «Фигура қайда жасырынды?» дидактикалық ойыны

Педагог елестетілген шаршының бұрыштары мен қабырғалары және оның ортасында еденге ойыншықтарды жайып қояды.

Жетекші бала кез келген ойыншықты шаршыдан алып, басқа балалардан қай заттың артында, алдыңғы жағында, оң жағында және т.б. орналасқандығын атауға шақырады. Балалар фигураны атамай, оның орналасуын сипаттайды.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.** Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады.

Педагог өз қалауы бойынша жазулар дәптерінен тапсырмаларды таңдайды. Бұл ұйымдастырылған оқу қызметінде 5-беттегі №1 жұмысты орындауға ұсынуға болады. Педагог балаларға қарындашты дұрыс ұстатып, көлікке жол салуды ұсынады. Сонымен қатар, жолдың жиектеріне тигізбей, қарындашты қағаздан көтермей сызық сызу керектігін айтады. Жұмыс алдында балалар толқынды сызықтарды ауада оң жақтан сол жаққа және сол жақтан оң жаққа қарай «сызады». Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия.**

Педагог ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінен алған әсерімен бөлісуді сұрайды.

Күнделікті ҰОҚ барысында өзінді бағалап отырасың. Жұмыс дәптеріндегі бағдарламға қара. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№2**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Біреу – көп.

**Мақсаты:** заттар жиынынан дара затты ажырата бөлу білігін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. «бір» сөзінің мағынасымен таныстыру. «Бір» деген ұғым – бір ғана заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын да білдіретіндігін ұғындыру, «біреу» және «көп» («бірнеше»), «бірдей және түрлі түсті» терминдерін енгізу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.

2. Назар аудару, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** «біреу», «көп», «бірнеше» терминдерін айтуды;

**түсінеді:** «біреу», «көп», «бірнеше» болатынын;

**қолданады:** заттар жиынынан берілген дара заттарды ажырата алуды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, ойыншықтар, практикалық жұмысқа арналған заттар (қарындаштар, санау таяқшалары, қиылатын пішіндер және т.б.), 24-кесте, демонстрациялық материал.

**Сөздік жұмыс:** біреу, көп, бірнешеу.

## **ҰОҚ-нің барысы**

### **1. Ұйымдастыру кезеңі**

**Ойын жағдаяты.** (Демонстрациялық материалмен жұмыс, 24-кесте).

Әлия мен Сырым «Кім қай жерде тұр» ойын тапсырмасын ойнауды ұсынады.

Педагогтің үстелінде ойдан шығарылған шаршының бұрыштарында және оның ортасында орналасқан бірнеше ойыншықтар қойылған. (Тақтада демонстрациялық материал, 24-кесте).

Педагог қоянның артында және қуыршақтың алдында қандай зат тұрғанын атауды және т.с.с. ұсынады.

Педагог өлең оқиды.

*Ойыншықтарым көп менің,*

*Бәрін жақсы көремін.*

*Кешке дейін жалықпай,  
Бірге ойнап жүремін.  
Ойыншығым қуыршақ,  
Не берсем де жемейді.  
Еркелігі соншама,  
Көтермесем жүрмейді.  
Досым маған ойыншық,  
Мәшинесін сыйлады.  
Бірақ оның ішіне,  
Саусағым да сыймады [12].*

Педагог балалармен әңгіме жүргізеді.

- Сендер ойыншықтар дүкеніне барғанды жақсы көресіңдер ме?
- Қандай ойыншықтарды ұнатасыңдар?

## **2. Негізгі кезең**

Үлкен ойыншықтар дүкенінде екенімізді елестетіп көрейік. Дүкенде қанша ойыншық бар?

### **Дәптермен жұмыс**

#### **1-тапсырма.**

Педагог суретті қарауға ұсынады. Балалар суретті қарайды. Суретте не бейнеленгенін айтады.

- Дүкенде неше ойыншық бар? (Көп.)
  - Суреттегі қандай ойыншықтарды біреу деп айтуға болады?
  - Қандай ойыншықтар бірнешеу?
  - Түстері әртүрлі, бірақ бірдей ойыншықтар бар ма?

Балалар суретті қарап, бір-бірден тұрған ойыншықтарды табады: бір ракета, бір гитара, бір аю, бір керік және т. б. Көп ойыншықтар мәшинелер, қуыршақтар, текшелер және т. б. Балалар сөйлеу барысында «біреу», «көп», «бірнеше» сөздерін қолданады. Саны бойынша салыстырады: мәшинелер көп, қайық біреу.

#### **«Алаңдамай жалғастыр» дидактикалық ойыны**

Педагог ойын шартын түсіндіреді: Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер аяқтаңдар, егер «бір» деп айту керек болса, алақанды соғыңдар, «бір» деп айтыңдар. Егер «көп» деп айту керек болса, орындарыңнан тұрып «көп» деп айтыңдар.

- Аспанда жұлдыздар... (Көп.)
- Аспанда ай ... (Біреу.)
- Адамда ана ... (Біреу.)
- Мұхитта балық ... (Көп.)
- Егістікте бидай ... (Көп.)
- Аспанда күн ... (Біреу.)

#### **Топтағы практикалық жұмыс**

Одан кейін қарындаштармен (таяқшалармен, текшелермен және басқа да заттармен) практикалық жұмыс ұсынуға болады.

Әрбір үстелге көп қарындаштарды (таяқшалар және басқалары) қояды.

- Үстелдің үстінде қанша қарындаш бар? (Көп.)
- Қанша қызыл қарындаш бар? (Біреу.)
- «Біреу» сөзін қолданып жауап беруге болатындай сұрақ қойыңдар.

#### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **2-тапсырманы** орындауға ұсынады.

- Қандай ойыншықтар туралы «біреу» деп айтуға болады? Осы ойыншықтарды қоршап сызыңдар.

Орындауды тексерген кезде педагог ойыншықтардың саны туралы сұрақтар қояды және сөйлеген кезде «бірнеше» немесе «көп», «біреу» сөздерін пайдаланып жауап бергені үшін балаларды мадақтайды. Балалар түстері бірдей ойыншықтарды атайды.

#### **Саусақтарға арналған жаттығулар**

Педагог балаларды келесі жаттығуларды орындауға шақырады:

Кәне қанат жазайық,

Қарлығашқа ұқсайық,  
Ұшып-ұшып алайық,  
Орнымызға қонайық,  
Білімде алда болайық.

«Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады.



1) «Қоян» құлақтарын созып тұр.



2) «Сақина» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді.



3) «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды.

Саусақтарға арналған жаттығуды қайталайды.

### **Ойын жаттығуы «Қандай заттар көп, қандай заттар біреу екенін, қарап атаңдар»**

Айналасынан қандай заттардың көп екенін (орындықтар, үстелдер, қарындаштар, кітаптар...) және қандай заттардың бір-біреуден (есік, монитор және басқалары) екенін айтуды ұсынады.

Педагог балалардан сыйлық ретінде ойыншықтарды қаншалықты жиі алатындығы туралы сұрайды.

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **3-тапсырманы** орындауды ұсынады: бір сыйлықты таңдаңдар.

– Суреттегі бант қандай түске боялған? (Қызыл.) Бір сыйлықты таңдап, бантиктің түсіндей түске бояйды. Қанша қорап бояусыз қалды?

– Онда не болуы мүмкін?

– Сыйлыққа қандай ойыншық алғыңыз келеді? Әр бала бір қорапты таңдап, оны бояйды.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Тапсырманы орындар алдында балалардан ауада қолдың қимылын көрсетуді сұрайды. Педагог 5-беттегі геометриялық фигуралармен, 2-тапсырманы ұсына алады. Балалар геометриялық фигуралар мен түстер туралы білімдерін қолданады. Балалардан тапсырманы орындар алдында ауада қолдың қимылын көрсетуді сұрайды: шеңберді, үшбұрышты салады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия.**

Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінде не ұнағанын сұрайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындалса, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

### **№ 3**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру.

**Мақсаты:** заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табу біліктілігін қалыптастыру, қандай да бір қасиеті бойынша топқа біріктіру.

**Міндеттері:**

1. Дара заттарды бөлуді үйрету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік беру; «бір» (біреу) терминдері, бір заттың санын ғана емес, сонымен қатар бүтін бір топтың жиынтығын және «бірнеше» («көп») топтың жиынтығын білдіретіндігін ұғындыру. Заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша заттарды ерекшелеу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.

2. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** «бір», көп», «бірнеше» терминдерін айтуды, дара заттарды бөліп алуды, заттарды бір белгісі бойынша топтарға біріктіруді;

**түсінеді:** заттарды бір қасиеті (белгі) бойынша топтарға біріктіруге болатынын;

**қолданады:** заттарды жіктеуді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, санау құралдары, иллюстрациялар немесе макеттер: жемістер, көгөністер, тәттілер, себет, алма. 24-кесте, демонстрациялық материал.

**Сөздік жұмыс:** заттың қасиеттері.

### **ҰОҚ-нің барысы**

#### **1. Ұйымдастыру кезеңі**

**Ойын жағдаяты:** Әлия мен Сырым санау құралдары бар топқа: жемістер, көкөністер, тәттілер, қарбыз салынған себет (жазық немесе көлемді) әкеледі. Анамыздың базардан жеміс пен көгөніс сатып әкелгенін айтады. Педагог ойын жағдаятын дамытып балаларға «Анамызға дастарқан жаюға көмектесеміз» деген тапсырманы ұсынады. Ойын жағдаятына қызығушылық танытып, қызметіне араласады.

#### **2. Негізгі кезең**

– Анамызға себеттегі заттарды топтарға бөлуге көмектесейік. Барлығымыз бірге орындаймыз. Сендер қандай нұсқаларды ұсынасындар? Талқылайды.

Балаларға жиындарды топтарға бөлуге көмектеседі: көкөністер, жемістер, тәттілер, қарбыз.

– Бізде қанша жеміс бар? Олардың көп немесе бірнеше екенін айта аламыз ба?

– Қанша көгөніс (тәттілер) бар?

– Қарбыз туралы не айтуға болады? Неше қарбыз бар?

Қарбызды бөлектеуді ұсынады – ол біреу.

«Көп» және «бірнеше» терминдерді қолданады. Саны бойынша салыстырады: жеміс көп, ал қарбыз біреу. Көгөніс көп, ал қарбыз біреу және т.с.с.

Заттар тобын «бір» деген – сөзбен көрсету үшін, ұқсас суреттермен жұмысты жалғастыру керек.

– Балалар қанша алма (себет алма) жинады?

(Балалар көп себет алма жинады.)

#### **Жұмыс дәптері**

Ұжымдық жұмыстың жалғасы ретінде **1-тапсырманы** орындауды ұсынады. Бұл тапсырмада педагог балалардың жеке заттарды (бір алмұрт, бір тақия) бөліп қана қоймай, сонымен қатар заттарды әртүрлі қасиеттері бойынша топтастыратынына назар аударады.

Педагог қызыл түсті қарындашпен қызыл түсті заттарды атауды және сызып қосуды ұсынады. Ағаштан жасалған заттарды атап, қоңыр қарындашпен қоршап сызады. Суретте киімнің суреттері бар ма? Оларды атайды. Қалған заттарды қалай атауға болады? (Жазу құралдары.)

Тапсырманы орындайды.

**Қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған жаттығулар.**



1) «Қоян» – бала жұдырығын түйеді. Одан кейін сұқ саусағы мен ортаңғы саусағын шошайтады. «Қоянның» құлақтарын созып тұр.

2) «Сақина» – бала жұдырығын түйеді.

Одан кейін бас бармағы мен сұқ саусағын түзетіп, бір-бірімен түйістіреді.

3) «Саусақтардың амандасуы» – саусақтарын түзу ұстап, алақандарын бір-біріне қарама-қарсы ұстайды. Саусақтарға арналған жаттығуды қайталайды.

### **Жұмыс дәптері**

**2-тапсырма.** Суретте не бейнеленгенін атайды.

– Жемістердің мөлшері бірдей ме?

Әр түрінен бір үлкен жемісті бояйды.

Тапсырманы жеке орындауға және алма мен алмұрттарды бөлек топтарға бөлу үшін қасиеттерін тұжырымдауға уақыт береді.

– Әр топта қанша кіші және үлкен алма бар? Педагог сөйлеу барысында «бірнеше» немесе «көп», «бір» сөздерін пайдалануға шақырады.

Балалар тапсырманы орындайды. Олар суретте не бейнеленгенін айтады. Жемістердің әр түрінен бір үлкенін қоршап сызады. Қалғандарын сары түспен қоршап сызады.

### **Жұмыс дәптер**

Балалар **3-тапсырманы** орындайды. Сол жақтағы себетке көп алманы, оң жақтағы себетке бір үлкен алманы салады. Оларды жапсырады. Жеке жұмыс жүргізіледі.

**4-тапсырманы** түсіндірмелерімен орындауға ұсынады. Бала тапсырманы орындайды және өзінің іс-әрекетін түсіндіреді: суреттегі барлық үлкен заттарды жасыл түспен, кішкентай заттарды қызыл түспен қоршап сызады.

– Заттарды тағы қандай топтарға бөлуге болады? Көгөністер (баялды, қызылша), жемістер (алма, алмұрт), тәттілер.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Балалар 7-беттегі 5-тапсырманы орындайды. Балалардан тапсырманы орындар алдында ауада қолдың қимылын көрсетуді сұрайды: шеңберді, шаршыны, үшбұрышты салады. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия**

Қорытынды жасайды. Балаларды тапсырманы дұрыс орындағаны үшін, «Анамызға дастарқан жаюға көмектесеміз» деген ойынға қатысқаны үшін мадақтайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 4**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** 1 саны және цифры. 2 саны және цифры.

**Мақсаты:** 1 және 2 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

1. 1 және 2 цифрларымен таныстыру; заттарды санай алуға, сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттарды жіктеу біліктілігін бекіту, заттар тобынан 1-3 белгілер бойынша сәйкес келмейтін «артық» затты ерекшелеу.

2. Сөйлеу, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, қимылдарын үйлестіру және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Дербестікке тәрбилеу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** 1 және 2 саны мен цифрын;

**түсінеді:** «бір» зат пен заттар «жұбының» не екенін;

**қолданады:** жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды, 1 және 2 цифрларын тануды.



**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, демонстрациялық материалдар, 7, 15, 24-кестелер.

**Сөздік жұмыс:** бір, бірлік, екі, цифр.


## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ойын жағдаяты.** Демонстрациялық материалмен жұмыс (7, 24-кесте).

Әлия мен Сырым сиқырлы паровозбен саяхат жасауды ұсынады.

Суретте неше паровоз бар? (Біреу).



Вагондарға терезе санына сәйкес әртүрлі ертегілердің кейіпкерлері отырғызылады (педагогтің қалауы бойынша суреттер іріктеледі).

Балалар ойынға қосылады. Әрбір вагонда 2 кейіпкерден болуы мүмкін екенін айқындайды. Педагог тақтаға бір паровоз және екі вагонды бекітеді. Балалар кейіпкерлерді таңдап отырғызады.

### 2. Негізгі кезең.

Педагог іздеу тапсырмаларын ұйымдастырады.

– Неше паровоз?

– Паровозға неше вагон тіркедік? Әрқайсысын көрсете отырып, балалармен бірге дауыстап санайды. Балалар вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, терезелерді санайды. Дауыстап «екі» сөзін қайталайды.

Одан кейін ұсынады:

– Терезелерді санаймыз: бір, екі. Келесі вагонда: бір, екі және т.с.с.

– Вагондардың әрқайсысында 2 терезе бар. Балалар вагондарды, вагондағы кейіпкерлерді, терезелерді санайды.

**Ойын жаттығуы:** «Бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды табу».

Педагог бір-бірден, екі-екіден көрсетілген заттарды топтан іздеуді ұсынады.

– Сендерде неше қол, аяқ, көз және құлақ бар?

Педагог «екі» сөзінің «жұп» дегенді білдіретінімен таныстырады. Қолғаптар жұбы, шұлықтар жұбы. Балалар дауыстап «екі», «жұп» деп қайталайды.

– Бір-бірден көрсетілген заттарды атаңдар.

– Бір затты (бір саны) және заттар жұбын (екі саны) қандай цифрмен белгілейміз?

**Демонстрациялық материалмен жұмыс** (15-кесте).

Педагог 1 және 2 цифрларын көрсетеді. Балалар бір және жұп заттарды іздейді.

### Дәптермен жұмыс

Педагог **1-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суретте не бейнеленгенін атайды.

– Қандай заттарды «бір» деп айта аламыз?

– Не туралы бір деп айтуға болады? Балалар: бір себет, бір тостаған. Оларды бояйды.

– Не туралы екі (немесе жұп) деп айтуға болады? Екі мысық, екі тышқан.

Екі-екіден тұрған заттарды көк, екеуден көп заттарды қызыл түспен қорша.

Педагог орындықта дұрыс отыру ережелерін қайталайды.

**2-тапсырма.** Бұл ұйымдастырылған оқу қызметінде QR код бірінші рет көрсетіледі. Санның салу ретін бейнеден көреді. Цифрлардың бейнесімен және олардың жазылуымен танысады. Балалар цифрдың үстінен саусақтарымен жүргізеді, ауада жазады.

Ермексазбен практикалық жұмыс. Педагог алдын ала ермексаз материалын дайындайды, егер қандай да бір себептермен оны пайдалану ыңғайсыз болса, цифрды бейнелеу үшін арқанға, бұршақтарға, түймелерге немесе басқа материалға ауыстыруға болады. Балалар цифрды ермексаздан жасайды. Топта көрме жұмысын ұйымдастырады.

### Сергіту сәті.

Біз санадық, біз шаршадық,  
Орнымыздан тұрамыз.  
Қол соғамыз: бір, екі.  
Аяқпен топылдатамыз: бір, екі.

Педагог жаттығуларды орындауды ұсынады: 2 рет секіреміз, оң аяқпен 2 рет, сол аяқпен 2 рет аяқпен топылдатамыз. 2 рет қол соғамыз. Досымызбен екі рет алақандарымызды соғамыз және т.с.с.

### **Дәптермен жұмыс**

**3-тапсырма.** Заттарды санайды, көрсетілген түспен бояйды. Тапсырманы орындар алдында әңгіме жүргізеді. Әр топта неше зат бар? Қандай түспен бояуға болады? Балалар 1 және 2 цифрының түсімен бояуға болатынын түсінеді. Балалар тапсырманы өздігінен орындап, тексереді.

**4-тапсырмада.** Балалар суреттерді қарайды, артық затты табады. Таңдауын түсіндіреді. Қайсысы артық екенін бөледі. Балалар «артық» затты табуға үйренеді, олар оны атайды, қара ит (түсі бойынша) артық болуы мүмкін. Немесе жабайы аң сияқты сұр қасқыр.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог балалардың үстелде дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді көлбеуіне қарай және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады. Педагог 23-беттегі №31, №32 және 24-беттегі №33, №34-тапсырмаларды ұсынады. Балалар цифрдың бейнесін қарап бояйды, содан кейін цифрларды бастырып сызады.

Педагог алдымен түсіндіріп көрсетеді: 1 цифрын жазамыз, алдымен сызықты төменнен оңға қарай жоғары жүргіземіз, тоқтаймыз, содан соң қиғаш сызықпен солға қарай төмен түсеміз.

2 цифрын жазамыз: сызықты жоғары жаза бастаймыз, дөңгелектейміз, көлбеу сызықты төмен түсіріп толқынды сызықпен аяқтаймыз (жоғары, төмен, жоғары).

Балалар әр цифрдың қандай элементтерден тұратынын қарастырады. Алдымен олар ауада жазады. Педагог міндетті түрде балалардың қаламды дұрыс ұстауын және педагогтің қимылын дұрыс қайталауын қадағалайды.

Педагог балалардың үстелде дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия.**

Педагог қандай сан және цифрмен танысқандары туралы қорытынды жасайды: 2 санымен және цифрымен танысып, оның жұпты білдіретінін айтады.

Балаларға алғыс айтып, олардан бір-біріне жақсы жұмыс және үстел үстіндегі заттардың ұқыпты жиналғаны үшін алғыс айтуды сұрайды.

Бір-біріне жақсы жұмыс үшін алғыс айтады.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 5**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ

**Тақырыбы:** 3 саны және цифры. 4 саны және цифры.

**Мақсаты:** 3 және 4 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; заттар тобынан 1-3 белгісі бойынша «артық» затты ерекшелу.

2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, дағдыларын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** 3 және 4 сандары мен цифрларын;

**түсінеді:** заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;

**қолданады:** 3, 4 заттан құрылған топтарды таба алады, 3 және 4 цифрларын, заттар тобынан «артық» затты ерекшелеуді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** қуыршақтар – Әлия, Сырым. №1 жұмыс дәптері, демонстрациялық материалдар, 6, 8, 15, 24-кестелер.

**Сөздік жұмыс:** сан, цифр, үш, төрт.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым ойын ойнауды ұсынады.

Дидактикалық ойын «Артық затты тап». (Демонстрациялық материал (8, 24-кестелер).

– Төрт суреттің әрқайсысынан артық затты тап. Неліктен оның артық екенін түсіндіріңдер. Балалар артық затты табады, неге артық екенін түсіндіреді.

– Топтардың әрқайсысында барлығы неше зат бар? (4).

– Артық затты алғанда топтардың әрқайсысында неше зат қалғанын түсіндір (3).

Балалар қалған заттарды санайды. Олардың үш-үштен екенін анықтайды.

– Бүгін қандай сан және цифрлармен танысатынымызды кім айтады?

### 2. Негізгі кезең

#### Дәптермен жұмыс

**1-тапсырманы** орындауды ұсынады.

– Суретте не бейнеленген?

– Неше мәшине? Неше қуыршақ? Санайды. Суреттегі заттардың санын табады.

Шаршыға сонша нүкте салады.

Мәшиненің санын 3 цифрымен белгілейді.

Қуыршақтар санын 4 цифрымен белгілейді.

3 және 4 цифрларын табады.

Педагог 3 және 4 цифрлары туралы өлең оқиды:

Екі доға түйіскен,

Қара, аумай тұр «Үштен»

Ұқсастығын табады

Зер салғандар мынаған:

Тура «Төрт» боп қалады.

Орындықтар құлаған

**Демонстрациялық материалмен жұмыс** (15-кесте).

Педагог 3 және 4 цифрларын көрсетеді. Заттың санына қарай бейнеленген суреттерді табуды ұсынады. Балалар санды цифрмен сәйкестендіруді үйренеді.

#### Дәптермен жұмыс

##### 2-тапсырма

Бұл ұйымдастырылған оқу қызметінде QR код көрсетіледі. Санның салу ретін бейнеден көруге болады. 3 цифрдың үстінен саусақтарымен жүргізеді. Одан кейін оны ауада жазады. Еденде аяқпен жазуды ұсынуға болады. 4 цифрмен де осыған ұқсас жұмыс істейді. Практикалық жұмыста осы цифрларды ермексаздан жасауларын тапсырады. Жұмысты топпен жүргізуге болады.

##### Сергіту сәті.

3 рет секіреміз, 4 рет қол соғамыз, әрбір аяқпен 3 рет еденді топылдатамыз. Көршімізбен бір-біріміздің алақандарымызды соғамыз.

**Демонстрациялық материалмен жұмыс** (6-кесте).

Тапсырма: Заттар тобына жиынтық атауын таңдау, санауды бекіту.

– Суретте не бейнеленген? Қандай бір сөзбен атауға болады?

Қанша автобус? Қанша трактор? Қанша жүк көлігі? Барлығы қанша?

### **Дәптермен жұмыс**

**3-тапсырманы** жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады. Заттың санына сәйкес цифрмен нүктелерді сызып қосады. Карточкадағы нүктелерді санайды, нүктелер цифрды білдіреді 1, 2, 3, 4, деген, қорытындыға келеді.

Суреттерден заттардың белгілі бір санын табады (1-ден 4-ке дейін).

### **«Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны**

Педагог ойын шартын түсіндіреді: төрт балаға бірден төртке дейінгі сан беріледі. Әрқайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден төртке дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифр қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады.

### **Дәптермен жұмыс**

**4-тапсырмада** балалар суреттерді қарайды, «артық» затты табады. Таңдауларын түсіндіреді. Мысалы, суретте ұшақ, тікұшақ және мәшина көрсетілген. Артық – мәшине, ол жерде қозғалады, ал қалғаны аспанда ұшады.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді көлбеуіне қарай және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады.

Педагог 25-беттегі №35, №36 және 26-беттегі №37, №38 тапсырмаларды ұсынады. Балалар цифрдың бейнесін қарап бояйды, содан кейін цифрларды бастырып сызады.

Ауада 3 цифрын «жазамыз»: сол жақтан оңға қарай кішкене жартылай сопақша, содан кейін қаламды көтеріп, үлкен жартылай сопақша жазамыз.

Ауада 4 цифрын «жазамыз»: бірінші қысқа таяқшаны жоғарыдан төмен қарай жазамыз, тоқтаймыз, оңға бұрыламыз. Қаламды көтеріміз. Жоғарыдан төменге қарай ұзын таяқша жазамыз. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия**

Педагог қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Оқу қызметінде не ұнағанын сұрайды. Балалар әсерлерімен бөліседі.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 6**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** 5, 6 сандары және цифрлары.

**Мақсаты:** 5 және 6 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

1. Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету.

2. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату қабілетін; зейін, есте сақтау, сөйлеу дағдыларын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** 5 және 6 сандары мен цифрын;

**түсінеді:** заттар санын және осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;

**қолданады:** көрсетілген заттар санының топтарын табуды, логикалық ойлауды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** № 1 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал, 24-кесте, қуыршақтар Әлия мен Сырым, ертегі кейіпкерлері бейнеленген суреттер.

**Сөздік жұмыс:** сан, цифр, бес, алты.

## **ҰОҚ-нің барысы**

### **1. Ұйымдастыру кезеңі**

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым ертегі кейіпкерлерін шақыруды ұсынады.

Педагог алдымен 4 әртүрлі ертегі кейіпкерлерін шығарып, рет-ретімен санауды ұсынады.

Одан кейін ұйымдастырылған оқу қызметіне тағы бір кейіпкердің жүгіріп келгенін хабарлайды.

«Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады.

(Бес).

Қалай кейіпкерлер саны 5-еу болды?

(5 дегеніміз – 4 және 1).

Ұйымдастырылған оқу қызметіне тағы бір кейіпкер келгенін хабарлайды.

«Енді кейіпкерлер нешеу болды?» деген сұрақ қойылады.

(Алты).

Қалай кейіпкерлер саны 6 болды?

(6 дегеніміз – 5 және 1).

Қызығушылық танытады. Ертегі кейіпкерлерін санайды.

### **2. Негізгі кезең**

#### **Дәптермен жұмыс**

Педагог 1-тапсырмада моншақтарды санауды ұсынады. Төменнен сонша моншақты бастырып сызуды сұрайды. Тағы біреуін бастырып сызса, нешеу болады?

– Қанша моншақ болды? (Бесеу)

#### **5 цифрасымен танысу.**

Үстелдегі карточкалар немесе дәптердегі жазбалар арасынан 5 цифрын табады.

Педагог 5 саны мен цифры туралы өлеңдер оқиды.

Бас бармағым – әкем,

Балаң үйрек – шешем,

Ортақ тірек – ағам,

Шылдыр шүмек апам,

Кішкентай бөбек – мен.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір үйде біз бесеуіміз.

Педагог тақтада, ал балалар үстелде 5 моншақтан дөңгелектер құрастырады. Оларға тағы біреуін қосуды ұсынады.

Енді неше моншақ болғанын қайта санайды. (Алты.)

Содан кейін педагог дәптерге тағы бір моншақты салуды ұсынады. Осылай балалар 6 санын табады.

#### **6 цифрасымен танысу.**

Педагог 6 цифры бар карточканы көрсетеді.

Педагог 6 саны мен цифры туралы өлеңдер оқиды.

*Бір, екі, үш*

*Жинап алдық күш*

*Төрт, бес, алты*

*Біз жазамыз мықты*

*Дәптерімізді ашайық*

*Көрсетілген үлгіге,*

*Әдемі етіп жазайық.*

### **2-тапсырма**

Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы анимацияны көруге болады. 5 цифрын үстінен саусақтарымен жүргізеді. Одан кейін оны ауада жазады. Еденде аяқпен жазуды ұсынуға болады. 6 цифрмен ұқсас жұмыс істейді.

Осы цифрларды ермексаздан жасауларын тапсырады алдыңғы ұйымдастырылған оқу қызметіне ұқсас орындалады. Цифрлар жасалған материалды ауыстырып отыруға болады.

### **Сергіту сәті.**

5 рет секір, 6 рет қол соқ, әрбір аяқпен 5 рет еденді топылдат, көршіңмен 6 рет қолдарыңды соғыңдар.

Педагогтің нұсқауына сәйкес қимылдар жасайды.

### **Ойын жаттығулары**

Цифрды, санды және санның нүктелер түріндегі моделін сәйкестендіру (айқармадан желімделген текше). Педагог балаларға әр үстелге текшені таратып береді, оның әр қырларында бірден-алтыға дейін нүктелер болады. Педагогтің текше және заттық суреттері бірдей. 1– 6 зат бейнеленген кез келген суреттерді көрсетіп текшенің қажетті тұсын және кесетін материалдан жасалған карточкада цифрды көрсетуді сұрайды. Жұмысты топпен орындайды. Нүктелерден құрылған санның моделін және қажетті цифрды көрсетіп, текшемен жұмыс жасайды.

### **Санақ материалымен жұмыс.**

Санауға арналған материалды таратып, кері тапсырманы орындауға – модель және цифр бойынша заттардың қажетті санын жасауға болады.

Одан кейін педагог жұмыс дәптеріндегі **3-тапсырманы** орындауды сұрайды. Сана. Тиісті санды қоршап сыз.

Алдымен тапсырманы талқылайды.

– Қанша қарындаш бейнеленген? (Бес.)

5 цифрды тауып, бояйды. Жұмысты өз бетінше орындайды.

**4-тапсырма.** Әр паровозда көрсетілген сан қанша болса, сонша вагон болатындай толықтырып суретін салу. Балалар санды атайды, санайды, қанша вагон жоқ екенін айтады. Суретін салады. Жұмысты жеке орындайды.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді көлбеуіне қарай және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады. Педагог 27-беттегі №39, №40 және 28-беттегі №41, №42 тапсырмаларды ұсынады. Балалар цифрдың бейнесін қарап бояйды, содан кейін цифрларды бастырып сызады.

Ауада 5 цифрын «жазамыз»: бірінші қысқа таяқшаны жоғарыдан төмен қарай жазамыз, тоқтаймыз, сол жақтан оңға қарай жартылай сопақша жазамыз. Қаламды көтереміз. Көлденең таяқшаны сол жақтан оңға қарай жазамыз.

Ауада 6 цифрын «жазамыз»: алдымен сол жақтан үлкен жартылай сопақша жазамыз, оны дөңгелектейміз және кішкентай сопақшамен аяқтаймыз.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия**

Оқу қызметін қорытындылайды және балаларды дұрыс орындаған тапсырмалары үшін мадақтайды. Кері қарай санай отырып, ертегі кейіпкерлерін шығарып салуды ұсынады. Алтыншы, бесінші, төртінші, ... кейіпкерлер үйлеріне кетеді.

Ертегі кейіпкерлерін кері бағытта санап, олармен қоштасады.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

### **№ 7**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** 7, 8, 9 сандары және цифрлары.

**Мақсаты:** 7, 8, 9 сандарының құрамы туралы білімін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен 7, 8, 9 сандарын бейнелеуді үйрету. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау біліктілігін бекіту.

2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** 7, 8 және 9 сандарын айтуды;

**түсінеді:** заттардың саны мен осы заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;

**қолданады:** заттарды топқа бөлуді, 7, 8 және 9 сандарын тануды.

6-ға дейін санау, берілген заттар санына қарай тобын табуды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** демонстрациялық материал 2, 2.1, 14, 24-кесте, №1 жұмыс дәптері.

**Сөздік жұмыс:** сан және жеті, сегіз, тоғыз цифрлары.

## ҮОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ойын жағдаяты** Әлия мен Сырым «Дұрыс көрсет» ойынын ұсынады.

**Демонстрациялық материалмен жұмыс** (15-кесте). Педагог 5 және 6 цифрларын көрсетеді. Қажетті сан мен цифрлардың арақатынасы туралы сандық суреттерді табуды ұсынады. Әлия мен Сырым балаларды ойын алаңына шақырады.

### 2. Негізгі кезең

**Демонстрациялық материалмен жұмыс** (14-кесте).

Балалар ойын алаңында ойнады. Төбешіктен сырғанауды шешті.

Педагог 14.2 кестеден 6 баланы төбешікке орналастырады. Ал 7-ші баланы төменгі баспалдақтың қасына қояды.

– Қанша бала төбешікте сырғанағысы келіп тұр? 6 цифры жазылған карточканы қояды.

– Қараңдаршы, тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады?

– Санайық. (7 бала.)

– Тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады?

– Санайық (8 бала.)

– Тағы бір бала жүгіріп келіп, төбешікке көтеріліп жатыр. Олар енді нешеу болады?

– Санайық. (9 бала.)

– Санағанымызда суретте 9 бала бар. Тағы бір рет санайық (әр баланы төбешіктен домалатып, бәрі хормен санайды) біз ешкімді жіберіп алған жоқпыз ба?

7, 8, 9 цифрларымен танысады. Карточканы көрсетеді.

Балаларды үйлеріне шығарып салуды ұсынады, кері санау жүргізеді.

Педагог 7, 8, 9 цифрлары туралы өлең оқиды.

Жалғыз аяқ көсеуде,

Ұқсас екен жетеуге.

Мынау жатқан қайшы,

Ал «Сегіз» сан қайсы?

Оның екі көзі,

«Сегіздің» өзі.

Акробат қыз мықты,

Сахнаға шықты.

Бүктеліп белі қайысты,

«Тоғыз» болып майысты [13].

**Демонстрациялық материалмен жұмыс** (15-кесте). Педагог 7, 8, 9 цифрларын көрсетеді. Қажетті заттар саны бар суреттерді табуды ұсынады. Балалар заттар санын белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін үйренеді.

#### **Дәптермен жұмыс**

**1-тапсырманы** орындайды, суретте не бейнеленгенін айтады. Әр тәрелкеде көрсетілген санға сәйкес тәтті тоқаштар болу керек. Жетіспейтін тәтті тоқаштарды толықтырып жапсырады. Балалар тапсырманы орындайды.

#### **Сергіту сәті.**

8 рет секіру, 9 рет қол соғу, 7 рет әрбір аяқпен еденді топылдату, 6 рет көршіңмен алақан соғыстыру.

#### **Дәптермен жұмыс**

**2-тапсырманы** орындауға ұсынады. Саусақтарымен цифрлардың үстінен бастырып жүргізеді. Ермексизден жасап көрсетулерін сұрайды. Топта көрме жұмысын ұйымдастыруға болады. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы қарауға болады.

**3-тапсырма.** Балалар суретті қарайды. Жануарларды, гүлдерді атайды, цифрларды жазады.

Сұрақ қояды:

- Суретте не бейнеленген?
- Жайылымда неше жануар жайылып жүр?
- Қандай гүлдер өсіп тұр? Олар нешеу?
- Енді жайылып жүрген жылқыларды (қойларды) санаймыз. Нешеу?
- Аспанда қанша бұлт бар?
- Қанша көбелек ұшып жүр?

Қажетті цифрды жазады.

**4-тапсырма.** Сандарды реті бойынша сызып қосады, тапсырманы орындайды.

– Текшелердің қайсысы басқаларынан ерекшеленеді? (4 саны бар, мөлшері мен түсі әртүрлі.)

#### **«Шашыраңқы сандар» дидактикалық ойыны**

Педагог ойын шартын түсіндіреді: тоғыз балаға бірден тоғызға дейінгі сан беріледі. Әрқайсысы бір-бірден алады. Шартты дабыл бойынша «тірі» цифрлар бөлмеде шашыраңқы болып жүгіреді. Жүргізушінің екінші дабылмен барлық сандар өз ретімен бірден тоғызға дейін сол жақтан оң жаққа қарай тұрады. Содан соң әр цифрға бөлек тапсырма беріледі. Цифры қанша болса сонша алақанын соғу, алға қарай қадам жасау. «Тірі» цифрлар тапсырмасын орындайды, топтағы басқа балаға цифрды береді. Барлық қатысушылар ауысқаннан кейін ойын қайтадан басталады.

#### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 29-беттегі № 43, № 44, 30-беттегі №45, №46 және 31-беттегі № 47, № 48 тапсырмаларды ұсынады. Балалар цифрдың бейнесін қарап бояйды, содан кейін цифрларды бастырып сызады.

Ауада 7 цифрын «жазамыз»: алдымен толқынды сызық сызып, содан соң көлбеу таяқшаны төменге түсіреміз, қаламды көтеріміз. Кішкентай көлденең таяқша жазамыз.

Ауада 8 цифрын «жазамыз»: қолымызды көтермей зигзаг орындаймыз.

Ауада 9 цифрын «жазамыз»: оң жақтан сол жаққа сопақша жасаймыз, дөңгелетеміз, төменге көлбеу сызықты жартылай дөңгелетеміз.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия**

Педагог оқу қызметін қорытындылайды және балаларды жұмысы үшін мадақтайды. Балалар ұйымдастырылған оқу қызметінде не ұнағанын айтады.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.



## № 8

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** 10 саны.

**Мақсаты:** 0 және 10 сандарының құрамы және олардың жазылуы туралы білімін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға және бейнелеуге үйрету.

2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, логикалық ойлау, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды;

**түсінеді:** заттардың санын және осы санды белгілейтін цифрды қалай сәйкестендіру керектігін;

**қолданады:** 10 заттан тұратын топтарды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** полотно жиынтығы, №1 жұмыс дәптері, қима фигуралар. демонстрациялық материал: № 15, №21, 24-кесте.

**Сөздік жұмыс:** нөл, он саны.

### ҰОҚ-нің барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым балаларды спорт алаңына шақырады.

– Спорт алаңына 9 баладан тұратын команда келді. Бірақ балалар өз орындарын таба алмады.

Педагог оларға өз орындарын табуға көмектесуді ұсынады. Терме полотнода (тақта) балалар нөмірлері бойынша орналастырады.

#### 2. Негізгі кезең

Педагог жалғастырады.

– Сабағымызға тағы бір спортшы келді.

– Оған қандай нөмір береміз?

Балалар оны оныншы деп айтады, бірақ, кейбіреуі бұл санды қалай жазуды білмейді.

Біз оны оқып және жазып үйренеміз. Бірақ бұл сан үшін бізге екі цифра қажет: 1 және 0.

- Ешкім (ештеңе) болмаған кезде олар: жоқ, немесе НӨЛ деп айтады.

Педагог цифрды көрсетеді.

– Біз 0 рет секіре аламыз ба? 0 рет қол соға аламыз ба? Неліктен?

Аспандағы Ай,

Цифрға ұқсас қай?

Толған кезде ол,

Аумай қалған «Нөл»

«0» дегенде өздерің,

Көріп тұр ғой көздерің.

Үйлеспесе айналмас,

0-сіз 1-ің 10 болмас.

Педагог бірліктің жанына нөлді қойып, сұрақ қояды:

– Мына санды жазу үшін неше цифрды пайдаландық?

(2 цифрды).

Педагог 10 цифрды көрсетеді.

#### Дәптермен жұмыс

Педагог **1-тапсырманы** ұсынады. Суретті қарайды, сұрақтарға жауап береді.

– Неше бала шеңберге тұрды?

– Неше бала орындықта отыр?

Шеңберде 10 бала тұр, орындықта ешкім жоқ.

Педагог балалардың жейделеріндегі сандарды атауды сұрайды.

Осыған ұқсас жұмысты топта ұйымдастыруға болады, ол үшін карточкада көрсетілген сандар реті бойынша балаларды қатарға тұрғызады.

**Ойын жаттығуы: «Дұрыс көрсет».**

Сан мен цифрдың арақатынасы туралы 15-кестедегі сандық суреттермен жұмыс жасайды.

Балалар 21-кестедегі демонстрациялық материалдан саны бар карточканы көрсетеді.


– Адамның қолында неше саусақ бар? (10 саусақ).

**Дәптермен жұмыс**

Педагог 2-тапсырманы орындауды ұсынады. Цифрлардың үстінен саусағымен жүргізеді. Ермексаздан жасайды. Тапсырманы орындамас бұрын QR код арқылы қарауға болады.

**Топтағы практикалық жұмыс.** 10 санын үшбұрыш пішінінде орналастырылған нүктелер арқылы бейнелеуге болады. Бұл санды үшбұрыш деп атауға болады.

10 дөңгелек санап, үшбұрыш құрастырады.



**Сергіту сәті.**

Иығыңды көтер,

Шегірткедей секір.

Түрлі түсті етікпен

10 рет секір екі аяқпен.

Ал енді оң аяқпен

Соқпақ жолмен,

Одан кейін сол аяқпен

Соқпақ жолмен.

Иықтарын көтереді.

Екі аяқпен 10 рет секіру.

Оң аяқпен 10 рет секіру.

Сол аяқпен 10 рет секіру.

**Дәптермен жұмыс**

**3-тапсырманы** орындауға ұсынады. Ойыншыларды реті бойынша сызып қосады. Кейін педагог доптарға көңіл бөлуді сұрайды. Қай доп артық, неге? Мақсатына қарай теннис добы «артық» болуы мүмкін. Түсі бойынша – ақ футбол добы.

**Ойын жаттығуы: «Сана»**

Педагог ойыншыларға 1-ден 10-ға дейін санауды ұсынады. Бұны тура санау деп атайды. 10-нан 1-ге дейін кері санауды ұсынады. Бұны кері санау деп атайды. Ойыншыларды ретімен: бірінші, екінші, үшінші...оныншы, және кері: оныншы, тоғызыншы, сегізінші, санауын сұрайды.

**Дәптермен жұмыс**

**4-тапсырманы** орындайды. Вагондарды тура және кері санайды, нөмірлерін жапсырады. Балалар дауыстап санайды, нөмірлерін жапсырады.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 32-беттегі №49, № 50 тапсырмаларды ұсынады. Балалар цифрдың бейнесін қарап бояйды, содан кейін цифрларды бастырып сызады.

Ауада 0 цифрын «жазамыз»: сопақша жасаймыз.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия**

Оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды көтермелейді. Оқу қызметінде не ұнағаны туралы айтуды сұрайды. Өсерлерімен бөліседі. Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## № 9

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Заттарды өлшемі бойынша салыстыру.

**Мақсаты:** заттарды өлшемі бойынша салыстыру біліктілігін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Әртүрлі заттар ұзындығы (5 және одан да көп), биіктігі, ені немесе қалыңдығы арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге үйрету. Сөйлеу барысында «үлкен – кішкентай», «артық – кем», «өлшемі бірдей», түсі бірдей және әртүрлі, сөздерді қолдана білуге жаттықтыру.
2. Логикалық ойлау, талдау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.
3. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді;

**түсінеді:** заттарды өлшемі бойынша қалай салыстыруға болатынын;

**қолданады:** заттарды көзбен көру арқылы салыстыруды, заттардың белгілерін анықтауды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** полотно жиынтығы, №1 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал, 24-кесте, өлшеуіш материалдар.

**Сөздік жұмыс:** үлкен – кішкентай.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым «Өткел» ойынын ойнауды ұсынады.

1-ден 9-ға дейінгі сандар еденде шашыраңқы болып жатады, бірақ бір-бірінен онша алыс емес. Көрсетілген цифр ретімен, аяқтарын «суламай» «тастардың» үстімен жүреді (цифрды ретін шатастырмайды).

### 2. Негізгі кезең

**Тосын сый сәті.** «Гномдар бізге қонаққа келді. (Демонстрациялық материал – 2, 2.1 және 2.2-кесте).

**Проблемалық сұрақ.**

– Барлық гномдар бірдей ме?

«Олармен жақынырақ танысайық».

Педагог балаларға «үлкен – кішкентай», «түс», «алдында – артында», «алды», «арасында», «жанында» деген сөздерді пайдалана отырып, суретте бейнеленген әр гномды сипаттауға көмектеседі. Балалар ойын жағдаятына қосылады. Гномдар бейнеленген суреттерді қарайды, олардың өлшемін, түсін, кеңістікте орналасуын анықтайды.

Педагог балаларға, біз гномдарды үлкенді – кішілі және киімінің түсімен салыстырдык деп түсіндіреді.

Енді оларды биіктігі мен қалыңдығы бойынша салыстыруды үйренейік.

2- кесте – гномдар орналасқан фон, 2.1 және 2.2. кесте – сурет кескіндері.

Гномдарды өсу ретімен орналастыруды ұсынады: алдымен ең аласасы, содан кейін биігі.

– Сіз мұны қалай жасайсыз?

Алдымен көзбен анықтап, содан кейін бір-бірінің жанына қойып, тексеруді ұсынады: ол аласа ма немесе биік пе? Оларға кеудеше мен шалбар таңдайды.

– Шалбар мен кеудешелерді қалың немесе жұқа деп айтпайды, оларды ені кең-тар деп айтады.

– Шалбарды енімен қалай орналастырамыз? Балаларды алдымен көзбен, содан кейін бір-бірінің үстіне қою арқылы таңдауға шақырады.

Топтағы балалармен осыған ұқсас жұмыс жүргізіледі.

Педагог бірнеше балаға (5 адам) шығып, бір-бірінің артынан тізіліп тұруды ұсынады. Қалған балалар оларды сипаттайды: үлкен-кішкентай, киімінің түсі, бір-бірінің артына орналасуы. Топ балаларының осы қасиеттерін анықтайды.

Балалар тапсырманы орындап, 5 және одан да көп заттардың өлшемін анықтайды және олардың қасиеттерін үлкен, кіші, орташа, негізгі түстер сөзін қолдана отырып дауыстап айтады.

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **1-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суретке қарап, не бейнеленгенін айтады. Барлық заттардың көлемі бірдей ме? Үлкен заттарды – көк, кішкентай заттарды – қызыл түспен қоршап сызады.

**2-тапсырманы** орындайды.

Заттарды қарайды, оларды белгілеріне қарай бөледі: түсі мен өлшемі. Осы екі белгіге сәйкес суреттерді жапсырады. Заттардың орналасуын сипаттайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Демонстрациялық материал, 3, 4-кестелер.

### **Практикалық жұмыс**

Кесілген парақтарды балаларға жұппен немесе топпен таратады.

Парақты жіктеуге арналған тапсырма: көлемі бойынша үлкен және кіші; түсі бойынша – сары, қызыл, жасыл.

### **Сергіту сәті.**

*Қолдарымызды көтереміз,*

*Кейін төмен түсіреміз.*

*Екі жаққа қолды созып*

*Алақанды беттестіріп*

*Қолымызды шапалақтап,*

*Көңіл күйді көтереміз.*

*Одан кейін жылдамдатып қол соғамыз.*

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **3-тапсырманы** орындауды ұсынады. Үлкен заттарды қызыл, кішкентай заттарды сары түспен бояйды. Әр зат қайда орналасқанын айтады, жеке жұмыс жүргізеді.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 6-беттегі №3 тапсырманы орындауға ұсынады. Педагог фигураларды атауға шақырады. Әрі қарай әр фигураны басқа торкөзге жылжыту керек екендігіне және өлшемін өзгертуге назар аударады. Балалардан тапсырманы орындар алдында ауада қолының қимылын көрсетуді сұрайды.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия**

Оқу қызметін қорытындылайды және балаларды тапсырмаларды орындағаны үшін мадақтайды. Оқу қызметінде не ұнағаны туралы айтуды сұрайды. Әсерлерімен бөліседі.

Гномдармен қоштасуды және оларға оқу қызметінің соңында үстел үстіндегі заттарды жинауды қалай үйренгендерін көрсетуді ұсынады.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындаса, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## № 10

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ .

**Тақырыбы:** Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып, заттарды ұзындығы бойынша салыстыру.

**Мақсаты:** ұзындық – заттардың созылықы болу қасиеті туралы, ұзындық туралы түсінік қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Шартты өлшеуішті ұзындықты өлшейтін құрал ретінде таныстыру; шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету, әртүрлі ұзындықтағы, биіктіктегі заттар арасындағы өлшемдік қатынастарды орнату.

2. Логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару қабілеттерін дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** «ұзын – қысқа» сөздерін айтуды, ұзындық бойынша салыстыру тәсілдерін атауды: бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы өлшеуді; «ұзынырақ қысқарырақ», «ұзындығы бірдей», «жоғары – төмен», «биіктігі бірдей», «тар – кең», ені бірдей; жуан, жіңішке, қалыңдығы бірдей, сөздерін сөйлеу барысында қолдана білуге үйрету;

**түсінеді:** ұзындықты шартты өлшемнің көмегімен қалай өлшеуге болатынын;

**қолданады:** заттарды бір-бірінің үстіне қоюды, бір-біріне жақындату арқылы, шартты өлшемнің көмегімен өлшеуді, салыстыруды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** Әлия мен Сырым қуыршақтары. №1 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал, № 12, 24-кесте, салыстыруға арналған заттар (санағыш, қарындаштар, үйшіктер, текшелер, т.б.)

**Сөздік жұмыс:** ұзындық, ұзынырақ – қысқарырақ, өлшем.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын жағдаяты:** Әлия мен Сырым ойын ойнауға шақырады.

**«Керісінше айт» дидактикалық ойыны**

Педагог допты лақтырып, сөзді атайды. Бала педагогқа допты қайта лақтырып, антонимін айтады. Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, жуан – жіңішке, ауыр – жеңіл.

– Біз сіздермен заттардың көлемін көрсететін сөздерді қайталадық.

### 2. Негізгі кезең.

**Ойын жаттығуы: «Ретімен орналастыр»**

Педагог «Түрлі түсті Куйзенер санау таяқшалар» жиынтықтан таяқшалар таратады, оларды ұзындықтарының өсу ретімен орналастыруды ұсынады.

Балалар тапсырманы орындайды.

Педагог балалардан таяқшаларды қалай орналасқанын сұрайды, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа екенін білді.

Балалар таяқшаларды бір-біріне жақындату арқылы деп түсіндіреді.

Педагог бір-бірінің үстіне салу тәсілі арқылы да заттын қайсысы ұзын немесе қысқа екенін өлшеуге болатындығын қосымша айтады. Көрсетеді.

**Эксперименттік іс-әрекет**

1. Педагог балаларға үстелдің ұзындығын алақанымен өлшеуді ұсынады.

Балалар алақанмен өлшейді. Жауаптарын салыстырады.

– Сонда қалай, үстел біреу, бірақ жауап әртүрлі? (Алақанның көлемі әртүрлі)

2. Үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейміз.

Балалар үстелдің ұзындығын шынтақпен өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Жауаптың әртүрлі болуы шынтақтың ұзындығына байланысты деп, қорытынды жасайды.

3. Педагог екі баланы шақырады ойын бұрышындағы кілемнің ұзындығын қадамдармен өлшеуді сұрайды.

Екі бала кілемді өлшейді. Жауаптарын салыстырады. Балалардың қадам өлшемдері әр түрлі, сондықтан өлшеу нәтижелері әр түрлі деген педагогпен бірге қорытынды жасайды. Проблемалық сұрақ: заттардың ұзындығын қалай анықтауға болады? Балаларға ата-аналар үйдегі заттарды қалай өлшейтінін еске түсіруін сұрайды. Пікірталастан кейін педагог бір ғана өлшеуіш-метрді ойлап тапқанын түсіндіреді. (көрсету).

Бұл өлшемді барлық адамдар пайдаланады. Оны шартты өлшем деп те атауға болады. Демонстрациялық материалмен жұмыс, 12-кесте.


12-кестедегі жолақтарды салыстыруды ұсынады.

– Қай жолақ ұзынырақ?

(Бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы. Мұны жасаған кезде жолақтардың шеттеріне сәйкес келетінін көз жеткізіңіз).

– Сонда не істеу керек? (Үстіне қою, жақындату).

Өлшем ретінде – таяқшаларды (кесектер, «Лего» құрастырмасының бөлшектерін және т.б.) ұсынады.

Мысалы, Лего:  Жолақтарға қанша кішкене бөлшектер сәйкес келеді?

Педагог шартты өлшемді қолдану арқылы өлшеу әдісін көрсетеді, орындалған іс-әрекеттерін түсіндіреді, балаларды өлшеу нәтижесінің процесін талқылауға шақырады.

Бірінші жасағанымыз – өлшеуішті таңдадық.

– Өлшемді неден бастаймыз? (Жолаққа өлшеуішті жақындату). Өлшеуішті өлшейтін заттың ең шетіне сәйкестендіру керек.

– Енді не істейміз?

Өлшемнің соңын қарындашпен белгілейміз, белгіге кері өлшеуішті қойып өлшемді жалғастырамыз. Бірінші рет өлшеуішті қойып өлшеуіштің соңын белгілеген жерге, ойыншық немесе бір затты белгі ретінде қою керек. Ол бізге өлшеу бір рет толығымен орындалғанын айтады. Өлшеуішпен кері өлшедік, белгіленген сызыққа жылжытып, өлшеуіштің соңын кері белгілеп ойыншық қойдық, ол бізге өлшеу тағы бір рет толығымен орындалғанын айтады. Өлшеу ережелерімен алғашқы танысу кезінде педагог балаларға өлшеу әдісі мен ережелерін көрсетеді, талқылайды, қорытындылайды, нәтижесін анықтайды. Содан соң балаларға өз бетінше өлшем жасауды ұсынады. Балалар іс-әрекеттерін түсіндіреді, содан кейін өлшеу нәтижелерін бірге талқылайды. Балалар өлшемдерді санап, жазып алады (саны бар карточканы көрсетеді), сұрақтарға жауап береді. Балаларға өлшеу ережесін белгілеуге көмектеседі: өлшемдерді бірінен соң бірін, арада бос орын қалдырмай орналастырып, санау керек. Ұзындықты салыстыру үшін өлшеу керек деген қорытынды жасайды.

### **Сергіту сәті**

*Орман алаңында*

*Көк шалғында*

*Қоңыз жорғалайды,*

*Кесіртке секіреді,*

*Көбелектер қалықтайды,*

*Гүлден-гүлге қонақтайды.*

### **Дәптермен жұмыс істеу**

Педагог 1-тапсырманы орындауды ұсынады

Жолақтардың ұзындығын өлшеу үшін «Лего» конструкторының бөлшектері пайдаланылады.

– Өлшеуіштердің саны нешеу?

– Ең қысқа жолақ қайсысы, ата.

– Ұзындығы бірдей ше?

Өлшеуді санайды, салыстырады. Ең қысқасы 1-нөмірде. 2 мен 3-тің және 4 пен 5-тің ұзындықтары тең.

**2-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суретке қарайды, заттардың ең биігінен, ең аласасына қарай сызып қосады. Ең аласа заттарды бояйды. Ең биігін – қоршайды. Орташасының астын сызады.

**3- тапсырманы** ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Ойын жағдаятын құрады «Әр гномға өлшеміне қарай өз заттарын табуға көмектес». Педагог балалардан гномдардың айырмашылығын сұрайды. Гномдардың өлшемі мен киімдерінің түсі әртүрлі. Өлшеміне қарай шелектер мен күректерді (үлкен – орташа – кішкентай) таңдайды

**Логикаға арналған ойын жаттығулары.** Балалардың түсінігін тексеру және білімін түзету үшін мынадай үлгіде логикалық тапсырма ұсынуға болады:

1. Қызыл қарындаш жасыл қарындаштан ұзынырақ, жасыл қарындаш көгілдірден ұзынырақ. Ең қысқа қарындаш қандай?

2. Жасыл таспа көгілдірден жіңішкерек, көгілдір қызылдан жіңішкерек. Ең жалпақ таспа қайсысы?

**Топтық жұмыс.**

Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді. Педагог балаларға ұзындығы әртүрлі санағыш, қарындаш таратады. Өсу және кему ретімен орналастыруды сұрайды.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 9-беттегі №8 тапсырманы орындауға ұсынады. Педагог фигураларды атауға шақырады. Балалардан тапсырманы орындар алдында ауада қолының қимылын көрсетуді сұрайды.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. Оқу қызметінде не ұнағаны туралы айтуды сұрайды. Әсерлерімен бөліседі.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## № 11

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.

**Мақсаты:** геометриялық фигуралардан модельдеу біліктілігін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Геометриялық фигура – тіктөртбұрышпен таныстыру; геометриялық фигураларды тануға және атауға: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, ұқсастығы мен айырмашылығын табуға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық фигуралардың пішіні бар заттарды табуға үйрету.

2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** пішіндерді атауды, сандықты безендіруді;

**түсінеді:** шаршы мен тіктөртбұрыштың айырмашылығы, пішіні, өлшемі және түсі әртүрлі болуы мүмкіндігін;

**қолданады:** қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табуды, пішіндерді ажыратуды және олардың түсі мен өлшемін анықтауды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, балалардың әрқайсысына арналған геометриялық пішіндердің жинақтары (әртүрлі өлшем мен пішіндегі кесілген дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар) демонстрациялық материал 5, 24-кесте, қуыршақтар – Әлия мен Сырым.

**Сөздік жұмыс:** дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын сәті.** Әлия мен Сырым балалардан суреттер қандай пішіндерден құрастырылғанын сұрайды.



– Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме?

Балалар суретті талқылап, өздеріне таныс пішіндерді атайды: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш

### 2. Негізгі кезең.

Педагог түстері әртүрлі шаршы мен тіктөртбұрышты көрсетеді.

– Бұл не? (Шаршы.)

– Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз.

Саусағыңды дайында. Саусағыңмен солдан оңға қарай жүргізесің, бұрышқа жетіп бұрыласың, саусақпен жоғарыдан төменге түсесің, бұрыласың, саусағың оңнан солға қарай жүреді, бұрышқа жетіп төменнен жоғарыға саусағыңды жүргізесің.

(Әр баланың үстелінде белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар.)

– Біз саусағымызбен нені қоршап жүргіздік? (Шаршы.)

– Тіктөртбұрышты көрсетеді, атайды, бұл геометриялық фигура – тіктөртбұрыш.

– Оның жиектерін саусағыңмен жүргіз. Саусағыңды дайында...

– Тіктөртбұрыш пен шаршының не айырмашылығы бар?

Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіреді.

– Қарандар, бір қабырғалары бірдей, ал басқа екі қабырғалары әртүрлі. Тіктөртбұрыштың қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырақ.

– Балалар, тәрелкедегі шаршы мен тіктөртбұрышты алып, алдарыңа қойындар.

– Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырындар. Шаршыны тіктөртбұрышпен беттестіріндер.

– Тіктөртбұрыш пен шаршының қабырғалары туралы не айтуға болады?

(бір қабырғалары бірдей, ал тіктөртбұрыштың екі қабырғалары шаршыға қарағанда ұзынырақ).

### Топпен жұмыс

Санамақ арқылы балалар 4 топқа бөлінеді. Педагог балаларға белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығын(әртүрлі өлшем мен пішіндегі кесілген дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштар) таратады. Әрбір топқа бір пішіндегі фигуралар беріледі.

Балалар пішіндер қандай да бір белгі – үлкен – кіші, сондай-ақ түс бойынша бөлуі және бөлудің өз нұсқаларын ұсынуы тиіс.

Дөңгелектер, шаршылар, тіктөртбұрыштар, үшбұрыштарды топтан бөледі. Әр топта әртүрлі нұсқалар болуы мүмкін. Біреулер түстер бойынша орналастыруы мүмкін (мұндай 3 топ болады). Басқалары өлшемі бойынша бөледі (мұндай 2 топ болады).


Одан кейін педагогтен балалар жұмыс істеген заттардың қалай аталатынын сұрайды. Педагог пішіндерді кезек-кезек атайды. Мысалы, шаршылар. Шаршысы бар балалар тұрып, басқа балаларға көрсетеді.

5- кестемен жұмыс істеу.

Тапсырма: «Бұл неге ұқсайды?» – пішініне сәйкес заттарды табады.

**«Сәйкес қиықты таңда» дидактикалық ойыны**





### «Сипаттап табу» дидактикалық ойыны

Балалар топтағы кез келген затты, оның қандай геометриялық пішінге ұқсайтынын, түсін сипаттайды. Қалған балалар шешуін тауып, затты атайды.

### Дәптермен жұмыс істеу

Педагог **1-тапсырманы** орындауды ұсынады: пішіндердің үстінен саусағымен жүргізеді.

Фигуралардың бір-бірінен айырмашылығы неде?

Дөңгелектің бұрыштары жоқ, ол айналады. Үшбұрыш, шаршы және тіктөртбұрыштың бұрыштары бар. Олар айналмайды. Балалар тапсырманы орындайды, саусақтарымен геометриялық пішіндердің үстінен жүргізеді.

### 2-тапсырма «Бұл неге ұқсайды?»

Балалар тапсырманы орындайды, суреттен дөңгелек, тіктөртбұрыш, үшбұрыш пішінді заттарды табады. Сәйкес пішіндермен сызып қосады.

**3-тапсырманы** орындайды: заттар қандай фигуралардан тұратынын санайды және атайды. Цифрларды жазады.

**4-тапсырма** Сандықты геометриялық пішіндегі ою-өрнекпен безендір. Боя. Балалар тапсырманы орындайды. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

### «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.

Педагог 10-беттегі №10 тапсырманы орындауға ұсынады. Тапсырмалар көзбен өлшеуді дамытуға арналған, үлгі-төркөзде балалар нүкте мен фигураларды орнатады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### 3. Рефлексия.

Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Балалардан ұйымдастырылған оқу қызметінде не ұнағаны туралы айтып беруді сұрайды. Сұрақтарға жауап береді. Әсерлерімен бөліседі.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## № 12

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Дөңгелек және сопақша.

**Мақсаты:** сопақша геометриялық фигура туралы ұғым қалыптастыру.

### Міндеттері:

1. Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға; заттардың пішіндерін анықтауға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін бекіту; заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға (заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша затты ерекшелу). Геометриялық фигуралардан және олардың бөліктерінен модельдеуді жаттықтыру.

2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

### Күтілетін нәтижелер:

**меңгереді:** фигуралардың атауларын атайды: дөңгелек, сопақша; геометриялық пішіндерден ою-өрнек құрастыруды;

**түсінеді:** дөңгелек және сопақша арасындағы айырмашылықты;

**қолданады:** заттар мен фигураларды үш белгісі бойынша салыстыруды: түсі, пішіні, өлшемі.


**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал, 11, 24-кесте, қуыршақтар Әлия мен Сырым.

**Сөздік жұмыс:** дөңгелек, сопақша.

### ҰОҚ-нің барысы

#### 1. Ұйымдастыру кезеңі

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым анасына сыйлыққа суреттегідей моншақ құрастырғысы келді. Моншақ сатып алуға дүкенге барды, бірақ осы моншақтарға ұқсайтын геометриялық фигуралардың атауын білмейді. Балаларды көмектесуге шақырады.



– Суреттегі моншақтар неден құрастырылған?

– Осы пішіндердің қалай аталатынын білесіңдер ме?

Балалар суретті талқылап, таныс пішіндерді атайды. Педагог балаларға бүгін жаңа геометриялық фигурамен танысатындығын айтады.

#### 2. Негізгі кезең

Геометриялық фигура- сопақшамен танысу.

Тақтаға қарандар-бұл сопақша. Бәріміз қайталаймыз – сопақша.

Педагог өлең оқиды.

Мен сопақпын, мен сопақ

Ұзартылған домалақ .

Соңым жоқ, басым жоқ

Енді бірде жапалақ.

Мен жұмыртқамын

Мен айнамын

Мен, міне, осындай пішінмін.

Мен қоңыз, мен картоп

Аяқпенен топ - топ - топ.

Сопақшаның қасиетін білу үшін тәжірибе жүргіземіз.

Сопақшаның бұрышы жоқ (саусақпен сопақшаны жүргіз.)

Сопақша жазық, егер сопақшаны үстел үстіне немесе тақтаға беттестірсе ол көрінбейді.

Қайталайық – жазық.

Сопақшаның қасиеттерін зерттеуді жалғастырайық. Педагог тақтада, балалар үстел басында жұмыс істейді (үстел үстінде әр балаға арналған геометриялық фигуралар жиынтығы жатыр).

Оны үстелге қоюға тырысайық (сопақшаны қырымен қоюға тырысамыз). Ол тұрмайды.

Біздің тәжірибеміз сопақшаның қандай қасиеттерін көрсетеді?

Олар талқылайды, сопақша орнықсыз екенін қорытындылайды.

Сопақшаға мұқият қарап, айтыңызшы, сопақша қандай геометриялық пішінге ұқсайды? (Шеңбер.)

Педагог тақтаға шеңберді іледі.

Сопақша несімен шеңберге ұқсайды?

Олар талқылайды, сопақша мен шеңбердің бұрыштары жоқ, жазық, орнықсыз деп қорытынды жасайды.

Шеңбер мен сопақша дөңгелек пішінді.

Онда несімен олар ерекшелінеді?

Педагог шеңбер мен сопақшаны беттестіреді. Сопақша қаншалықты созылғанын қараңыздар. Сонымен сопақша қандай? Шеңбердің ұзартылған, созылыңқы түрі.

Сіздердің ойларыңызша сопақша дөңгелек сияқты домалайды ма?

Тексерейік. Сопақшаны үстелге домалатуға тырысады. Сопақшаның айналуына не кедергі? Сопақша созылған, сондықтан ол домаламайды деп тұжырымдайды.

Сопақша тағы қандай геометриялық пішінге ұқсайды?

Тақтаға тіктөртбұрышты іліп қояды. Атауын сұрайды. Балалар тіктөртбұрышты атайды.

Олардың ұқсастығы қандай?

Пішіндерді бір-біріне беттестіруге ұсынады.

Қорытындысында, тіктөртбұрыш пен сопақша – созылған жазық фигуралар, домаламайды.

Айырмашылықтары неде? Фигуралардың жиегін саусақпен жүргізеді.

Олар талқылайды, қорытындылайды, тіктөртбұрыштың бұрыштары бар, бірақ сопақшада бұрыштары болмайды.

### **Топпен жұмыс**

Педагог балаларға фигуралар жиынтығын – шеңберлерді, сопақшаларды, шаршыларды, тіктөртбұрыштарды таратады және өздерінің «моншақтарын» немесе өрнектерін жасауды ұсынады. Содан кейін, педагог өлшемі жақын шеңбер мен шаршыны, сопақша мен тіктөртбұрышты салыстыруды ұсынады. Балалар топпен жұмыс жасайды, фигуралардан өрнектер жасайды.

### **Дәптермен жұмыс**

**1-тапсырманы** орындайды. Пішіндердің үстінен саусағымен жүргізеді. Ұқсастығын және айырмашылығын айтады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

**2-тапсырма:** практикалық жұмыс. Әр бала пішініне сәйкес үйлесімді (дөңгелек немесе сопақша) кілемшелерді таңдайды, содан кейін төмендегі геометриялық пішіндермен (үш бұрыш, шаршы және дөңгелек) безендіреді.

### **Сергіту сәті**

**«Көліктерді гаражға кіргізу» дидактикалық ойыны.**

Балаларға геометриялық фигуралар таратылады. Балаларға ойын ережелері түсіндіріледі. Өздеріңді мәшинемін деп елестетіңдер, ал геометриялық пішіндер – «мәшинелердің нөмірлері», «гараждар» – белгілер – геометриялық фигуралар бейнеленген орындықтар. Белгі бойынша «мәшинелер» топ бойынша жүріп өтіп, гаражға «кіреді». «Мәшинедегі» геометриялық фигура «гараждағы» фигурамен бірдей болуы тиіс. Орындықтардың орындары ауыстырылады. Ойын қайталанады.

### **Ойын-тапсырма «Бейнеле»**

Заттарды геометриялық пішінмен қағаз бетінде бейнелеу.

Педагог заттарды атайды, балалар оларды қағазға геометриялық пішінімен бейнелеуі керек. Зейін салыңыз: тарелка, есік, шатыр, текшенің қыры, қияр.

Қандай геометриялық фигуралар шықты, атаңыз?

Балалар: шеңбер, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шаршы, сопақша деп атайды.

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **3-тапсырманы** орындауды ұсынады. Әр суретке орын тауып жапсыруларын өтінеді. Отбасы мүшелерінің әрқайсысының портреті қандай пішіндегі рамаға салынғанын анықтайды. Фигуралардың атауларын хормен қайталайды: сопақша, дөңгелек. Жақтаулардың пішініне сәйкес фотосуреттер таңдайды. «Бұл әже. Оның фотосуреті тіктөртбұрышты рамада тұр».

**«Не өзгерді?»** дидактикалық ойыны.

Педагог балаларға фигуралардың орналасуын есте сақтауды ұсынады. Олардан көздерін жұмуды сұрап, бір фигураны алып тастайды.

Ойын екі рет қайталанады. Балалар ойынға қатысады: көздерін жұмады, көздерін ашып, қандай өзгеріс болғанын айтады.

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **4-тапсырманы** жұмыс дәптеріне орындауға ұсынады: фигураларды көрсетілген түстерге сәйкес бояйды.


Тапсырманы тексеру үшін үстелдегі көршісіне көрсетеді.

#### «Домалайды – домаламайды» дидактикалық ойыны

Егер аталған зат домаласа, қол шапалақтайды, егер домаламаса, аяғын топылдатады. Мысалы, қарбыз, текше, кітап, дөңгелек, қарындаш, сәбіз, банка, жапырақ, апельсин, үйшік, доп.

Балалар заттардың пішінін анықтайды, сәйкес әрекеттерді орындайды. Педагог балалардан іс-әрекеттерін сұрайды.

#### «Санау» дидактикалық ойыны



- Барлығы қанша шаршы(сопақша, шеңбер, үшбұрыш)?
- Барлығы неше кішкентай шаршы (сопақша, шеңбер)?
- Барлығы қанша үлкен шаршы(сопақша, шеңбер)?
- Барлығы қанша кішкентай, үлкен фигуралар бар.
- Қанша қызыл (көк, сары, жасыл ...) фигуралар бар.
- Қандай фигуралардың түсі көбірек (мөлшері, пішіні).
- Белгілі бір бағанда немесе қатарда қанша үлкен (кіші) фигура бар?
- Қай қатарда түсі (өлшемі, пішіні) бойынша пішіндері көп.
- Жалпылау тапсырмасы.
- Фигураларды қандай топтарға бөлуге болады?

#### «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.

Педагог 11-беттегі №11 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада геометриялық фигуралар, сызықтар салады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

#### 3.Рефлексия.

Оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

#### № 13

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Шар, текше, цилиндр.

**Мақсаты:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- 1.Текше, шар, цилиндрді тануды, атауды үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, санау дағдыларын дамыту; санау білігін бекіту, қоршаған ортадан геометриялық фигуралардың пішіні бар заттарды табуға үйрету.
2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** текше, шар, цилиндр атауларын айтуды;

**түсінеді:** осы пішіндердің ерекше қасиеттерін;

**қолданады:** қоршаған ортадан геометриялық денелердің пішіні бар заттарды табуды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал 16, 24-кесте, қуыршақтар Әлия мен Сырым, геометриялық денелер, фигуралар бейнеленген карточкалар.

### **ҰОҚ-нің барысы**

#### **1.Ұйымдастыру кезеңі**

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым балаларды «Сикырлы пішіндер» әлеміне шақырады. Бұл елде барлығы осы пішіндерден құрастырылған. Барлық пішіндерді қарап, бірдейін табуды және атауларымен танысуды ұсынады.



#### **2.Негізгі кезең.**

Педагог балаларды геометриялық денелердің атауларымен таныстырады.

Текшені көрсетеді. Бұл текше.

Шарды көрсетеді. Бұл шар.

Цилиндрді көрсетеді. Бұл цилиндр.

Жалпылау, куб, доп, цилиндр - бұл геометриялық денелер.

Балалар атауларын қайталайды.

#### **Топпен жұмыс.**

Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді.

Ол әр топқа фигуралар береді. Мүмкіндігінше балаларға көлемді пішіндерді қолмен ұстап көруге беріп, топтарға пішіндерден өз сарайларын салуды және олардың оны қандай пішіндерден жасағанын айтып беруді ұсыну қажет.

**Ойын жаттығуы:** «Пішіндер неге ұқсайды?»

Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас бейнеленген заттарды қарауға ұсынады.

- Шар неге ұқсайды? (қарбыз, доп, глобус)

- Цилиндр неге ұқсайды? (кружка, стаканға)

-Текше неге ұқсайды? (текшелер, сыйлық қорапшасына).

**Кеңістіктік ұғымдарды дамытуға арналған ойын:** «Фигураны атап көрсет» үш сөреге ойыншықтар қойылады, педагог сөренің жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан пішін бейнеленген карточканы көтеруді сұрайды. Екінші сөренің ортасында. Төменгі сөренің сол жағында және т.б. Балалар карточканы көтергеннен кейін пішіннің қалай аталатынын дауыстап айтуы қажет.

#### **Дәптермен жұмыс істеу**

Педагог **1-тапсырманы** орындауға ұсынады. Пішіндерді атайды. Осындай пішіндегі заттармен сызып қосады.

**2-тапсырманы** орындайды.

Суреттен шар, текше, цилиндрге ұқсас заттарды тауып атауларын ұсынады.

#### **Сергіту сәті**

*Кәне, қанат жазайық,*

*Қарлығашқа ұқсайық.*

*Ұшып-ұшып алайық.*

*Орнымызға қонайық.*

*Білімде алда болайық.*

**Дәптермен жұмыс істеу**

Педагог **3-тапсырманы** орындауға ұсынады. Фигураларды санайды. Тиісті цифрды қоршайды.

**4-тапсырманы** орындайды. Әр қатардан артық затты табады. Белгілейді. Педагог балалармен бірге тапсырманы талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді.

#### **«Пішінді табындар» дидактикалық ойыны.**

Дорбада (мөлдір емес) әртүрлі геометриялық пішіндегі заттар бар.

Тапсырманы күрделендіру үшін жүргізуші дорбадан нақты пішінді табуға тапсырма береді. Бұл ретте бала қажетті пішінді тапқанға дейін бірнеше пішінді кезек-кезек ұстап көреді. Балалардың әрқайсысында «Сиқырлы» дорбаның болуы орынды. Пішіндерді өзара салыстырып: «Шардың қабырғалары бар ма? Шар, текше домалайды ма?» – деген сұрақтарға жауап береді. Ойын ойнайды. Бала пішіндерді қолымен ұстап, сипалап, атауын атайды. Пішіндерді өзара салыстырады.

Оларды қоршаған ортадағы заттармен салыстырады. Заттардың неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды.

Қызығушылық танытады, педагогті мұқият тыңдайды, ойын ережелерін орындайды.

#### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 19-21-ші беттегі № 27-29-шы тапсырмаларды ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада геометриялық фигуралар салады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

#### **3.Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды мадақтайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

### **№ 14**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең.

**Мақсаты:** уақыт ұғымдары туралы білімдерін қалыптастыру.

#### **Міндеттері:**

1. Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін тану, атауды үйрену, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең. Уақытты циферблат арқылы анықтау.

2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.

3. Ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** оқиғалардың уақыттағы реттілігін сипаттайтын сөздерді айтуды: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн; уақытты циферблат арқылы анықтауды;

**түсінеді:** тәулік мезгілдерінің кезектілігін;

**қолданады:** болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты кеше, бүгін, ертең сөздерін қолдануды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал, 10, 23, 24-кесте. Қуыршақтар Әлия мен Сырым, сағаттың моделі.

**Сөздік жұмыс:** Кеше, бүгін, ертең. Таңертең, күндіз, кеш, түн.

### **ҰОҚ-нің барысы**

#### **1.Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын сәті.** Әлия мен Сырым балаларға тәулік бөліктері бейнеленген сурет әкелді. (Демонстрациялық материал, 10-кесте.)

Балалардан тәулік бөліктерін анықтауды үйретуді сұрайды.

Педагог жұмбақ шешуді ұсынады:

– Қабырғадан қарап тұр,  
Уақытты санап тұр. (Сағат)  
Ағайынды екеуі  
Шеңбер бойы жүгірген.  
Аласа бойлы ағасы  
Бір айналып өтеді,  
Ұзынтұра інісі  
Сағат сайын өтеді. (Сағат тілдері.)

– Сағат адамға нені білуге көмектеседі? (Уақытты.)

Бүгін біз оқиғалардың ұзақтығы мен кезектілігін, яғни ненің бұрын, ненің кейін болғанын анықтап білеміз.

## **2. Негізгі кезең.**

Педагог балалардың таңертең, күндіз, кешке, түнде не істейтіні туралы сұхбат жүргізеді. Ата-аналар балаларды балабақшаға қашан әкеледі және қашан алып кетеді? Балалар қай уақытта ұйықтайды, түскі тамағын қай кезде ішеді?

Педагог демонстрациялық материалдан 10-кестедегі суреттерді көрсетеді.

Сағаттың үлгісін қолданады (циферблат сағат тілімен).

### **10-кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс**

Педагог балалардан тәуліктің қай мезгілі бейнеленгенін сұрайды.

Балалар күннің бөліктерін анықтайды, атайды.

Педагог балалардан жауаптарын түсіндіріп беруін сұрайды: таңертең балалар беттерін жуады, тістерін тазалайды. Күндіз балалар балабақшада ойнайды. Кешке анасы ұйықтар алдында балаларға кітап оқиды. Балалар түнде ұйықтайды.

-Бұл қай мезгілде болады?

**Сағатпен танысу.** ( № 23 демонстрациялық материал (циферблат сағат тілімен).

Сағат не үшін керек?

Сағаттың қай түрін көрдің? (қабырға сағаты, қол сағаты, үстелге қоятын сағат)

Саны бар шеңберді циферблат деп атаймыз.

Циферблатта уақытты анықтайтын ұзын және қысқа тілдері бар.

Егер ұзын тілі 12-ні, ал қысқа тілі 1 цифрасын көрсетсе, бұл сағаттың 1 болғанын көрсетеді.

### **Сағаттың модельдерімен жұмыс**

Алдарыңызда жылжымалы тілі бар сағат моделі.

Мен атаған уақытты сағат тілімен көрсету керек. Сағаттың 5 болғанын сағат тілімен қойыңдар. Сағат тілдерін қалай қойдыңдар? (Сағаттың қысқа тілі 5 цифрын, ал ұзыны 12-ні көрсетеді.)

Педагог балаларға өлең тындауды ұсынады.

Таңертең тұрамын,

Бетімді жуамын.

Тісімді тазалап,

Шашымды тараймын.

Киімімді киемін,

Бақшаға келемін

Мен әдепті баламын.

Балалар өлең тындап отырып топпен жұмыс жасайды: сағат тілін өз бетінше қозғап, таяқша қай бағытта қозғалатынын қадағалайды.

### **Дәптермен жұмыс**

**1- тапсырма.** Тәулік бөліктерін атайды және сәйкес суреттерді тауып жапсырады.

Сағатпен уақытты анықтайды.

Педагог балалармен тапсырманы талқылайды, суреттерге қарап күннің уақытын және балалардың сол уақытта не істейтінін анықтайды.

Сағаттағы уақытты атайды: таңертеңгі 7, күндізгі екі, кешкі 8, түнгі он.

### **Сергіту сәті**

**«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны.** Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады. Балалар ережеге сәйкес орындайды.

**2-тапсырма.** Мәтінді тыңдайды. Сағат тілін аяқтап сызып салады, суреттермен сәйкестіреді.

Кейін мәтінді оқиды.

-Балалар таңғы сағат 8-де балабақшаға барады.

- Суретке қараңыз, сағат тілі қай жерде орналасуы керек? Оны салыңыз. Содан кейін педагог тапсырманы оқиды, ал балалар оны өз бетінше орындайды.

-Отбасы кешкі сағат 7-де тамақ ішеді.

-Сырым кешкі сағат 9-да ұйықтайды. Тапсырманы жұппен тексерген дұрыс.

Педагог «кеше», «бүгін», «ертең» сөздерін енгізеді.

Балалардан кеше не болғанын еске түсіруді сұрайды. Ал бүгін не істеп жатыр? Ертең не істегілері келеді?

Сондықтан педагог олардың мағынасын нақтылау үшін бір-бірінен кейін бірізді болған 3 оқиға бейнеленген суреттерді іріктеп дайындайды. Мысалы, кеше олар ертегі оқыды, бүгін сурет салды, ертең олар гүлдерді суарады.

Балалар сөздерді хормен қайталайды: кеше – ол өтіп кеткен. Бүгін – қазір болып жатыр. Ертең – ол болады.

**Дәптермен жұмыс**

**3-тапсырма.** Суретке қараңдар. Онда не бейнеленген? Алдымен не болды? Одан кейін? Соңында не болды? Суреттерді ретімен жалғайды.

Суреттерге сәйкестендіріп айтады алдымен гүл (гүлшанақ) болды – бұл кеше болды; одан кейін бүгін гүл ашылды, ал ертең ол қурайды.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 12-беттегі № 13, 14 тапсырмаларды ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада қиялдаған сызықтарды салады, қолымен дөңгелек қимылын көрсетеді.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. Әлия мен Сырым балаларға тәулік бөліктерін қалай атауға болатынын және уақытты сағат бойынша білуге үйреткеніне алғыс айтады.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

**№ 15**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Апта күндері.

**Мақсаты:** апта күндері туралы білімдерін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру.

2. Зейін, есте сақтау, сойлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту.

3. Дербестікке тәрбилеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** апта күндерінің атаулары мен кезектілігін айтуды;

**түсінеді:** оқиғалар уақытының кезектілігін (алдымен, одан кейін, бұрын, кейінірек);

**қолданады:** апта күндерін рет-ретімен және шашыраңқы айта алуды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, көрнекі материал, № 13, 24-кесте. Әлия және Сырым қуыршақтары.

**Сөздік жұмыс:** апта күндерінің атаулары.



## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын сәті.** Әлия мен Сырым балаларға әжесінің сенбіге қонаққа шақырғанын айтады.

Апта күндері атауларын үйретуді, сенбі аптаның қай күні екенін айтуын сұрайды.

Педагог «Апта күндері» деген өлең тындауды ұсынады.

Дүйсенбіде доп ойнадық алаңда,  
Сейсенбіде серуен құрдық далада,  
Сәрсенбіде сурет салдық сәндетіп,  
Бейсенбіде би биледік әндетіп,  
Жұма күні жидек тердік ағаштан,  
Сенбі күні кино көрдік театрдан,  
Жексенбіде үйде болдық демалдық.  
Осылайша өте шықты бір апта [14].

Балалар, өлең не туралы?

*Жеті ата*

Атанып батыр атқа мін,  
Ата-тегіңді ұлықта!  
Жеті күніндей аптаның,  
Жеті атаңды ұмытпа! [15]

### Дәптермен жұмыс

#### 2. Негізгі кезең.

Педагог аттары апта күндеріне сәйкес келетін ағайындылармен (13-кесте) ойын ойнауға шақырады: дүйсенбі ... жексенбі.

Ағайынды апта күндері бейнеленген суреттерді қарайды. Оларды санайды (7).

Атауы мен ретін хормен қайталауды сұрайды: дүйсенбі – бірінші күн, сейсенбі – екінші күн.

Педагог ағайынды апта күндері әрқашан рет-ретімен келетінін айтады. Олардың реттілігін жаттап алу керек. Одан кейін күндерге реттік нөмірлер тағайындауды сұрайды және олардың астына 1-ден 7-ге дейін цифрлар жазылған карточкаларды қояды.

Олардың атауларын қайталайды.

**Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»**

Педагог цифрды көрсетеді, балалар апта күндерін атайды.

**Ойын жаттығуы: «Ұқыпты бол»**

Педагог ойын шартын түсіндіреді: мен апта күндерін атаймын, сендер алақан соғасындар.

Аптаның Сәрсенбі күнін атағанда алақан соқпайсындар.

### Дәптермен жұмыс

**1-тапсырма.** Суретке қарайды. Қыз аптаның әр күні немен айналысқанын айтады.

Балалар тапсырманы орындайды, аптаның күніне қарай қыздың әрекетін атайды.

**2-тапсырма.** Апта күндерін атайды. Оларды үйлерге орналастырады. Үйлердің нөмірін жазады. Балалар тапсырманы орындайды. Жұмбақ шешуді сұрайды.

Жаңбыр жауып басылды,

Аспан шәйдай ашылды.

Қызыл, сары, жасылды,

Көк те бір зат асылды. (Кемпірқосақ)

Кемпірқосақтың неше түсі бар?

Апта күндеріндей Кемпірқосақтың да жеті түсі бар.

**3-тапсырма.** Апта күндерін кемпірқосақтың түсімен бояйды. Балалар тапсырманы орындайды.

**«Келесі апта күнін ата» (доппен) дидактикалық ойыны**

Балалар шеңберге тұрады. Бір бала допты лақтырады, аптаның күнін атайды. Екінші бала допты ұстап алып, аптаның келесі күнін атауы керек.

**4-тапсырма.** Графикалық жұмыс. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қарындашты дұрыс ұстауына көңіл бөледі.

### «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс

Педагог 13-беттегі № 16 тапсырманы ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада қолымен дөңгелек қимылын көрсетеді.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### 3.Рефлексия.

Оқу қызметін қорытындылайды, жаңадан не білгендері туралы сұрайды.

Әлия мен Тимур балаларға алғыс айтады, енді олар аптаның қай күні әжесіне бару керектігін біледі.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## № 16

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Жыл мезгілдері.

**Мақсаты:** айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру.

**Міндеттері:**

1. Ай атауларын жыл мезгілдері бойынша рет-ретімен атауға үйрету және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту.

2. Зейін, жад, сөйлеу, логикалық ойлауды, сәйкестік табуды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Дербестікке баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** жыл айларының реттілігімен таныстыру.

**түсінеді:** жыл мезгілдерінің маусымдық айырмашылықтарын;

**қолданады:** жыл мезгілдерінің, айлардың олардың реттілігімен айту дағдысы.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** № 1 жұмыс дәптері Жыл мезгілдері бар кесілген суреттер жиынтығы, киім жиынтығы бар қуыршақтар, демонстрациялық материалдан жасалған № 18-20, 24-кестелер. Әлия және Сырым қуыршақтары.

**Сөздік жұмыс:** жыл, ай.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1.Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын сәті.** Әлия мен Сырым «Бұл қашан болады?» деген жұмбақ шешуді ұсынады.

– Бұл қашан болады? Күн суық, жаңбыр жиі жауады. Жапырақтар сарғайып, жерге үзіліп түседі. Құстар жылы жақтарға ұшып кетеді. Адамдар жеміс-жидек пен көкөністерді жинап алады.

– Бұл қашан болады? Далада аяз болады, қар жауады. Үлпілдек қар жауса, одан аққала соғуға болады. Сусылдақ қар да жауады. Өзен-көлдердің суы мұз болып қатады. Мұз қатты, салқын және тайғанақ

– Бұл қашан болады? Күн жылынып, қар ери бастайды, жылғалардан су ағады. Жерде шөп және алғашқы гүлдер шығады, ағаштар бүршік атып, жапырақ жаяды. Жылы жақтардан құстар оралып, ұя салады.

– Бұл қашан болады? Күн ыстық болады. Өсімдіктер гүл атады. Адамдар өзен-суларға шомылады. Құстардың ұяларында балапандар пайда болады.

Жағдаятқа қызығушылық танытады. Балалар өз таңдауын түсіндіре отырып, жұмбақтарды шешеді.

### 2.Негізгі кезең.

Педагог жыл мезгілдері туралы өлең оқиды.

**Жыл мезгілдері**

Самал желі өскен,  
Гүлі жәйнап өскен.  
Сыңғыр қаққан бұлағы-  
Көк көйлекті *көктем*.  
Көңіліңнің назы,  
Көлде үйрек, қазы.  
Жеміске бай, ыстық-  
Көктемнен соң *жазы*.  
Жер байлығын жиған,  
Қоймаға ел құйған  
Сары алтындай түсі-  
Күз мақтауға сыйған.  
Үстінде аппақ шапаны,  
Күмістей мұрт, сақалы.  
Төрт мезгілдің атасы-  
Әйгілі *қыс* атағы[16].

№ 19 демонстрациялық материал жыл мезгілдерінің, айлардың атауларын бекітуге қолданылады.

№ 19.1-кестедегі демонстрациялық материал жыл мезгілдерінің, әрқайсысында үш ай болатынын, айларының атауларын айтады. Балалар жыл мезгілдерінің айларын хормен айтады.

№18, 20-кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс

Педагог қуыршақты жыл мезгіліне сай киіндіруді ұсынады. Тақтадағы баланың суреті бойынша маусымға қарай киім таңдауға көмек көрсету.

Қуыршақтың есімін қойып, жыл мезгіліне сай киіндіруге көмектеседі.

– Далада күн суық болғанда қалай киіну керек? Ал күн ыстық болғанда ше?

Педагог 18-кесте бойынша жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар қуыршаққа киім таңдайды.

Үлестірме материалмен жұмыс(19.2- кесте)

19.2-кесте табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін байланыстыру үшін қолданылады.

Педагог 18-кесте бойынша жыл мезгілінің суретін көрсетеді, балалар сәйкес таңдалған карточкаларын көтереді.

### **Дәптермен жұмыс**

#### **1-тапсырма.**

Суреттерді қарайды. Жыл мезгілдерін атайды. Жыл мезгіліне сәйкес ағаштарды таңдайды. Оларды жапсырады.

#### **Сергіту сәті.**

Көктем келді, күн ашық,  
Шықты қаулап қызғалдақ.  
Гүл -гүл жәйнап қыр асып,  
Шақырады қол бұлғап.  
Шықтық қырға жиналып,  
Ән шырқадық биледік.  
Қызғалдақты сыйладық,  
Біріне де тимедік. [17]

#### **«Жыл бойы»**

Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:

- Ақпан жыл ішінде нешінші ай?
- Жылдың соңғы айы қандай?
- Қазаннан кейінгі қандай ай?
- Жаз айларын ата және т.б.

### **Дәптермен жұмыс**

#### **2-тапсырма.**

- Ай аттарын есінде сақта.
- Әр жыл мезгілінде неше ай бар?

**3-тапсырма.** Осындай телпекті тауып, оны бірдей етіп боя. Қанша телпек боялмаған? Оларды қоршап сыз.

Телпекті жылдың қай мезілінде киеді? Телпектер несімен ұқсайды? Айырмашылығы неде? Балалар тапсырма бойынша телпектерді тауып бояйды. Басқаларын қоршап сызады.

### **Графикалық жұмыс.**

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.** Балалар тапсырманы орындайды. Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қарындашты дұрыс ұстауына көңіл бөледі. 16-беттегі № 22 тапсырманы ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын қолымен ауада дөңгелек қимылын көрсетеді. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3.Рефлексия.**

Педагог балалардан сәтті және оңай жасаған және қателескен немесе қиын болған жұмыс түрлері туралы сұрайды. Қорытындысын шығарады, балаларды көтермелейді.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 17**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Ауыр. Жеңіл.

**Мақсаты:** заттардың салмағы «жеңіл», «ауыр» туралы ұғым қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

1. «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту.
2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтады: («ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»);

**түсінеді:** заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстыруға болатынын;

**қолданады:** заттардың салмағын қолға салып, көзбен көріп, қарапайым таразының көмегімен салыстыру.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, үлкен және шағын рюкзактар, демонстрациялық материал, 9, 24-кесте, таразының түрлері, өлшеуге арналған заттар. Қуыршақтар – Әлия және Сырым.

**Сөздік жұмыс:** ауыр, жеңіл, өлшеу.

## **ҰОҚ-нің барысы**

### **1.Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым балалардан кімнің рюкзагі ауыр, кімнің рюкзагі жеңіл екенін анықтауға көмектесуін сұрайды.

Алдымен үлкен рюкзакты әкеледі, көтеруге өте ауыр деген кейіп танытады. Одан кейін шағын рюкзакты оңай және көңілді әкеледі. Балаларға сұрақ қояды: «Осы рюкзактар туралы не айта аласыңдар?»

Салмақ туралы болжамдар айтады.

Педагог балалардың жауаптарын қорытындылайды: үлкен рюкзак ауыр, екіншісі кішкентай және жеңіл.

– Бүгін біз заттарды салмағы (массасы) бойынша салыстырамыз. Ол үшін қандай сөздерді қолданамыз? (Ауыр және жеңіл).

### **2.Негізгі кезең.**

**Ойын тапсырмасы:** «Ауыр және жеңіл заттарды табу».

Бөлмеден ауыр және жеңіл заттарды табуды сұрайды, сол арқылы балалардың салмақ туралы ұғымдарын анықтайды.

Балалар ауыр және жеңіл заттарды табады: үстел, шкаф, орындықтар,

**Дәптермен жұмыс істеу**

**1-тапсырманы** орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды.

-Кімнің жолдорбасы ауыр?

-Кімнің жолдорбасы жеңіл?

Педагог балалармен бірге тапсырманы орындайды, талқылайды. Баланың жолдорбасы жеңіл екенін анықтайды, ол оны оңай көтеріп, жүгіреді. Атасының жолдорбасы ауыр, сондықтан бала атасына көмектеседі.

**Эксперименттік іс-әрекет** Педагог кейбір материалдарды өлшеуге ұсынады.

/ Балалардың үстелдерінде заттары бар: металл және жеңіл ұлпа, мақта, қауырсындар /Педагог алақанға салуды сұрайды.

Сол және оң жақ қолымда не бар? (Сол жақ алақанда мақта, оң жақта металл гайкасы).

Не жеңіл? Не ауыр? (мақта жеңіл, ал металл ауыр).

Ал енді терең дем алып, алдымен мақтаны үрлеңіз. Не болды? (Мақта ұшып кетті).

Енді металл заттарды үрлеңіз. Олармен күресу оңай ма? (Гайкілер қозғалмайды).

Неліктен? (Гайка ауыр, ол – металл. Металл мақтаға қарағанда ауыр, ал мақта металдан жеңіл дегенді білдіреді).

**Дәптермен жұмыс**

**2-тапсырманы** орындауға ұсынады. Суреттерді қарайды. Ауыр және жеңіл заттарды тауып, оларды жапсырады. Балалар заттарды атайды, олардың салмағын анықтайды. Ауыр зат – үлкен жолдорба мен белтемір, жеңіл – доп және кішкентай жолдорба. Заттарды жапсырады.

**Сергіту сәті**

Ауыр рюкзакты қалай көтеретіндеріңді көрсетіндер, жеңіл рюкзакпен, соқпақ жол үстінде секіріп келе жатқандарыңды көрсетіндер.

Салмақты қандай құралдардың көмегімен өлшеуге болатынын кім біледі? (Таразы). Ең қарапайым таразымен танысуды ұсынады. Ең қарапайым таразыны көрсетеді.

Таразыға салмағы әртүрлі заттарды қояды.

Таразы арқылы кімнің (ненің) ауыр екенін анықтайды.

Таразының қай табақшасы төмен түседі? Жеңіл немесе ауыр зат салынғаны ма? Таразының ауыр зат салынған табақшасы төмен түседі деп балалар айтады.

**№9 демонстрациялық материалмен жұмыс**

Педагог таразының модельдерімен таныстырады. Қай таразының заттар салмағы бірдей, қай таразы заттар салмағы бойынша әртүрлі екенін қарайды, жауап береді. Суретте табақшалар бір деңгейде тұрған болса, заттардың салмағы бірдей. Таразы табақшалары әр деңгейде болса, заттардың салмағы әртүрлі деп, педагогпен бірге қорытынды жасайды.

**Дәптермен жұмыс істеу**

**3-тапсырманы** жұппен немесе топпен орындауға ұсынады. Балалар суреттерді қарайды, не бейнеленгені туралы айтады.

-Жүк көліктері туралы не айтуға болады?

- Сол жақтағы жүк көлігі ауыр заттарды тасиды.

-Оң жақтағы жүк көлігі жеңіл заттарды тасиды.

Бір топ (жұп) сол жақтағы жүк мәшинесіне ауыр заттарды, екінші топ (жұп) оң жақтағы мәшинеге жеңіл заттарды тиейді. Тапсырманы орындайды, тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз таңдауын түсіндіреді.

**4-тапсырма.** Балалар салмағы ауыр заттарды бояйды, жеңіл заттарды қоршап сызады. Тапсырманы орындайды, салмағы ауыр затты қалай анықтағанын айтады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

Сұрақтарға жауап береді: салмақты салыстыру үшін затты көтеріп көруге, немесе екі қолға салып салыстыруға немесе таразыға салып өлшеуге болады.

### «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.

Педагог 14-беттегі № 17 тапсырманы ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу және толқынды сызықтар салады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### 3. Рефлексия.

Оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды көтермелейді. Әсерлерімен бөліседі.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындалса, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

### № 18

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.

**Мақсаты:** салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату білігін бекіту.

2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** заттарды салмағы бойынша салыстыруды сипаттайтын сөздерді айтуды: «ауыр – жеңіл», «ауырлау – жеңілірек»;

**түсінеді:** заттарды қарапайым таразының көмегімен немесе екі қолға салып, салмағы бойынша қалай салыстаруды; заттың өлшемі мен оның массасының байланысы туралы (біртекті заттарға қатысты);

**қолданады:** заттарды қолға салып, көзбен салыстырып, қарапайым таразының көмегімен салыстыруды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №1 жұмыс дәптері, екі бірдей балалар жолдорбасы, демонстрациялық материал № 24. Қуыршақтар Әлия және Сырым.

**Сөздік жұмыс:** Ауыр, жеңіл, өлшеу.

### ҰОҚ-нің барысы

#### 1.Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым бірінші сыныпқа баруға дайындалады. Ата-аналары оларға жолдорба алып беріпті. Әлия мен Сырым жолдорбасының бірдей екенін білгісі келеді.

Педагог үстелге екі бірдей балалар жолдорбасын қойып, балаларға сұрақ қояды:

Мына жолдорбалар туралы не айта аласыңдар? Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме?

– Масса туралы не айтуға болады? Олар бірдей ме, немесе әртүрлі ме?

– Мұны түсіну үшін не істеу керек?

Балалар жолдорбаның пішіні, өлшемі, түсі, материалы бойынша бірдей екенін айтады. Салмақ туралы болжамдар айтады. Балалар салмақты көзбен анықтау мүмкін емес, қолға алып, салыстыру керек деген қорытындыға келеді.

#### 2.Негізгі кезең.

Педагог бірнеше балаларға жолдорбаларды қолдарына алып, (біреуі бос, екіншісі толтырылған, ауыр екені анық) тексеруді, сондай-ақ «қолында» анықталған екі заттың массаларын салыстыру нәтижелерін тексеру үшін екі табақшасы бар, ең қарапайым таразыларды қолдануды ұсынады.

**Эксперименттік іс-әрекет** Табақшаның тепе-теңдігі балаларға массаның теңдігін көрсетеді. Балалар қолдарындағы жолдорбалардың массасын салыстырады, таразыда үлкен массасы бар табақша төмен түсіп жатқанын бақылайды.

Педагог екінші жолдорбаны ұқсас заттармен толтырады. Жолдорбалардың массасының теңдігі таразы табақшасымен тексеріледі.

Әрі қарай, өлшемі бойынша үлкен, бірақ жеңіл зат, кішкентай, бірақ ауыр заттармен сәйкестендіруді ұсынады: өлшемі бойынша үлкен шарды, металл шарикпен немесе доппен сәйкестендіреді.

Балалар бақылап, қорытынды жасайды.

-Заттың салмағы өлшеміне байланысты ма?

*Салмақ өлшемге байланысты емес*

-Қалай тексеруге болады?

Қорытындылайды, массаның өлшемге байланысты емес екендігі туралы қорытынды жасайды.

### **Дәптермен жұмыс**

**1-тапсырманы** орындауға ұсынады.

Суреттерге қарайды. Ауыр және жеңіл жолдорбаны анықтайды, белгілейді. Өз таңдауын түсіндіреді. Жұппен жұмыс істейді.

Балалар өз болжамдарын айтады. Сурет бойынша көк жолдорба сарыға қарағанда ауырлау. Көк жолдорбасы бар балалар шаршаңқы.

#### **Сергіту сәті.**

Орман алаңына жеңіл адымдап, ешқандай жүксіз шыққанымызды елестетіндер.

*Бұталар мен төмешіктен*

*Аттан өтіп жеңілдікпен,*

*Бұтақтар мен томарлардан*

*Секіріп өтіп оңайлықпен*

*Ұзақ-ұзақ жүріп келдік,*

*Шаршадық деп берілмедік.*

*Енді жеттік, тоқтадық,*

*Кел, достарым, жайғасып,*

*Отырайық демалып.*

*Тынығамыз, күш жинаймыз,*

*Одан кейін сапарға*

*Аттанамыз қайтадан.*

Ал енді жолдорбаға саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді толтырып алғанымызды елестетіндер. Балалар «бос» және «толық» жолдорбамен қимылдар жасайды.

Жұптық жұмыс жасайды.

**«Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны.** Педагог балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып білуді ұсынады: кітап және қарындаш, тас және қағаз парағы, текше және кесек, әуе шары және футбол добы, моншақ және шеге, шеге және дән және т.с.с.

Сондай-ақ салмағы бірдей жұптарды анықтауды ұсынады. «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. Балалар тапсырманы орындайды.Тексерген кезде жұптардың әрқайсысы өз жауабын түсіндіреді.

### **Дәптермен жұмыс істеу**

**2-тапсырманы** педагог орындауға ұсынады .

Суреттерді қарайды.

- Таразыда тұрған заттар туралы не айтасың? Қарбызды теңестіру үшін таразыға неше қауын салу керек? Балалармен бірге қарбызды теңестіру үшін неше қауын салу керектігін анықтайды. Қауынның суретін салады.

Педагог **3-тапсырманы** орындауға ұсынады.

Әр жұптағы ауыр затты қоршап сызады, өз ойларын айтып отырады.

Балалар тапсырманы орындайды. Таразыдағы ауыр заттарды қоршайды. Массасы бойынша заттарды қалай салыстыруға болатынын түсіндіреді. Жеке жұмыс жасайды.

**4 -тапсырма.** Алдымен педагог сол жақтағы суретте не зат ауыр екенін, таразының табақшасы қалай орналасқанын түсіндіруді сұрайды (балалар алақанда көрсетеді). Содан кейін оң жақ суреттегі таразының орналасуына назар аударылады.

- Таразының бос табақшасындағы зат қандай болуы тиіс? (жеңіл). Әрі қарай балалар тапсырманы өз бетінше орындап, тексереді өз ойларын түсіндіреді.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 15-беттегі № 19, 20 тапсырманы ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу сызықтар салады, қолымен дөңгелек қимылын көрсетеді.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3.Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды көтермелейді. Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 19**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Бүтін және бөлік.

**Мақсаты:** «бүтін және бөлік» туралы ұғым қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. Түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынастың анықтау білігін дамыту; бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру. «+», « – » таңбасымен таныстыру білігін қалыптастыруды жалғастыру; сандарды санау, салыстыру, цифрларды тануға және атау қабілеттерін бекіту.

2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;

**түсінеді:** затты (фигураны) өзінің бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;

**қолданады:** сандарды санауды және салыстыра білуді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, плакат, демонстрациялық материал. 24-кесте. Қуыршақтар Әлия, Сырым.

**Сөздік жұмыс:** бүтін, бөлік, жарты, төрттен бір бөлік.

## **ҰОҚ-нің барысы**

### **1.Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жағдаяты** «Аспазшы». Әлия мен Сырым тақтада алжапқыш пен аспаз телпектерін «киеді». Педагог балаларды кесілген жемістерді орналастыруға шақырады. Балалар жағдаятқа қызығушылық танытып, жұмысқа араласады.

### **2. Негізгі кезең.**

Педагог қызғылтсары шеңберді алып екіге бөледі.

- Әлия апельсинді екіге бөлді.

Әр бөлікті қалай атауға болады? (жарты)

- Ал егер біз екі жартыны бір-біріне біріктірсек, не болады? (Бүтін апельсин болады. Барлығы біріктіреді).

Әлия апельсинді неше бөлікке бөлді?

Қайсысы көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?

- Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (бөліктерді қосамыз).

Сырым апельсинді төрт бірдей бөлікке бөлді. Бұл бөліктерін- ширек, төрттен бір бөлігі деп атайды.

- Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады?(Бүтін)



Сырым апельсинді неше бөлікке бөлді?  
Не көп: жарты ма, әлде төрттен бір бөлігі ме?  
2 немесе 4 пе?

### **Практикалық жұмыс**

Педагог пицца немесе тәтті(пирог) нанды жарты немесе төрт бөлікке кесуге ұсынады.  
– Бөліктерден бүтінді қалай жасауға болады? (*Біріктіру арқылы.*)

Қорытынды: бөліктерден бүтінді алу үшін бөліктерді біріктіру немесе қосу қажет.

### **Дәптермен жұмыс**

**1-тапсырманы** педагог балалармен бірге ауызша орындайды. Заттарды атайды.

- Әр суреттің қандай бөліктері бейнеленген? Оларды көрсет.

Педагог қосымша сұрақтар қояды:

- Компьютердің неше бөлігі бар? Олар бірдей ме?

- Апельсиннің қандай бөліктерін көріп тұрсың?

- Ойыншықтардың неше бөлігі бар?

Шаршының бөліктерін қара. Шаршының парағын осындай бөліктерге кес. Шаршыны бүкте.

- Паровоз вагондарды алып жүреді. Олар нешеу, санаймыз.

Паровоздан кейін бірден сол жақтағы вагондардан бастап санайық. Балалар санайды.  
(10)

- Барлық вагондар бірдей ме? Пішіні, өлшемі, түсі бойынша?

–Пойыздың 10 вагонын біртұтас деп айтуға болады.

-Текшелер жиынтығы - бұл бүтін. Жиынтықта қанша текше бар? Олар бірдей ме?  
(Пішіні мен өлшемі бірдей, түсі әртүрлі)

- Жиынтықтағы текшелерді сана.

Осыдан кейін педагог қағаздан жасалған шаршыларды таратады, оны тең бөлікке, содан кейін тағы бүктеуді ұсынады. Ашып бөліктерді санайды.

- Шаршының екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін басқаша қалай атауға болады?  
(жарты, ширек)

Сондай-ақ, тең және тең емес бөліктерге бөлінген ашықхатты таратуға болады. Педагог бүктеуді сұрайды. Бөліктерді санайды.

### **Ойын жаттығуы: «Дұрыс ата»**

Педагог суреттерді көрсетеді, балалар бүтін немесе бөлік деп айтады.

Бүтін алманы, текшелер жиынтығын көрсетеді, содан соң бөліктерін-жарты, төрттен бір бөлігін. Балалар атайды.

### **Дәптермен жұмыс**

Балалар **2-тапсырманы** орындайды. Бүтін мен бөліктердің үстінен саусақтарымен жүргізеді. Практикалық жұмыс жүргізеді, сұрақтарға жауап береді.

- Алма қандай бөліктерге бөлінген? (*Жоғарыда алма екі бөлікке, төменде төрт бөлікке бөлінген*).

- Барлық бөліктерін біріктірсе, не болады? (*Бүтін*)

- Алманың екіден бір бөлігін, төрттен бір бөлігін, басқаша қалай атауға болады? (Жарты, ширек.)

Педагог мұны «+» белгісінің көмегімен көрсетеді.

Екінші суретте алманың төрт бөлігінен бір бөлігін алады, қанша бөлік қалады?

Педагог мұны «-» таңбасының көмегімен көрсетеді. 3 бөлігі қалады.

Одан кейін **3-тапсырманы** орындау ұсынылады. Бәліштің бөліктерін табуды ұсынады.

**4-тапсырмада** бүтінді бөліктерге бөліп жапсыру тапсырылады. Жеке жұмыс жасалады.

### **«Қай сан жоғалды?» дидактикалық ойыны**

Таныс цифрдан сандық қатар құрылады. Балалар көздерін жұмған кезде, бір сан алынады (түн). Балалар сандарға қарап, қай сан жоғалғанын айтады.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 33-беттегі № 51 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалардан тапсырманы орындар алдында ауада «қосу» таңбасын жоғарыдан төменге және сол жақтан оңға қарай жазуды сұрайды. Содан кейін «азайту» таңбасын сол жақтан оңға қарай.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды көтермелейді. Бүгін қандай жаңа сөздерді білдіңдер? Қандай белгілерді білдіңдер? (*Бүтін, жарты, ширек*).

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындалса, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 20**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Артық, кем, тең.

**Мақсаты:** «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; санау, салыстыру, санды цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту.

2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Дербестікке тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** санауды, «көбірек», «азырақ», «бірдей», «тең» сөздерін айтуды;

**түсінеді:** белгінің мәні мен мағынасын;

**қолданады:** сандарды санауды және салыстыруды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал, 22, 24- кесте. Қуыршақтар Әлия, Сырым.

**Сөздік жұмыс:** көбірек, азырақ, тең.

## **ҰОҚ-нің барысы**

### **1. Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым печенье пісірді. Олар печеньеелерді қораптарға орналастыруға көмек сұрайды.

Қораптардың әрқайсысында (мөлдір файлдарды, нағыз қорапшаларды, маркермен бөлінген тақтаның бір бөлігін пайдалануға болады) печеньеің түрлері (пішін) белгіленген.

Педагог балаларды печеньеіні (көлемі шамамен бірдей, түрлі түсті үшбұрыштар, дөңгелектер, сопақшалар, шаршылар 22-кестеде) қораптарға салуға көмектесуге шақырады.

Балалар печеньемен жүргізілетін ойынға тартылады және печеньеелер жиынының қандай элементтерден тұратынын анықтайды.

### **2. Негізгі кезең.**

Мөлдір дорбаны немесе тақтаның жоғарғы бөлігінде араластырылып бекітілген пішіндер жиынын көрсете отырып, педагог сұрақ қояды: бізде қандай печеньеелер бар?

Печеньеің пішінін анықтайды: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы және сопақша.

– Жиын қандай пішіндерден тұрады (немесе дорбадағы печеньеелердің пішіндері қандай?) Балалардың әрқайсысына тақтаға шығып, қарамай (көздерін жұмып, пішінін сипалау арқылы анықтауға болады) бір пішіннен алып, қорапшаға салуды ұсынады. Барлық пішіндер қорапшаларға салынғаннан кейін олардың әрқайсысындағы печеньеелер саналады. Мысалы, педагог бір пішіндерден шығарады, ал балалар дауыстап санап отырады. Сан жазылған карточка шығарылып, қорапшаның жанына немесе қорапша бейнеленген бөлікке қойылады немесе ілінеді.

Қорапта сопақша пішінді 4 печенье бар, 4 цифрын көрсетеді. Басқа қорапта - дөңгелек пішінді 4 печенье, 4 цифрын көрсетеді.

Сопақшалар мен дөңгелектер төрт-төрттен болды. Олардың саны бірдей. Қанша сопақша болса, сонша дөңгелек деп айтуға болады. Мұғалім «=» белгісі бар карточканы шығарады және оны қораптар мен сандар арасына орналастырады. Бұл белгі «тең» дегенді білдіреді. Бұл белгі бір топта қанша зат болса, екінші топта сонша зат бар екенін білдіреді.

#### **Ойын жаттығуы: «Сана»**

Педагог цифрлар және теңдік таңбасы бейнеленген карточкаларды, сондай-ақ нүктелер және сандық суреттер бейнеленген карточкаларды таратады.

Бес нүкте бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды. Бес зат бейнеленген карточканы шығаруды сұрайды.

– Осы карточкалар туралы не айтуға болады?

– Нүктелер санын, суреттегі заттардың санын белгілейтін карточканы салындар. Қандай цифрларды алдыңдар? Олар бірдей ме? Демек,  $5=5$ , яғни нүктелер саны карточкада бейнеленген заттар санына тең деп айтуға болады.

Нүктелер және заттар бейнеленген карточкаларды алады. Нүктелер саны суретте бейнеленген заттардың санына тең екенін айтады.

«=» белгісін қоюға болады.

#### **Дәптермен жұмыс істеу**

**1-тапсырманы** орындауды ұсынады, саны бірдей заттар тобын тауып, сызып қосады. Санын жазады.

Педагог сұрайды:

- Сол жақ жоғары суретке гүл жасау үшін, мозаиканың қанша түрлі-түсті бөлшектері қажет болды? (8)

- Оң жақ төменгі суретте қанша мозаика бөлшектері бар? (8)

- Осындай санды тауып, оны ұяшыққа жапсырыңыз. Осы екі суретті сызықпен қосыңыз. Мозаика бөлшектерінің саны туралы не айтуға болады? (саны тең)

- Екінші қатардағы сол жақ суреттегі пазлдарды санаңыз. Олардың саны қанша? (7)

- Пазлдары бар тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4)

- Оларды тең деп айтуға бола ма? (жоқ)

- Суреттегі пазл бөліктерінің саны қанша болса, сонша Лего конструкторының бөлшектері бейнеленген суреттерді табыңыз.

Цифрды жапсырады. Санына қарай жұптастырады.

Балалар тапсырманы орындайды, салыстырады.

#### **Сергіту сәті**

Нүктелер бар карточканы немесе 5-ке дейінгі заттар бейнеленген суретін көрсетеді.

Балалар сонша секіруі, қол соғуы, еденді топылдатуы керек.

#### **Дәптермен жұмыс істеу**

Содан кейін педагог **2-тапсырманы** орындауды ұсынады, заттарды жұбымен сызып қосады. Санайды және салыстырады. Қандай заттар санына қарай тең екенін айтады.

**3-тапсырма** Педагог пазл бөліктерін санауға, сәйкес санмен байланыстыруға ұсынады. Сосын қай бөлшек көбірек болса, сол бөлшектерді әртүрлі түстермен бояуды сұрайды. Балалар бөлшектерді санайды сәйкес цифрмен сызып қосады.

#### **Жұптық жұмыс**

Балалар жиынтықтан заттар тобын құруды қалай үйренгенін тексеру үшін, тапсырманы жұппен орындауды ұсынады.

Әр балада белгілі бір түрдегі фигуралар жиынтығы бар (шаршылар, үшбұрыштар, сопақша, шеңберлер). Педагог саны бар карточканы көрсетеді (мысалы, 3).

Жұптың әр ойыншысы көрсетілген санға қарай фигура көрсетеді.

- Әрқайсысында неше фигура бар? (3).

- Олардың саны туралы не айтуға болады? (олар тең).

Балалар фигуралармен практикалық жұмыс жасайды. Фигуралардың тең екендігі туралы қорытынды жасайды.

### «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.

Педагог 34-беттегі № 53-тапсырманы орындауға ұсынады. Балалардан тапсырманы орындар алдында ауада «тең» белгісін сол жақтан оңға қарай жазуды сұрайды.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### 3. Рефлексия.

Педагог ұйымдастырылған оқу қызметін қорытындылайды.

Оқу қызметінде немен айналыстық? Қандай жаңа белгіні білдік? Ол нені білдіреді?

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындалса, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

### № 21

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** 10 көлемінде тура және кері санау.

**Мақсаты:** 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауды үйрету.

2. Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.

3. Шыдамдылыққа тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды;

**түсінеді:** 1 санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1 санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін;

**қолданады:** 1-ден 10-ға дейін санау дағдысын.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал, 7, 21, 24-кесте. Қуыршақтар Әлия және Сырым.

**Сөздік жұмыс:** есептік сандар 1-10.

### ҰОҚ-нің барысы


#### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым балаларға пойызбен саяхат жасауды ұсынады.

Педагог балаларды вагондар болуға шақырады. Он бала бір-біріне тіркесіп, пойыздың қозғалысын елікттейді. Балаларға 1-ден 10-ға дейін цифр жазылған карточкалар таратылады. Педагог басқа балаларға вагондарды 1-ден 10-ға дейін тура және кері санауды сұрайды.

#### 2. Негізгі кезең.

Вагондармен көрініс ойнатылады. Педагог вагондардың бір-бірден туннельге қарай кетіп жатқанын хабарлайды. Сандық сәуле бойынша педагог 1-ге азайту амалын



Сонымен

$$10 - 1 = 9$$

$$9 - 1 = 8$$

$$8 - 1 = 7$$

$$7 - 1 = 6$$

Натурал сандар қатарын (немесе сызықшаны) көрсетуіне болады.

Одан кейін педагог вагондардың бір-бірден туннельден шығып жатқанын хабарлайды. Біз оларды қалай санаймыз? Жазба жазуға болады:

$1 + 1 = 2$  – оны оқыңыз.

$2 + 1 = 3$  және т.б.

**Карточкамен жұмыс** Тақтада (демонстрациялық материал 21- кесте)

1 -ден 10-ға дейін сандар қатары ретімен тұрады.

Топтан екі баланы шақырады, олар цифрды тез және дұрыс қояды, тура және кері санайды. Бір бала санауды бастайды, екіншісі жалғастырады деген тәсілді пайдаланамыз.

**Дәптермен жұмыс істеу**

**1-тапсырманы** орнындауға педагог балаларға сурет береді.

- Қандай вагондардың нөмірі жоқ? Жаз.

1-тапсырманы жалғастыру үшін балалардың қала сыртына шана тебу үшін барғаны туралы сюжетті жалғастырады.

**-2 тапсырма.** Педагог сурет бойынша балалар не істеп жүргенін әңгімелеп берулерін сұрайды.

- Төбешікте неше бала тұр? (3). Неше бала көтерілді? (1) Барлығы нешеу болды? (4).

Екінші сурет бойынша:

– Неше бала төбешіктен сырғанады?

– Төбешікте неше бала қалды?

**Сергіту сәті**

*Қане қанат жазайық,*

*Қарлығашқа ұқсайық.*

*Ұшып-ұшып алайық,*

*Орнымызға қонайық.*

*Білімде алда болайық.*

Жазу:



□ – □

5 – 1



□ – □

7 – 1



□ – □

4 – 1

**Ойын жаттығуы:** «Жазбаны шеш».

Балалар карточкалардың көмегімен үстелде және тақтада математикалық жазбалар жасайды.

**Дәптермен жұмыс**

Осыдан кейін балаларға **3-тапсырманы** жұппен орындауды ұсынады, балалар суретте не бейнеленгенін санайды және атайды. Мысалдар құрастырып, оларды шығарады.

Сұрақтарға жауап береді.

-Суреттерде не бейнеленген, қандай әрекеттер орын алады? Бұл сурет үшін қандай математикалық жазба сай келеді?

Педагог **4-тапсырманы** орындауды ұсынады, әр пойызға тағы бір вагонды тіркеу керек.

Вагондарды бояйды. Әр қатарға неше вагон боядың? Әр қатарда неше вагоннан болды?

Тапсырманы жұппен тексеруге болады. Әр бала көршісіне дәптерін көрсетеді. Педагог балаларды сыпайы сөйлесуге және тапсырманың дұрыстығы туралы пікір білдіруге үйретеді.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 16-ші беттегі № 21-ші тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу және толқынды сызықтар салады, қолымен дөңгелек қимылын көрсетеді.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия.**

Педагог оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды.

Әсерлерімен бөліседі.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң – жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса – сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса – қызыл дөңгелекті боя.

### **№ 22**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Заттар тобын салыстыру және санау.

**Мақсаты:** теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту.

2. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»;

**түсінеді:** өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін;

**қолданады:** санап, салыстыру білігін.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал, 15, 21, 24-кесте. Қуыршақтар Әлия және Сырым.

**Сөздік жұмыс:** көбірек, азырақ, тең.

### **ҰОҚ-нің барысы**

#### **1. Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым жұмбақтар шешуін сұрайды.

Аяғы бар, жүрмейді,

Аузы бар, күлмейді.

Айнымайды бөпемнен,

Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ)

Үрлесең, жеп-жеңіл,

Елпілдеп кетеді.

Ұшырсаң, көк теңбіл,

Бұлтқа да жетеді.

(Шар)

Құс сияқты, құс емес,

Самғап ұшқан биікке.

Қанаты бар қақпайды,

Жүрсе де сондай биікте. (Ұшақ)

Төрт аяқты, екі көзді,  
 Өзі жансыз жүреді.  
 От пен майдан жемі бар,  
 Құрыш болат жүрегі. (Автокөлік)  
 Жүйіткіген дәу үйінде,  
 Жүйрік деп ел сүйінді.  
 Тас жолда жұртты тасып жүр,  
 Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус)  
 Кеудесі толған күш,  
 Табаны толған тіс. (Трактор)  
 Кепкен жарғақ,  
 Шеңберге керілген,  
 Соқсаң сарнап,  
 Үн шығады төгілген.

(Барабан) [18]

Педагог жұмбақтың шешуін бір сөзбен қалай атауға болатынын сұрайды.

Бұл-ойыншықтар.

Әлия мен Сырым балаларды ойыншық дүкеніне шақырады.

– Ойыншық дүкеніне барғыларың келе ме?

– Онда не бар екенін көрейік.

Ұсынысқа қызығушылық танытып, ойынға араласады.

## 2. Негізгі кезең.

Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі.


Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады.

Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады.

Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.

– Олар тең болуы үшін не істеу керек?

– Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.



Теңестіруге немесе артығын білу үшін, ойыншықтарды бір-бірінің астына қояды, немесе жұптарын сызық арқылы қосады. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды.

Ойыншықтардың тең санын салыстырып, артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді.

– Сол жақтағы ойыншықтарды санаймыз. Педагог ойыншықтарға саусақ тигізіп, дауыстап санауды сұрайды. Мысалы, 4 ойыншық кесе бар.

– 4 саны жазылған карточканы қоямыз.

– Тәселкелерді санаймыз. Олар нешеу? (3)

– Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ?

– Енді басқа сөредегі ойыншықтарды санаймыз.

– Неше піл бар? (5).

– Неше доп бар? (6)

Одан кейін педагог екі түрлі ойыншықтардың саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды ұйымдастырады.

– Қуыршақты санаңдар. Олар неше? (5).

– Мәшинелерді санаңдар. (5). Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? Олар тең. Олардың санының тең (бірдей) екенін белгілеу үшін біз білетін қандай таңба бар?

Дұрыс, ол «=» таңбасы. Жазбаны оқыңдар: 5=5.

Педагог 15- кестедегі суретті көрсетеді. Балалар цифры бар карточканы көрсетеді.

### **Дәптермен жұмыс**

**1- тапсырманы** орындау үшін суреттерді қарау керек.

– Қай топтағы заттардың арасына «=» белгісін қоюға болады?

Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр себетпен сызып қосады.

-Не артық? Не кем?

– Алмұртты тәрелкіге салады. Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады.

-Не артық? Не кем? Қорытынды жасайды.

### **Сергіту сәті**

*«Ойыншықтар»*

*Тұрады барлығы үлкен қорапта -*

*Мен ұйықтап жатқанда.*

*Барлығы ойнай бастайды!*

*Оңға, солға бұрылды,*

*Алға, артқа илдік.*

*Тіземізді бүктіріп,*

*Қолды создық тік тұрып,*

*Секіреміз топ-топ,*

*Шапалақтап көп-көп.*

*Илеміз оңға қарай бір,екі,үш,*

*Илеміз солға қарай бір,екі,үш.*

### **«Сонша жина» дидактикалық ойыны**

Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды.

Балалар ойынға қатысады.

Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **2-тапсырманы** орындауды ұсынады, заттарды топтарға біріктіру: гүлдерді 3-тен, араларды 2-ден топтастырады.

-Неше топ болды?

Педагог **3-тапсырманы** ұсынады, суретте қанша гүл болса, сонша торкөзді бояйды.

- Гүлдердің қайсысы азырақ?

-Гүлдердің қайсысы тең?

- Қызыл гүл қанша?

-Көк гүл қанша?

-Гүлдердің қайсысы көбірек? Қайсысы тең?

Балалар санайды, салыстырады. Педагог жеке жұмыс жасайды.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 18-беттегі № 25 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу және толқынды сызықтар салады, қолымен дөңгелек қимылын көрсетеді.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3.Рефлексия.**



Оқу қызметін қорытындылайды. Балаларды көтермелейді. «Қандай тапсырма ең қызықты, ең қиын болғанын айтып бер».

Әсерлерімен бөліседі.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындалса, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## № 23

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Заттың бірнеше тең бөліктері.

**Мақсаты:** заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік».

2. Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту.

3. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды;

**түсінеді:** затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын;

**қолданады:** бөліктерден пішін құрастыруды;

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, қиылатын үлестірмелі материал, 24-кесте. Қуыршақтар Әлия және Сырым.

**Сөздік жұмыс:** жарты, ширек.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын жағдайы.** Әлия мен Сырым қағаздан жапсырма жасағанды ұнатады. Балалардан жапсырмаға арналған бөлшектерді дайындауға көмек сұрайды.

Жағдаятқа қызығушылық танытады.

### 2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыштар таратады. Одан кейін тақтаға геометриялық пішіндердің бөлшектерінен құрастырылған жапсырманы іледі. Жапсырманы талдайды.



– Сендер жапсырмадан не көріп тұрсындар? Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған пішінді қалай атауға болады?

Дөңгелек бөліктерге бөлінген. Мына бөлік – жартысы. Пішіндерді ортасынан бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелектің жиектерін сәйкестендіріп мұқият бүктейміз. (Үлкен көрнекі құралда көрсетеді).

### Практикалық жұмыс жүргізеді

Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді.

- Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек)

Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді.

- Дөңгелектер қандай бөліктерге бөлінді? (тең)
- Неше бөлік шықты? (екі)
- Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады.

Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі.  
Педагог жасыл дөңгелекті алады.

Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді.

- Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең)
- Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт)
- Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады.

Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі.

Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады.

- Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр.

Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді.

- Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең)

- Қанша бөлік шықты? (үш)

- Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды.

Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік)

Уақыт беріп, жолақтың үштен бір бөлігін қиюға көмектеседі.

### «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді.

Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады.

Бөліктерден бүтін фигура жасайды.

Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады.

- Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз.

- Оны қалай жасауға болады? (жиіктерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз).

Сосын 4 бөлікке. (жиіктерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз)

Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек).

- Біз шаршының жартысын кескенде, қандай фигуралар шықты?

(Екі кішкентай тіктөртбұрыш).

- Ал шаршының төрттен бірі?

(Ол да шаршылар, бірақ кішкентай).


- Жартылар тең бе екенін тексерейік.

Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз.

Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері.

Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б.

Осыдан кейін ол парталарға өрнек немесе ою-өрнек шығаруды ұсынады, мысалы, мынадай:



Проблемалық сұрақ: Не көп: бүтін бе, әлде бөлік пе?

Талқылайды, бүтін бөліктен көп деген қорытынды жасайды.

### *Сергіту сәті*

*Оңға, оңға түзу тұр,*

*Солға, солға түзу тұр.*

*Артқа қарай бір адым*

*Алдыға қарай бір адым*

*Жоғары төмен қарайық*

*Орнымызды табайық.*

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **1-тапсырманы** орындауды ұсынады, бүтін мен бөліктердің үстінен саусағыңмен жүргіз.

Педагог жиегі бойынша бүкіл шеңберді, шеңбердің бір бөлігін дұрыс көрсетуге көмектеседі. Сонымен қатар, бүтін, жарты, төрттен бір, үштен бір – сөздерін айтуға көмектеседі.

-Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең)

- Олардың саны қанша? (екі бөлік)

- Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты)

- Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең)

- Олардың саны қанша? (төрт бөлік)

- Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір)

- Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең)

- Олардың саны қанша? (үш бөлік)

- Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір)

Педагог сөздерді қайталауды ұсынады: жарты, төрттен бір, үштен бір бөлігі.

**2 тапсырманы** орындауды ұсынады.

– Қандай бөлігі жетіспейді? (Жартысы)

Суретті аяқтап сал. Үлгі бойынша штрихта.

**3-тапсырма** – логикалық ойлау мен зейінді дамытуға арналған. Фигуралардың бөліктерін сызықпен бір бүтінге қосуды ұсынады.

**4 -тапсырманы** орындауды ұсынады, онда заңдылықты орнатып, қатарды жалғастырады. Моншақтарды бастырып сызады, бояйды.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 17-ші беттегі № 23-ші тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды «жазады».

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия.**

Педагог ұйымдастырылған оқу кезметін қортындылайды. Қайталайды: төрттен бір бөлік, төрт бөлік. Оның бөліктерінен бүтін пішін құрастырады. Пішінді бөліктерге бөлуге және бөліктерден құрастыруға болады деген қорытынды жасайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң – жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса – сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса – қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 24**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару.

**Мақсаты:** қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

1. Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау.

2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Дербестікке баулу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды;

**түсінеді:** сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды;

**қолданады:** есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде бағдарлауды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, демонстрациялық материал 15, 21, 24-ші кесте. Қуыршақтар Әлия және Сырым.  
**Сөздік жұмыс:** қосу, азайту, плюс, минус, шешім, жауап.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1.Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым балаларды «зоологиялық дүкенге» баруға шақырады.

Балық сатып алуға келгенімізді елестетіңдер. Топтардың әрқайсысы өз аквариумын жасайды. Сендер жұмыс істеуге дайынсыңдар ма?

Балалар жағдаятқа қызығушылық танытады.

### 2.Негізгі кезең.

Шағын топпен жұмыс.

Санамақ арқылы балалар екі топқа бөлінеді.

Педагог әрбір топқа екі түсті балықтарды (немесе дөңгелектер, сопақшалар немесе басқа да кесетін материалдар) таратады.

Тапсырманы орындауды ұсынады.

Алдымен қызыл түсті балық сатып аламыз. Олардың 4-уін аламыз (карточканы көрсетеді).

– Ал енді көк түсті (2 саны жазылған карточканы көрсетеді).

– Аквариумда неше балық бар?

Сандар жазылған карточкаларды шығарады:  $4 + 2 = 6$

### Дәптермен жұмыс

#### 1-тапсырма.

Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады.

Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр?

- Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды.

-Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме?

-Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді.

Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады.

#### Сергіту сәті.

*Бір, екі – басыңды көтер,*

*Үш, төрт – қолдарыңды соз,*

*Бес, алты – жаймен отыр.*

*Бір – созыл, созыл,*

*Екі – еңкей, түзу тұр,*

*Үш – үш рет қол соқ.*

*Басыңды үш рет изе.*

*Төрт – қолдарыңды соз,*

*Бес – қолдарыңды серме,*

*Алты – орныңа отыр.*

### Үлестірмелі материалмен жұмыс.

Практикалық жұмыс ұсынылады.

Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастандар. Неше дөңгелек қалды?

Педагог тақтаға сандар мен таңбаларды іледі. Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді.

### Демонстрациялық материалмен жұмыс

Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді.

### Дәптермен жұмыс

Педагог **2-тапсырманы** орындауға ұсынады.

Балалар суретті қарайды, мысал шығарады.

– Қанша теңіз жұлдызшасы салынған? Қаншасы сызылды? Қаншасы қалды?  
Балалар санды жазады.

Педагог балаларға өлең жолдарымен тапсырмалар ұсынады.

Қос-қосынан көп шар бар:  
Қызыл, сары, көк шар бар,  
Жасыл сұры тағы бар...  
Жалпы санын табыңдар.

Қорабымның сыры бар:  
Сана, қанша қыры бар?  
Сана барлық жақтауын:  
Санын білсең мақтармын.

Дастарқанда торта бар,  
Қазы, жая, қарта бар,  
Көкөніс пен шырын бар.  
Қанша тағам түрі бар?

Наным дайын қалаған:  
Тоқаш, шелпек, таба нан,  
Жаппа, бөлек, самса тұр:  
Санап көрші, қанша тұр? [19]

Жұмбақты тыңдайды, жауабын табады.

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **3-тапсырманы** орындауды ұсынады, онда көрсетілген бағыттағы ұяшықтардың санын санайды, балықтардың қайда ауысқанын біледі. Осы ұяшықты бояйды немесе оған балықтардың суретін салады.

Балалар қажетті ұяшықты табады.

Педагог пен балалар сандар мен көрсеткіш бағыттар нені білдіретінін талқылайды. Суретте цифр, жылжитын ұяшықтың санын білдіреді, көрсеткіш - бағытын.

Педагог үлгі бойынша балықтың орналасқан жерін көрсетеді: 1 цифры төмен бағытталған, яғни біз балықтан бір ұяшыққа төмен, содан кейін үш ұяшыққа оңға санап шығамыз дегенді білдіреді.

Балалар жұмысты өз бетінше орындайды, педагог жеке жұмыс жүргізеді. Бояу кезінде бір-біріне ұқыптылығын көрсетеді.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 18-беттегі № 26 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада тұзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3.Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды, балаларға жұмысы үшін алғыс айтады.

Ең қызықты есеп туралы айтып беруді сұрайды. Педагогті тыңдап, әсерлерімен бөліседі. Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындалса, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

### **№ 25**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Шартты өлшем.

**Мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

1. Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), және оған тең заттарды табуды үйрету. Санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, қарапайым мысалдар шығаруға дағдыландыру.
2. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.
3. Дербестікке баулу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды;

**түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын;

**қолданады:** бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, қызыл және көк түсті қағаз таспалар, шартты өлшем – жасыл таспа, кәдінің муляждары, демонстрациялық материалдар 24-кесте. Қуыршақтар Әлия және Сырым.

**Сөздік жұмыс:** «ұзынырақ», «қысқарырақ», көзбен, бір-бірінің үстіне қою және жақындату арқылы салыстыру.

## **ҰОҚ-нің барысы**

### **1. Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым бақта кәділер өсіріпті. Енді кімдікі ұзынырақ деп дауласып жатыр.

Біз кімнің кәдісі ұзынырақ екенін анықтауға көмектесе аламыз ба?

Балалар жағдаятқа қызығушылық танытады.

### **2. Негізгі кезең.**

Проблемалық іздеу тапсырмасы:

Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)?

Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма?

Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады.

Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын.

Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады.

Санайды.

Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең?

Біз кәділердің қайсысы ұзынырақ екенін білдік. Бақша күтушілердің дауын шештік. Әлия мен Сырымның дауын шештік.

### **Дәптермен жұмыс**

**1-тапсырма** жаңа «ұзынырақ-қысқарақ», «өлшем» терминдерін бекітуге арналған.

Педагог әрбір құрттың суретіндегі шеңберлердің санын санауды (шеңбер – шартты өлшем) және оны сәйкес санмен байланыстыруды ұсынады.

- Қай құрт ұзын, қайсысы қысқа екенін көрсет.

Әр жұлдызқұрттың дөңгелегін санайды ұзындығының артуына қарай сызып қосады.

### **Сергіту сәті.**

*Бір, екі – басыңды көтер,*

*Үш, төрт – қолдарыңды соз,*

*Бес, алты – жаймен отыр.*

*Бір – созыл, созыл,*

*Екі – еңкей, түзу тұр,  
Үш – үш рет қол соқ.  
Басыңды үш рет изе.  
Төрт – қолдарыңды соз,  
Бес – қолдарыңды серме,  
Алты – орныңа отыр.*

### **Практикалық жұмыс**

Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа – шартты өлшем.

Педагог балаларға: алдарыңдағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер.

- Таспалардың қайсысы ұзынырақ?
- Неліктен қызыл таспа ұзынырақ?
- Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең?
- Көк таспа неше шартты өлшемге тең?

Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе?

Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді. Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең.

Тапсырмаларды орындап, өздерінің іс-қимылдарын түсіндіреді.

### **Дәптермен жұмыс**

**2-тапсырманы** орындауды ұсынады. Әр шөпте неше қанқыздан бар, санайды және атайды. Қай шөп ұзын екенін анықтайды.

Балалар шөптің әр жүзіндегі қанқызды санайды, олардың санын атайды, жоғарғы шөпте 10, ал төменгі шөпте 7 қанқыз бар. 10 - 7-ден артық.

Бұл жоғарғы шөптің ұзынырақ екенін білдіреді.

**3-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суретке қарайды. Жапырақтарды бояйды.

Педагог балалармен тапсырманы талқылайды, жоғарыда барлығы неше жапырақша – 7. мысалды шешеді  $4 + 3$ , жауабы 7 деп атайды.

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **4-тапсырманы** орындауды ұсынады.

Гномдарға өз қарындашын табуға көмектес. Оларды сызып қос. Тапқан қарындаштарды әр гномның қалпағының түсімен сәйкесінше бояйды. Тапсырмаларды жұптық жұмыс арқылы тексеруге болады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді..

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 8-беттегі № 6 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3.Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды.

Әсерлерімен бөліседі, баға береді.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 26**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. Тең заттар.

**Мақсаты:** шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табуды, белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету.

2. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу ұсақ қол моторикасын дамыту.

3. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.

#### **Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** заттың ұзындығын өлшейді; «ұзынырақ», «қысқарырақ», «өлшем», жоғары – төмен, жуан – жіңішке (тар – кең), сөздерін айтуды;

**түсінеді:** өлшемнің көмегімен ұзындықты (енді, биіктікті) қалай өлшеу керектігін;

**меңгереді:** ұзындықты бір-бірінің үстіне салу, бір-біріне жақындату арқылы, өлшемнің көмегімен салыстыру білігін.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, ұзындығы әртүрлі үш мойынорағыш (қызыл, ақ, жасыл), демонстрациялық материал 12, 17, 24-кесте, Қуыршақтар Әлия және Сырым.

**Сөздік жұмыс:** ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. Бір-бірінің үстіне салу және бір-біріне жақындату.

### **ҰОҚ-нің барысы**

#### **1.Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жағдаяты:** Әлия (қуыршақ) үш мойынорағыш әкелді, көрсетеді.

Кіші топтағы қыздар кімнің мойынорағышы ұзынырақ екенін анықтай алмады: қызыл, ақ немесе жасыл ма.

Оларға көмектесіп көрейік. 3 мойынорағышты көрсетеді.

Балалар жағдаятқа қызығушылық танытады.

#### **2.Негізгі кезең.**

Өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады.

Педагог балаларға мойынорағыштарды көзбен алдымен екеуден, одан кейін үшеуден салыстыруды ұсынады. Жауаптың толық болуы керек екеніне назар аударады: (қызыл мойынорағыш ақ мойынорағыштан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш қызыл мойынорағыштан қысқарырақ).

Балалар мойынорағыштардың ұзындығын өлшеу бойынша практикалық жұмысқа қатысады.

Оларды ұзындығы бойынша қалай салыстыруға болатынын кім біледі? Оларды бір-бірінің жанына осылай жақындатуға бола ма? (Қате жақындатуды көрсетеді).

Тыңдайды, бір-біріне жақындату керек деп жауап береді.

- Екеуінің шеті сәйкес келетіндей етіп жақындату керек.

- Заттың ұзындығын өлшеудің және салыстырудың басқа тәсілдері бар ма?

Бір-бірінің үстіне салу техникасын қолданамыз.

Педагог өлшеу кезінде мойынорағыштың бір ұшы сәйкес келетініне көз жеткізеді.

Педагог балалардың өткен ұйымдастырылған оқу қызметінде заттың ұзындығын шартты өлшеуіш арқылы өлшеп үйренгенін еске түсіреді.

Шартты өлшеуіш ретінде қағаз жолағын ұсынады.

Балалар шартты өлшеуішті пайдаланып нәтижелерін айтады, қызыл мойынорағыш ақтан ұзынырақ, жасыл мойынорағыш ақтан қысқарырақ.

«Тең заттар» ұғымымен таныстыру.

Педагог ұзындығы мен ені тең жолақтарды әр қолына ұстап, балаларға көрсетеді.

-Қай жолақ ұзынырақ? Қалай тексеруге болады?

Балалар талқылайды, өлшеу жолдарын ұсынады.

Педагог жолақтарды бір-бірінің үстіне салып, сәйкес екенін көрсетеді.

-Жолақтар туралы не айтуға болады? (жолақтардың ұзындығы тең)

#### **Ойын жаттығуы: «Кім биік, аласа немесе тең»**

– Балалар, кімнің бойы биік, кімнің бойы аласа, кімнің бойы бірдей екенін қалай білесіңдер?



Топтың жартысына жұптасып тұруды ұсынады. Топтың екінші жартысы жұптарды салыстырады; одан кейін балалар орын алмастырады.

Сұрақтарға жауап береді, бір-бірімізге жақын немесе бір-бірімізге арқамызды тақап тұрамыз.

#### 17- кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс

– Қай ағаштың ең биік екенін қалай анықтауға болады? Ең төмен?

Педагог көз арқылы анықтауды ұсынады, балалар қайың - ең биік ағаш деп атайды.

Мүмкін біз қателескен болармыз? Қалай тексереміз? Біз қандай шартты өлшемді аламыз? Жолақ – таяқшаны ұсынады. Қай ағаштың биік екенін салыстыру үшін, балалармен бірге осындай таяқтарды бүкіл биіктікте орналастырады. Балалар әр ағаштың астына саны бар карточка қояды. Балалар ең көп санды табады. Осы ағаш ең биік болады. Енді ең төмен ағашты табыңыз.

#### Дәптермен жұмыс

**1-тапсырмада** балалар өлшеуіштерді бояйды, салыстырады.

– Әр қарындаш үшін қанша өлшем боялған? Ең ұзынын табыңыз. Онда қанша өлшем бар? Ең қысқа қарындаш қандай түсті. Онда қанша өлшем бар? Сол сияқты, күнбағыспен берілген тапсырма орындалады. Педагог балаларды тапсырманы орындау кезінде ұқыптылыққа шақырады. Дәптерлерін үстелдегі көршісіне көрсетуді ұсынады. Өз пікірін бір-біріне білдіруді болатынын айтады.

#### Сергіту сәті.

*Біз қол соғамыз,*

*Қол соғамыз.*

*Аяқпен еденді топылдатамыз.*

*Тіземізді соққылаймыз.*

*Қолымызды көтереміз.*

*Қолдарымыз айналады,*

*Төмен түседі.*

*Айналады, айналады.*

*Тоқтайды.*

#### Дәптермен жұмыс

Педагог **2-тапсырманы** орындауға ұсынады. Суреттегі заттарға қарап оларды атайды. Заттарды көрсетілген үлгі бойынша жапсырады. Өздерінің іс-қимылдарын түсіндіре отырып, тапсырманы орындайды. Көзбен өлшемі бірдей заттарды жұптап, қандай заттар кең, тар, ұзынырақ-қысқарырақ екенін анықтайды.

Педагог **3-тапсырманы** орындауға ұсынады. Қалыңдығы бірдей заттарды қосады. Кітаптарды үлгі бойынша сызықпен сызады. Балалар бір-бірінің жұмысын тексереді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

#### «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.

Педагог 14-беттегі № 18 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада тұзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

#### 3.Рефлексия.

Оқу қызметінің нәтижесін қорытындылайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі оқу қызметінде қандай жаңа мағлұматтарды білдіңдер? Ең қызықты не болды? Балалар, сендерге үйде өлшем жасап, ең сүйікті ойыншықтарыңды өлшеуді ұсынамын.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

#### № 27

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Геометриялық фигуралар және денелер.

**Мақсаты:** геометриялық фигулар мен денелер туралы білімін қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Фигулардың атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.

2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.

3. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр;

**түсінеді:** пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды;

**қолданады:** геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды. Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері жұмыс дәптері, кесетін пішіндер жинағы, геометриялық денелердің макеттері. демонстрациялық материал 16, 24-кесте. Қуыршақтар Әлия және Сырым.

**Сөздік жұмыс:** дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, текше, шар, цилиндр;

## ҰОҚ-нің барысы

**1.Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым «Мені таны» ойынын ойнауды ұсынады.

Педагог жұмбақ оқиды, балалар оның шешімін тауып, пішіндер бейнеленген карточкаларды көрсетеді.

*Сен маған мұқият қара,*

*Менің үш қабырғам,*

*Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.)*

Балалар ойын жағдаятына тартылады. Жинақтан пішіндерді іздеп, оларды көрсетеді.

*Үшбұрыш*

*Сопақша да емеспін,*

*Үшбұрышқа дос емеспін,*

*Тікбұрышқа аға болам,*

*Шаршы деген мен болам. (Шаршы.)*

*Денемнен бұрыштар табылмайды,*

*Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды:*

*Әртүрлі табақтар,*

*Легендер, медальдар.*

*Олар адамдарға өте керек,*

*Атым менің (дөңгелек).*

*Менен де бұрыштар таппайсың,*

*Дөңгелекке аз ғана ұқсаймын,*

*Екі жағымнан қысыңқырап,*

*Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.)*

*Мына шелекке қара –*

*Қақпағы мен түбі бар,*

*Екі дөңгелекті қосқан –*

*Бір фигураны алған. (Цилиндр.)*

*Бұл дене доп болып секіреді,*

*Қарбыз болып домалайды,*

*Толықсыған ай болып күлімдейді,*

*Күн болып жарқырайды.  
Ол қалай аталады? (Шар.)*

## **2.Негізгі кезең.**

### **16-кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс**

Балалар геометриялық денелерді және текше, шар, цилиндр пішініне ұқсайтын заттарды атайды.

#### **«Бұл неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны**

– Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар.

Балалар атайды, неге ұқсайтынын қорытындылайды.

#### **Геометриялық материалмен топтарда практикалық жұмыс жасау.**

Санамақ арқылы топқа бөлінеді. Балаларға әртүрлі мөлшердегі текшелер жиынтығын (шаршылар, шарлар, шеңберлер және т.б.) қарастыруды және оларды өлшемнің өсуіне (кемуіне) қарай орналастыруды ұсынады. Ойынға қатысады.

Фигураларды талдайды. Фигураларды бір-бірімен салыстырады.

#### **Практикалық жұмыс.**

Балалар үлестірме материалмен жұмыс істейді, сопақша мен шеңбердің геометриялық фигураларын зерттейді, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, бұрыштары мен қабырғасы жоқ, сопақша ұзартылған, бірақ шеңбер жоқ.

– Балалар, қызыл сопақшаны аламыз, жиектеріне саусағымызбен жүргіземіз. Сопақшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары? Сопақша қандай фигураға ұқсайды? Қызыл сопақшаға жасыл шеңбер салыңыз. (Фигуралар бірдей мөлшерде болуы керек.)

– Сіз не байқадыңыз? Олар бір-бірінен несімен ерекшеленеді? Сопақшаға ұқсас заттарды тауып, оларды атайды.

– Сопақшаға қандай заттар ұқсас?

(Сопақшаға ұқсас заттарды бейнелейтін суреттерді көрсетеді.)

Балалар сопақшаға ұқсайтын заттарды табады, оларды атайды.

– Енді балалар, қолдарыңызға сары тіктөртбұрышты аламыз. Жиектерін саусағымызбен жүргіземіз. Оның бұрыштары бар ма? Қанша бұрышы бар? Қабырғалары бар ма? Қанша қабырғасы бар? Тіктөртбұрыш пен шаршыны салыстырады, сұрақтарға жауап береді.

– Тіктөртбұрыш қандай геометриялық фигураға ұқсайды? (Шаршыға.)

– Сары тіктөртбұрышқа бірдей өлшемдегі жасыл шаршыны саламыз.

– Бұл фигуралар несімен ерекшеленеді?

– Бұл фигуралар несімен ұқсас?

Балалар ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, шаршыда барлық қабырғалары тең, тіктөртбұрышта қарама-қарсықабырғалары тең. Тіктөртбұрыш пен шаршының 4 бұрышы, 4 қабырғасы бар.

Әрі қарай олар топтарға бөлінеді, геометриялық фигуралармен тапсырманы орындайды, педагогтың нұсқауы бойынша олар өсу, кему ретімен орналасады, әрекеттерін түсіндіреді.

#### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **1-тапсырманы** орындауға ұсынады. Жануарлардың пішіндерін қарастырады. Қандай геометриялық фигуралар пайдаланғанын айтады.

Түрлі-түсті қағаз дайындамаларын таратады – 10 кішкентай шеңбер және ақ қағаз парағы. Жұпта немесе топта жұмыс істеуге болады.

Шеңберлерден жапсырма ойлап табады. Жапсырады.

#### **«Сиқырлы дорба» ойыны.**

«Сиқырлы дорбада» - шар, текше, цилиндр, шаршы, үшбұрыш, шеңбер бар. Ал үстелде олардың суреттері бар.

Педагог ойын жағдайын жасайды:

– Балалар, геометриялық фигуралар мен денелер өмір сүрген, бір патшалықта бақытсыздық болды. Зұлым сиқыршы сиқырлы таяқшаның бір соққысымен оның барлық

тұрғындарын терең зынданға жіберді. Оларды құтқарудың бірден – бір жолы – оның қандай зат екенін, қолымен ұстап, сипалау арқылы анықтап және оның суретін табу.

Балалар кезек-кезек екі қолымен фигураларды ұстап қарап, оны дорбадан шығарады, оның суретін тауып, үстіне фигураны қояды. Балалар көздерін жұмып, әрқайсысы команда бойынша дорбадан заттарды алады. Қозғалыстар мәтін бойынша орындалады.

Педагог **2- тапсырманы** орындауға ұсынады.

– Шарды көрсетіңіз. Оны қызыл түспен бояңыз. Текшені көрсетіңіз. Оны көк түспен бояңыз. Цилиндрді көрсетіңіз. Оны сары түспен бояңыз.

**Сергіту сәті.**

*Орнымыздан тұрамыз,*

*Алақанды ұрамыз.*

*Бір отырып, бір тұрып,*

*Тез шынығып шығамыз.*

*Иліп оңға бір,*

*Иліп солға бір.*

*Денемізді дұрыстап,*

*Тұрамыз тік ұстап.*

**Ойын жаттығуы:** «Фигураларды орналастыр»

Педагог ойын жағдайын жалғастырады, зұлым сиқыршы фигуралар салынған қораптарда толық тәртіпсіздік жасағанын хабарлайды. Қорапта әртүрлі пішіндегі және түрлі түсті фигуралардың аралас макеттері жатыр.

- Фигуралар риза болу үшін, заттарды қалай қою керек екенін ойланыңыздар. Фигуралар балаларға алғысын білдіріп жатыр: енді оларды орындарына орналастыруға болады.

– Фигураларды тағы қалай орналастыруға болады? Балалар фигураларды пішініне немесе түсіне қарай бөлуге болады деген қорытындыға келуі керек.

Үстелдерде әрқайсысында екі өлшемді және екі түсті текшелер бар. Текшелерді қарайды, тексереді, пішін белгілері (немесе түсі) бойынша бөледі.

**Дәптермен жұмыс**

**3- тапсырма.** Педагог бәліштерді көрсетілген пішінге сәйкес келетін тағам түрлерімен безендіруге ұсынады. Оларды жапсырады. Балалар тапсырманы талқылайды, тәтті нанның пішінін анықтайды: төртбұрыш пен шеңбер, пішіні бірдей заттарды табады, жапсырады.

Педагог **4- тапсырманы** өз бетінше орындауды ұсынады. Фигуралардың орындары ауысқан. Фигуралар қозғалғаннан кейін қай жерде болатынын анықтайды. Сол торкөзді бояйды.

Педагог балалармен бірге талқылайды, схемадағы цифр мен көрсеткіш нені білдіретінін еске түсіреді.

Балалар тапсырманы өз бетінше орындайды. Орындалуын тексеру үшін 2-3 баладан түсініктемелер сұрайды.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 22-беттегі № 30 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

**3.Рефлексия.**

Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## №28

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Геометриялық пішіндегі заттар.

**Мақсаты:** геометриялық пішіндер мен денелер туралы білімін қалыптасатыру.

**Міндеттері:**

1. Пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту; пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға, графикалық диктантты орындауға үйрету.

2. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту.

3. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауын атауды: текше, шар, цилиндр;

**түсінеді:** пішіндер мен денелердің арасындағы айырмашылықтарды;

**қолданады:** геометриялық пішіндер мен денелерді танып, қоршаған ортадан осындай пішіндегі заттарды табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, кесетін пішіндер жинағы, геометриялық денелердің макеттері, демонстрациялық материал. 16, 24-кесте. Қуыршақтар Әлия және Сырым.

**Сөздік жұмыс:** дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, текше, шар, цилиндр;

## ҰОҚ-нің барысы

### 1.Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог өлең оқиды.

Үш бұрыш та мұнда бар,  
Төртбұрыш та мұнда бар,  
Кесінді мен нүктелер  
Кереге де ол да бар.  
Ойлы көзбен қарасаң,  
Түзу, қисық сызықтар.  
Кездеседі таба алсаң,  
Доғал, сүйір бұрыштар[20].

**Ойын жағдаяты.** Педагог Әлия, Сырыммен бірге ұйымдастырылған оқу қызметіне ерекше қонақтардың келгенін хабарлап, бүгінгі оқу қызметінің тақырыбын табуды ұсынады.

Тыңдап, ойын жағдаятына қосылады. Адамдардың бейнелері құрастырылған пішіндерді атайды.



*Балалардың іс- әрекеті*

### 2.Негізгі кезең.

**Ойын жаттығуы.** «Пішінге ұқсас зат».

**Жұптық жұмыс.** Үстелдерде пішіндердің: дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш

жинақтары салынған хатқалта жатыр. Тапсырманы түсіндіреді.

Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып, оны атайды, ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.

Одан кейін рөлдерімен ауысады.

### Дәптермен жұмыс

**1-тапсырманы** дәптерде өздігінен орындауды ұсынады.

Педагогтің нұсқауларын тыңдап, практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді.

Ұйымдастырылған оқу қызметі үшін пластиктен, ағаштан немесе басқа материалдан жасалған көлемді фигураларды, картоннан, фанерадан жасалған жазық фигураларды табу керек. Балалар қолдарына алып, жазық және көлемді фигураның арасындағы айырмашылықтарды атайды.

Педагог **2-тапсырманы** орындауға ұсынады.

Суреттердегі заттарды қарайды және атайды.

– Бұл неге ұқсайды? Сызып қосады.

Балалар өздігінен тапсырмаларды орындайды. Педагог тексеруді ұйымдастырады.

#### Сергіту сәті.

*«Аяқпен жерді бір тебінеміз,*

*Бір рет шыр айналамыз.*


*Қол ұстасып: «ах» дейміз,*

*Фигураларға қонаққа барамыз.*

Біз геометриялық пішіндерге қонаққа келдік. Олар бізге «Бұл неге ұқсайды?» ойынын ойнауды ұсынады.

Педагог алдымен фигураларды және оларға ұқсас заттарды көрсетеді, содан кейін балаларға фигуралардың немесе фигуралар тобының неге ұқсайтынын өздеріне ойлап табуды ұсынады. Балалар фигураларды, заттарды қарастырады, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табады, карточкалардағы тапсырмаларды орындайды.

Мысалы:



### Дәптермен жұмыс

#### 3-тапсырма

Педагог заттардың контурын тиісті түспен бояуды ұсынады. Арттық затты тауып, атау керек. Балалар тапсырманы орындайды, артық затты тауып оны бояйды – қалпақ.

#### «Шын немесе жалған» дидактикалық ойыны

Педагог зат пен форманы атайды. Мысалы, «доп дөңгелек», «қорап доп тәрізді». Егер мәлімдеме дұрыс болмаса, онда балалар қолын айқастыра көкірегіне қояды немесе бастарын шайқайды. Егер дұрыс болса – қол шапалақтайды.

#### «Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.

Педагог 35-беттегі № 55 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада түзу, көлбеу және толқынды сызықтарды салады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

#### 3. Рефлексия.

Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## № 29

**Білім беру салалары:** Таным. Қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Не неге ұқсайды?

**Мақсаты:** қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуды қалыптасатыру.

**Міндеттері:**

1. геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табу; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.

2.Зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; графикалық диктантты орындауға дамыту. Кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3.Дербестікке баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** геометриялық денелердің: текше, шар, цилиндр атауларын;

**түсінеді:** геометриялық пішіндер мен денелердің айырмашылығын;

**қолданады:** геометриялық пішіндерді қоршаған ортадан таба алуды; санауды, кеңістікте бағдарлауды.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, кесетін пішіндер жинағы, геометриялық денелердің макеттері, 5-демонстрациялық материал .

**Сөздік жұмыс:** шар, текше.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1.Ұйымдастыру кезеңі.

Шаттық шеңберін құруға шақырады. Шаттық шеңберіне тұрып, өздері білетін өлеңді бәрі қосылып айтады, мәтінге сәйкес қимылдар жасайды.

*Ал , балалар , тұрайық*

*Қолдан шеңбер құрайық .*

*Дөңгелектей дөңгелеп*

*Шыр айналып тұрайық .*

*Қолды аспанға созайық*

*Түзу болып тұрайық ,*

*Бір - біріне қосылып ,*

*Үшбұрышты құрайық .*


**Ойын жағдаяты:** Әлия мен Сырым балаларды геометриялық пішіндер еліне саяхатқа шақырады. Геометриялық елдің барлық жерінде геометриялық пішіндер бар. Көздерін жұмып, 10-ға дейін санайды.Көздерін ашады.

### 2.Негізгі кезең.

**Ортаны модельдеу**

Тақтада геометриялық фигуралардан бейнеленген ағаштар суреті ілінген, педагогтің үстелінде көлемді фигуралардан ғимараттар салынған.

Геометриялық пішіндер елінде ағаштар да ерекше пішінге ие.



– Ағаштардың суреттеріне қарандар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар?

Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды.



– Балалар, мына бұйымдарға қарандар (көлемді фигуралардың мұнаралары). Олар қандай пішіндерден жасалған?

Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды. бұйымдарға қарайды, фигураларды атайды. Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі оқу қызметінде қандай пішіндермен жұмыс істейміз? (геометриялық денелер)

Балалар өз бұйымдарын құрастырады.

### **Шағын топпен жұмыс**

5-кестені пайдаланып «Затты тап» ойынын ойнайды. Балалар санамақ арқылы топтарға бөлінеді, топтарда талқылап, геометриялық денелерге ұқсайтын заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады.

Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады.

### **Жұмыс дәптері**

Педагог дәптердегі **1-тапсырманы** қарап, оны өздігінен орындауды ұсынады.

- Бұл заттар қандай геометриялық денелерге ұқсайды?

Әр топтан бір «артық» затты табады, қоршап сызады. Оның пішінін атайды. Қалған топтағы заттардың пішінін анықтайды.

### **Сергіту сәті**

*Ақылды біз баламыз,  
Тез ұғып бәрін аламыз.  
Сөздерді анық айта алар,  
Біз дарынды баламыз.  
Ұрып қатты шапалақ,  
Аяқты нық басайық,  
Рақаттанып керіліп,  
Күлімдейік, шаттанып.*

### **Үлестірмелі материалмен жұмыс.**

Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды. Педагог балаларға топтарға бөлінуді ұсынады.

Тапсырманы түсіндіреді, фигураларды екі белгі бойынша бөледі: пішін мен түс. Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады.

### **Жұмыс дәптері**

Педагог **2-тапсырманы** орындауды ұсынады.

Көрсетілген пішіндерге ұқсас заттардың суретін жапсырады, салады.

Балалармен бірге тапсырманың орындалуы талқыланады.

### **Аз қимылдайтын ойын «Сиқырлы қозғалыстар»**

Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.



## Жұмыс дәптері

**3-тапсырма.** Фигуралардың орындары ауыстырылды.

- Әр фигураның орнын анықтап, суретін сал.

Педагог балалармен бірге цифрлар мен көрсеткілерді көрсететін схемаларды талқылайды.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 36-беттегі № 57 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада қолымен дөңгелек қимылын көрсетеді.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### 3.Рефлексия.

Педагог оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Кейін педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## № 30

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Кім қайда тұр?

**Мақсаты:** кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптастыру.

### Міндеттері:

1. Қоршаған ортада бағдарлануға үйрету, белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету; жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада терминдерді пайдалануға жаттықтыру. Графикалық диктантты орындау, схемаға сәйкес затты табу, қарапайым мысалдар шығару білігін бекіту.

2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Дербестікке баулу.

### Күтілетін нәтижелер:

**меңгереді:** заттың орналасуын атауды: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, орта; графикалық диктантты орындауды; қарапайым мысалдар шығаруды;

**түсінеді:** термин мағынасын; заттардың орналасуын;

**қолданады:** қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, геометриялық пішіндердің жинақтары, жаттығу жасауға арналған шағын ойыншық жинақтары, демонстрациялық материалдар 24-кесте. Қуыршақтар Әлия мен Сырым.

**Сөздік жұмыс:** оң жақ, сол жақ, алға, артқа.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым: түнде, топта ешкім болмағанда Карлсонның ұшып келіп, сыйға ойыншықтар әкелгенін елестетіндер. Карлсон әзілдегенді ұнатады, сондықтан хатта оларды қалай табуға болатынын сипаттаған.

### 2. Негізгі кезең.

– Сендерді ойыншықты іздеп табу қызықтыра ма?

Хатқалтаны ашып, оқиды: «Педагогтің үстелінің алдына тұр, тура жүр, шкафқа жақында, ондағы қорапта ойыншық жатыр». Оқуды жалғастырады: «терезеге жақында, сол жаққа бұрыл, перденің артында қуыршақ бар».

Балалар қызығушылық танытады, педагогты тыңдайды. Балалардың біреуі тапсырманы орындайды, шкафтағы ойыншық жатқан қорапқа жақындайды. Басқа бала келесі тапсырманы орындайды: терезеге жақындап, солға бұрылып, перденің артындағы қуыршақты табады.

### «Қарама-қарсы бағдарды ата» дидактикалық ойыны

Педагог ұйымдастырады. Педагог кеңістіктік бағдарларды атайды, ал белгі (доп, көрсеткіш, фишка және т.с.с.) алған бала мағынасы бойынша қарама-қарсы бағдарды атайды. Мысалы, оң жақ – сол жақ, жоғары – төмен және т.б.

Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.

### Топтық жұмыс. «Не өзгерді?» ойыны

Педагогтың үстелінде бірнеше зат жатыр. Балалар бір-біріне қатысты заттардың қалай орналасқанын есте сақтайды. Содан кейін олар көзін жұмады, осы кезде педагог бір немесе екі заттың орындарын ауыстырады. Балалар көзін ашып, қандай өзгерістер болғанын, заттар бұрын қайда тұрғанын және қазіргі тұрған жерін айтады.

Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы, қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның оң жағында тұр, т.б.

Қызығушылық танытып, педагогті тыңдайды.

### Дәптермен жұмыс

Жұмыс дәптеріндегі **1-тапсырманың** суретін қарауды ұсынады.

Бөлменің ортасында кім орналасқанын айтады. Оны қызыл түсті қарындашпен қоршап сызады. Оң жақта алыстау бұрышта тұрғанды жасыл, сол жақта жақындау тұрғанды көк түспен қоршайды. Қызғылт кофты киген қыз осы балаларға қатысты қай жерде орналасқанын айтады.

Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.

### Сергіту сәті.

*Көтеріп қолын қуыршақ,*


*Жоғары-төмен, жоғары-төмен.*

*Шыр көбелек айналып,*

*Би билейді бізбенен.*

**Топпен жұмыс:** Санамақ арқылы балалар топқа бөлінеді. Балалардың әрқайсысында өрнекті сурет (алаша) бар.

**Ойын жаттығуы.** «Өз өрнегің туралы айтып бер». Балалар пішіндерді қарап, олардың орналасуын атауы тиіс.



Балалар топтасып жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады: оң жақтағы жоғарғы бұрышта – дөңгелек, сол жақтағы жоғарғы бұрышта шаршы, сол жақтағы төменгі бұрышта – сопақша, оң жақтағы төменгі бұрышта – тіктөртбұрыш, ал ортада үшбұрыш орналасқан.

Педагог өткен оқу қызметіндегі «**Сиқырлы қозғалыстар**» ойынын қайталауды ұсынады.

Ойынды бөлмеде де, далада да өткізуге болады. Еденге ұяшықтарды сызады немесе оларды арқаннан салады (сызықтарды түрлі-түсті жұқа изолентамен желімдейді және т.б.). 1-2 баланы белгілі бір ұяшықтарға қояды. Жоғарғы және төменгі жағын шартты түрде белгілейді. Тапсырманы осы балалардың қолына береді және қалған балалар тексере алатындай етіп тақтаға іліп қояды. Бала маршрутта көрсетілгендей қадамдар жасайды. Егер бала дұрыс қозғалса, бүкіл топ қолын шапалақтайды.

### Дәптермен жұмыс істеу

Педагог балаларға дәптердегі **2-тапсырманы** қарауды және көрсеткіштердің бағыттарын (оң және сол жаққа, жоғары, төмен) атауды ұсынады. Балық қай жерде болуы мүмкін деген торкөзді бояйды.

**3-тапсырма** тексерумен өздігінен орындалады. Сана, әр фигурада қанша торкөз бар? Тиісті түспен боя.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 58-беттегі №2 графикалық диктантты орындауға ұсынады. Жұмыс алдында педагог балалардың назарын диктантты сол жақтан оң жақ жолына қарай «оқитынына» назар аударады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия.**

Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 31**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта.

**Мақсаты:** кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау білімін кеңістікте орналасуы туралы білімін қалыптасатыру.

**Міндеттері:**

1. Қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, суретті сипаттау бойынша табуға үйрету. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау бекіту.

2. Зейін, жад, сөйлеу дағдысын, логикалық ойын тапсырмаларын орындау білігін дамыту.

3. Дербестікке тәрбиелеу. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» сөздерін айтуды;

**түсінеді:** қағаз бетінде бағдарлауды;

**қолданады:** «жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада» ұғымдарын қолдана алу, белгілі бір затты оның орналасқан орнын сипаттау бойынша таба алу.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, суреті бар кесетін карточкалар. демонстрациялық материалдар 24-кесте. Қуыршақтар Әлия мен Сырым.

**Сөздік жұмыс:** оң жақ, сол жақ, алды, арты.

### **ҰОҚ-нің барысы**

#### **1.Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жағдаяты.**Әлия мен Сырым өздерімен бірге сурет алып келді. Балалардан суреттегі заттардың орналасуын анықтауға көмектесуді сұрайды. Сол жақта қандай заттар, оң жақта не бар?

Балалар көмектесуге ниет білдіреді.

#### **2.Негізгі кезең.**

**Суретпен жұмыс**

Педагог қандай да бір заттың суретін тауып, анықтауды сұрайды:

– оның оң жағында не орналасқан,

– оның астында ненің суреті бейнеленген,

– берілген заттың үстінде оң жақта не орналасқан және т.с.с.

Тапсырманы өзгертуге болады, педагог:

– оң жақтағы жоғарғы бұрышта;

– парақтың төменгі жиегінің бойында;

– парақтың ортасында және т.с.с. орналасқан мына заттарды атауды немесе

көрсетуді сұрайды.

**Шағын топтармен жұмыс.**

**«Суретті тап» дидактикалық ойыны**

Карточкалармен жұмыс ұсынады:

Әрбір топта суреттері бар карточкаларды қараңдар.

Одан кейін, мысалы, оң жақтағы жоғарғы бұрышта орналасқан суретті көрсетуді (фишкамен жабуды) ұсынады. Жаттығу бірнеше рет қайталанады. Мұқият тыңдап, заттардың орналасуын атайды. Карточкаларды қарайды. Педагогтің нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды.



Талқылап, сұрақтарға жауап береді.

### Дәптермен жұмыс

**1-тапсырманы** орындауды ұсынады.

Суретке қарайды. Сөреде тұрған ойыншықтардың орналасуын айтады.

– Маймыл қандай сөреде отыр? ( Оң жақтағы жоғарғы.)

– Оның жанында қандай заттар бар? (Бұл сөреде басқа заттар жоқ.)

– Кітаптардың үстіңгі жағында, астыңғы жағында нелер тұр?

Жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ сөздеріне сұрақ құрастыру. Педагог балалардан досының сұрақтарына жауап беруін сұрайды.

### Сергіту сәті.

«Сол жақ – оң жақ»

*Өзіне қатысты бағдарлай алу.*

Балалар өлең сөзі бойынша дене мүшелерін көрсетеді.

*Бұл – сол қол.*

*Бұл – оң қол.*

*Бұл – сол аяқ.*

*Бұл – оң аяқ.*

*Мынау – біздің сол құлақ.*

*Мынау – біздің оң құлақ.*

*Ал, міне – сол жақ көз.*

*Көзін алақанымен жабады.*

*Ал, міне – оң жақ көз.*

*-Ку-ку.*

Шағын топпен жұмыс.

Педагог «Суретті жұмбақта» ойынын ұйымдастырады. Сөздерді жұмбақтап бастуға ұсынады: ол парақтың төменгі сол жағында.



Балалар карточкаларды қарайды, заттарды ойластырады, орналасуын сипаттайды.

### Дәптермен жұмыс

**2-тапсырманы** орындауды ұсынады.

– Шаршыдағы нүктелердің санын атаңдар. Мысалдарды шешіңдер. Нүктелердің суретін салыңдар.

Балалар тапсырманы талқылайды, нүктелерді санайды, мысалдарды шешеді.

**3-тапсырманы** орындауды ұсынады.

Тапсырма бойынша моншақтың суреті сандықшаның сол жағында, оң жағында, ішінде, үстінде, астында болатындай салады.

Балалар тапсырманы жеке орындайды, педагог тексереді.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 59-беттегі №3 графикалық диктантты орындауды ұсынады. Жұмыс алдында педагог балалардың назарын диктантты сол жақтан оң жақ жолына қарай «оқитынына» назар аударады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. Педагог өзін-өзі бағалауды ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

**№ 32**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Жыл мезгілдері. Жыл айлары.

**Мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту, әр жыл мезгілінің белгілерін атау, жұмбақтарды шешу, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту. Қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыру және шығару білігін бекіту.

2. Зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Дербестікке баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**менгереді:** жыл мезгілдерінің атауларын, реттілігін, айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай атау туралы білімін қалыптастыру.

**түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;

**қолданады:** жыл мезгілінің ай атауларын ретімен атау дағдыларын, санды цифрмен белгілеуді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері. Жыл мезгілдері бар кесілген суреттер жиынтығы, киім жиынтығы бар қуыршақтар, демонстрациялық материалдан жасалған 18 – 20-кестелер. Қуыршақтар Әлия мен Сырым.

**Сөздік жұмыс:** жыл мезгілдері, айлары.

## **ҰОҚ-нің барысы**

**1.Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым жыл мезгілдеріне байланысты сурет алып келді.

«Бұл қашан болады?» ойынын ұйымдастырады. Педагог суреттерді (жыл мезгілдерін) көрсетеді, ал балалар оларды атайды.

Әлия мен Тимур балалардан қандай ойындар қыста, жазда ойнағанды ұнатасындар соны мимика мен қимылдармен көрсетуін сұрады. Маусымдық ойындарды (шанамен сырғанау, шаңғы тебу, коньки тебу, жүзу және т.б.) ұсынылды.

**2. Негізгі кезең.**

18, 19, 20-кестедегі **демонстрациялық материалмен** жұмыс.

Педагог жылдың әр мезгілі мен киімнің белгілерін атауды ұсынады, қуыршаққа маусымдық киім бейнеленген карталарды таңдайды.

**Дәптермен жұмыс**

Педагог **1-тапсырманы** орындауға ұсынады.

Суреттерді қарайды. Әр жыл мезгілінің айларын атайды.

Жұмыс дәптеріндегі **1-тапсырманы** қарайды.

Барлық суреттер араласып кеткенін айтады.

Жұмбақты оқиды. Жұмбақтың шешуіне байланысты заттарды қоршап сызады: қыс, көктем, жаз, күз.

Педагог жыл мезгілдері туралы өлең оқиды.

**Жыл мезгілдері**

Гүл-гүл жайнап жер беті,  
Гүрілдейді сайда өзен.  
Гүлжазира жарасқан  
Гүлдерімен қай кезең?  
Күннің көзі шуақты,  
Балалар жүр шомылып.  
Көбелек қуып ойнайтын  
Қай мезгіл деп ойлайсың?  
Жиып-теріп болатын,  
Қамбаға астық толатын.  
Жапырақтар сарғайып,  
Қай мезгіл деп ойлайсың?  
Шана зырғып желетін,  
Шаңғы, коньки тебетін,  
Аққала жасап ойнайтын,  
Қай мезгіл деп ойлайсың?

**Сергіту сәті.**

Балақай-ау, балақай,  
Жаз келеді-ау, алақай.  
Жалаң аяқ жүреміз,  
Балақты да түреміз.  
Көлден балық сүземіз,  
Жалтылдатып тіземіз.  
Тау мен тасты кеземіз,  
Сан қызықты көреміз,  
Сайдан жидек тереміз,  
Алтытақан тебеміз [21].

19.1-кесте, **демонстрациялық материалмен жұмыс** көрсету материалы табиғи құбылыстарды, жыл мезгілдеріндегі адамдардың киімдері мен іс-әрекеттерін байланыстыру үшін қолданылады.

Педагог өлең тыңдауға шақырады

Аппақ ұлпа қары бар,  
Қаңтардың өз әні бар.  
Ақ сүт жағып алғандай,  
Ең қысқа ай-Ақпан ай.  
Жасандырып жас талды,  
Көктем айы басталды.  
Ғарышқа жол салынған  
Сәуір айы-тәуір ай.  
Жер дүние жасанды,  
Келіп сұлу Мамыр ай.  
1 маусым, балалар,  
Қорғайтын күн сендерді.  
Барып жасыл жайлауға,  
Жаз қызығын көріңдер.  
Енді жүрме сен текке,  
Жаздың соңғы айында,  
Барар болсаң мектепке,

Әліппенді дайында.  
Қыркүйек айы келгенде,  
Айқара аш есігін  
«Қош келдің» деп мектебің  
Қарбыз, қауын піседі,  
Соғады ептеп жел үріп.  
Қараша айы, қара суық,  
Қара жел тұр аласұрып.  
Ойын ойнап, міне, біз,  
Қыс қызығын көреміз.  
Шанаға да мінеміз,  
Шаңғыны да тебеміз [22].

### **«Жыл бойы» (доппен) дидактикалық ойыны**

Педагог допты лақтырып, сұрақ қояды:

Ақпан жыл ішінде нешінші ай?  
Жылдың соңғы айы қандай?  
Қазаннан кейінгі қандай ай?  
Жаз айларын ата және т.б.  
«Жыл мезгілі»

### **Ойын жаттығуы: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»**

Педагог бастайды, балалар жалғастырады.

Алдымен көктем, содан кейін ... жаз  
Алдымен бүгін, содан кейін ... ертең  
Алдымен қаңтар, содан кейін ... ақпан.

Олар педагогті мұқият тыңдайды, сөйлемді мағынасы бойынша жалғастырады.

Мұндай тапсырмаларды балаларды өздері құрастыруға шақыра аласыз.

### **Дәптермен жұмыс**

#### **2-тапсырма.**

Балалар шеңберді қарайды

– Жыл айларын есіңе сақтаңдар. Жыл мезгілдерінің айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.

Жыл мезгілдерінің аттарын есте сақтаңыз. Жыл мезгілдері мен айларын атайды. Балалар хормен қайталайды.

– Жылдың әр мезгілінде неше ай бар? (4)

– Барлық айларды өздеріңіз қайталауға тырысыңыздар.

– Педагог балаларды жылдың айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.

**3-тапсырманы** балалар жеке орындайды, кейін тексереді. Суреттерді қарайды. Мысалдар құрастырып, оларды шығарады.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 59-беттегі №4 графикалық диктантты орындауға ұсынады. Жұмыс алдында педагог балалардың назарын диктантты сол жақтан оң жақ жолына қарай «оқитынына» назар аударады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3.Рефлексия.**

Педагог балалардан сәтті және оңай жасаған және қателескен немесе қиын болған жұмыс түрлері туралы сұрайды. Қорытындысын шығарады, балаларды көтермелейді.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## № 33

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Апта күндері. Тәулік бөліктері. Циферблат бойынша уақытты анықтау.

**Мақсаты:** уақытты бағдарлау дағдыларың қалыптастыру.

**Міндеттері:**

1. Апта күндері, тәулік бөліктері, циферблат бойынша уақытты анықтауды ретімен атау біліктілігін бекіту. Логикалық ойын тапсырмаларын орындауға үйрету.

2. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Дербестікке баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** «кеше, бүгін, ертең» сөздерін, апта күндерін, тәулік мезгілдерін атауды;

**түсінеді:** оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін;

**қолданады:** жұмбақты шешу білігін, тәулік мезгілдерін, апта күндерін білуді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері. Кесетін суреттер, демонстрациялық материалдар 10, 19.1, 24-кестелер, Әлия мен Сырым қуыршақтары.

**Сөздік жұмыс:** кеше, бүгін, ертең.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1.Ұйымдастыру кезеңі.

**Ойын жағдаяты.** Әлия мен Сырым «Не істегенімізді айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз» ойынын ұйымдастырады.

Педагог балаларға екі топқа бөлінуді ұсынады. Балалар санамақ арқылы топқа бөлінеді, бір топ жұмбақты жасырады, екінші топ шешеді.

### 2.Негізгі кезең.

**Ойын жаттығуы:** Мен сөйлемді бастаймын, ал сендер жалғастырыңдар.

Алдымен көктем, одан кейін ...

Алдымен күн..., одан кейін...

Алдымен дүйсенбі, одан кейін ...

Алдымен бүгін, одан кейін ...

Алдымен қаңтар, одан кейін ...

Мұқият тыңдап, сөйлемді мағынасына сәйкес жалғастырады:

**Демонстрациялық материалмен жұмыс** 13-кесте.

Апта күндерін естеріне түсіреді. Аптаның бірінші, бесінші, жетінші күндерін атауды сұрайды.

### «Жанды апта» дидактикалық ойыны

1-ден 7-ге дейінгі цифрлар араласып, педагогтің үстелінде бетімен төмен қарап қойылады. Балалар таңдаған карточкасының цифріне қарай ретімен қатарға тұрады, олар аптаның күндеріне айналды. Сол жақтағы бірінші бала алға қарай шығып:

«Мен Дүйсенбімін. Келесі қай күн?» т.с.с.

Ойынға қатыспаған балалар «апта күндеріне» тапсырма береді.

-Барлық демалыс күндерін атаңыз.

-Аптаның екінші күнін атаңыз.

10 - кестедегі **демонстрациялық материалмен жұмыс.**

- Суреттерді қараңдар.

-Бірінші суретте не бейнеленген?

- Екінші суретте не бейнеленген? (Үшінші, төртінші).

Әр суреттің астына осы оқиғалардың қандай тәртіппен жүретіні туралы өз нөмірі бар карточка қойыңыз. Бұл қай кезге қатысты сөздер екенін атауды ұсынады. Таңертең, кеш, күн, түн сөздерін дұрыс ретпен қайталауды сұрайды.

**Дәптермен жұмыс**



### **1- тапсырма.**

– Қыз аптаның әр күнінде не істегенін айтып бер. Сен жексенбі күні не істегенінді есіңе түсір?

Дүйсенбі күні ше?

– Педагог балаларды жыл айларын дұрыс ретімен атауды ұсынады. Жарыстар ұйымдастырады - айларды дұрыс атаған балаларды фишкамен мадақтайды.

### **2- тапсырма**

Сөйлемдерді тыңдайды, суреттерді дұрыс ретімен сызып қосады.

Дүйсенбі күні күн ашық болды.

Сәрсенбі күні қатты жел соқты.

Бейсенбі күні күн бұлтты болды.

Сенбиде найзағай ойнады.

Жексенбиде жаңбыр жауды.

Тапсырманы талқылайды, сол жағындағы цифрлар апта күндерін бағдарлайды, табиғат құбылыстары бар суреттерімен сызып қосады.

### **3-тапсырма**

Педагог уақытты циферблатпен айту қаншалықты маңызды екенін сұрайды. Суретте не бейнеленген? Сағат неше болғанын көрсетіп тұр? Циферблатта қандай сан жетіспейді? Жазуды ұсынады.

### **4-тапсырманы орындау**

Суреттегі айырмашылықтарын табады. Қанша айырмашылық тапса, сонша дөңгелек салады. Суреттерді бірдей етіп жасайды.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 60-беттегі №5 графикалық диктантты орындауға ұсынады. Жұмыс алдында педагог балалардың назарын диктантты сол жақтан оң жақ жолына қарай «оқитынына» назар аударады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Педагог балалардан оңай орындаған және орындауға қиналған немесе қателескен жұмыс түрлері туралы сұрайды. Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 34**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Таразы.

**Мақсаты:** заттардың массасын өлшеу туралы ұғымды қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

1. Салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек деген ұғыммен таныстыру. Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару дағдысын бекіту.

2.Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3.Дербестікке баулу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** ауыр заттарды анықтау және атауды, мысалдар құрастыру және шешуді;

**түсінеді:** таразы бастарын теңестіру үшін табақшаларға тағы да зат (заттар) салу керек немесе заттарды алып тастау керектігін;

**қолданады:** таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта).

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** № 2 жұмыс дәптері, таразының үлгісі, жемістер мен көгөніс муляждары, демонстрациялық материал 9, 24-кестелер. Қуыршақ Әлия мен Сырым.

**Сөздік жұмыс:** ауыр, жеңіл.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1. Ұйымдастыру кезеңі.

Әлия мен Сырым таразының моделін балаларға көрсетіп, осы құралды қай жерден көргені, оның не үшін қолданылатыны туралы айтып беруді сұрайды. Дүкендегі таразы туралы сұхбат ұйымдастырады. Суреттердегі таразыларды көрсетеді. ( 9-кестедегі демонстрациялық материал). Педагог ұйымдастырылған оқу қызметіне таразының ойыншық моделін алып келеді және оны қалай өлшеу керектігін көрсетеді

Қызығушылық танытады. Сұхбатқа қатысып, жеке тәжірибесінен білімдерімен бөліседі.

### 2. Негізгі кезең.

– Заттардың айырмашылықтары пішіні және түсімен ғана шектелмейді, олардың салмағы да әртүрлі. Кейбір заттар ауыр, кейбір заттар жеңіл болады.

Педагог ізденіс мақсатын ұсынады.

Заттың сыртқы түрі бойынша қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтауға бола ма?

Салмақты қалай дәл анықтауға болады?

Талқылау барысында таразыны пайдалану керек деген қорытынды жасалады.

Салыстыруға арналған заттар:

2 ағаш текше – ( біреуі кішкентай, екіншісі үлкен).

Педагог таразының үлгісін көрсетіп, қалай өлшеу керектігін көрсетеді.

Бір табақшаға үлкен текше, ал екіншісіне кішкентайын қояды.

Үлкен текше салынған табақша төмен түскенің байқайды. Қандай қорытынды жасаймыз? Үлкен текше кішкентайға қарағанда ауырлау. Басқаша қалай айтуға болады?

-Кішкентай текше үлкенге қарағанда жеңіл.

Болжамдар ұсынып, заттарды қолға алып, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін анықтайды.

Екі табақшаны теңестіру үшін не істейміз?

Балалар сұхбатқа қатысады.

Балалар ойланады, талқылап, қорытындыға келеді.

Кішкентай текшесі бар табақшаға тағы бір кіші текше салу керек.

Балалар, табақшаларды теңестіру үшін біздер не істедік?

Кішкентай текше қостық.

Суретті қарауды сұрайды.

Таразылар неге төмен түскен?



Балалар суреттерді қарайды, сұрақтарға жауап береді. Бір табақшада заттар көбірек, сондықтан табақша төмен түскен.

Соңғы сурет жөнінде не айтуға болады?

Соңғы суретте заттар екі-екіден, олар тең.

Жоғарғы суреттегі заттарды теңестіру үшін не істеу керек?

Балалар ойланады, талқылайды, заттар қосу керек, немесе артығын алып тастау керек деп қорытынды жасайды.

Жоғарғы суреттегі сол жақ табақшададан бір алманы алып тастау керек, немесе оң жақ табақшаға бір алма қосу керек.

Алмұрт бар суретке сол жақ табақшаға екі алмұрт қосу керек, немесе оң жақ табақшадан екеуін алып тастау керек.

Логикаға арналған тапсырма: суреттерді қараңдар, не ауыр: апельсин бе, әлде алмұрт пе?

Балалар талқылайды алма алмұрттан ауырлау, апельсин алмадан ауырлау. Сондықтан апельсин алмұрттан ауырлау.

### **Дәптермен жұмыс**

**1-тапсырманы** орындауды ұсынады.

Өртүрлі таразыға қараңыздар! Таразы тең болу үшін не істеу керек екенін айтыңыз? (Сол жақтағы табақшаға және оң жақтағы табақшаға салмақтары бірдей заттарды, салмақтары мен саны бірдей заттарды саламыз, заттардың салмағы теңесетіндей, бір табақшаға ауыр затты, екінші табақшаға жеңіл бірнеше затты саламыз.

Педагог топта **2-тапсырманы** орындауды ұсынады.

Тепе-тең таразылардың суретін қоршап сызады. Өз таңдауың түсіндіреді.

Балалар суреттерді қарап, сұрақтарға жауап береді. Табақшалары тең оң жақ жоғарғы қатардағы суретті анықтайды. Тапсырмаларды орындайды, одан кейін бір-бірін тексеріп, бірлесіп талқылайды.

### **Сергіту сәті.**

*Бір дегенім – көтеріліп, керілу.*

*Екі деген – еңкею мен созылу.*

*Үш дегенім – үш рет соғып алақан.*

*Бас изейміз үш қайтара, балақан.*

*Төрт дегенім – құшақ жая, қол керу,*

*Бес дегенде – қоштасарда қол бұлғау.*

*Алты деген – орнымызға отыру.*

*Жеті-сегіз – жалқаулықтан арылу.*

*Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды.*

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **3-тапсырманы** өздігінен орындауды ұсынады.

– Суреттерге қараңдар. Гантельді жеңілінен ауырына қарай сызып қосыңдар.

Педагог **4-тапсырманы** орындауды ұсынады. Суреттерге қарап, мысалдар құрастырып, оларды шығарады. Суреттерді қосу және азайтуға арналған жазбалармен біріктіру.

### **Графикалық жұмыс**

#### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына, қолын дұрыс орналастыруына, дәптерді көлбеуіне қарай және қарындаштарды қалай ұстайтынына назар аударады. Жеке жұмыс жасалады.

Педагог 60-беттегі №6 графикалық диктантты орындауға ұсынады. Жұмыс алдында педагог балалардың назарын диктантты сол жақтан оң жақ жолына қарай «оқитынына» назар аударады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3.Рефлексия.**

Оқу қызметін қорытындылайды, балаларды мадақтайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

### **№ 35**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Өлшеу.

**Мақсаты:** заттарды өлшеу практикалық дағдыларын қалыптастыру.

### **Міндеттері:**

1. Заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту.
2. Зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту.
3. Дербестікке баулу.

### **Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** иінді таразымен өлшеуді; санауды, санды жазуды;

**түсінеді:** таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын;

**қолданады:** таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтау білігін (төмен түскен табақта). Үзік сызықтармен сызуға, бояуға, графикалық диктантты орындауға үйретуді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** № 2 жұмыс дәптері, таразының үлгісі. Өртүрлі таразылар: тұрмыстық, шаруашылық, безбен, еденге қоятын таразылар. Өлшеуге арналған заттар. Кітаптар, ойыншықтар және басқалары, демонстрациялық материал. 9, 24-кестелер. Қуыршақтар Әлия мен Сырым.

**Сөздік жұмыс:** таразы, өлшеу.

## **ҰОҚ-нің барысы**

### **1.Ұйымдастыру кезеңі.**

**Ойын жадааты.** Әлия мен Сырым дүкен ойынын ойнауды ұсынады.

Бұл оқу қызметінде біз дүкенде сауда жасаймыз.

- Дүкенде нені өлшейді?
  - Сендер қандай таразыларды көрдіңдер?
  - Қай заттың ауырлау екенін қалай анықтауға болады?
- Балалар жағдаятқа қызығушылық танытады.

### **2.Негізгі кезең.**

**Топтық практикалық жұмыс.** Таразымен жұмыс. Заттарды салмағы бойынша салыстыру.

Балаларға жұптарға бөлініп, үстелдерге өту ұсынылады.

Жұптағы бір бала таразы табақшасына бір затты салады, екінші бала екінші затты салады, заттардың салмағы әртүрлі.

### **Дәптермен жұмыс**

**1-тапсырманы** жұмыс дәптерінде орындауды ұсынады.

– Суреттерге қарайды. Қандай заттар жеңіл екенін атайды. Әр жұптағы ауыр затты атайды және бояйды.

Бұл тапсырманы қолда бар материалдардан таразы жасап, орындауға болады. Мысалы, қорап, пенал т.б заттарды тірек ретінде алып үстіне сызғышты орнатады. Салмақтары жеңіл және ауыр екі ойыншықды ойластырған таразының екі жағына салады. Балаларға әртүрлі таразы үлгілерін көрсетеді. 3–5 баладан кезек-кезек шықырып, оларға әртүрлі заттардың жұптарын өлшеуді ұсынады. Тапсырманы орындайды.

Балалар заттардың жұптарын өздігінен өлшейді.

Балалар «жеңіл», «ауыр» сөздерін қолдана отырып, өздерінің іс-әрекетін түсіндіреді.

### **Сергіту сәті.**

*Орнымыздан тұрайық,  
Мойнымызды бұрайық.  
Қолымызды көтеріп,  
Саусақты ашып-жұмайық.  
Содан соң қолды түсіріп,  
Алға қарай адымдап,  
Шапалақты ұрайық.*

9- кестедегі демонстрациялық материалмен жұмыс

Қай табақша төмен түседі? Салмағы ауыр ма немесе жеңіл ме?  
Таразы бойынша қай табақша ауырырақ екенін анықтайды. Кім (не) ауырырақ?  
Блиц-сұрақ.

Не ауыр – ашықхат па, қарындаш па?

Таразы табақшаларын теңестіру үшін не істеу керек?

### **Дәптермен жұмыс**

Педагог **2- тапсырманы** орындауды сұрайды.

Заттарды таразыға салады. Оларды жапсырады.

Заттардың салмағы таразының орналасуына қарай анықталады: тең, жеңіл және ауыр.

Сол жақтағы таразыға қарбыз бен қауынды салады, оң жақтағы таразыға – үш-үштен жеміс салады.

Педагог **3- тапсырманы** орындауды сұрайды.

– Суреттерді қараңдар. Әр табақшадағы көгөністер мен жемістерді санаңдар. Санын жазыңдар.

Педагог балалармен талқылайды, санайды, цифрын жазады.

**4- тапсырма** жеке орындалады.

Педагог балаларға тапсырманы алгоритм бойынша бірге орындауды ұсынады:

– Қарындашты нүктеге қой. Бірінші тапсырмада көрсетілгендей 4 торкөзге жоғары сызық сыз.

– Тоқта.

– Шатаспау үшін, осы тапсырманы (жоғары 4 көрсеткіш сызық) сызып таста.

– Келесі команданы қараймыз және оқимыз (торкөздердің саны мен бағыты).

– Тапсырма бойынша жылжы, графикалық диктантта көрсетілгендей торкөздерді сыз. Қандай сурет шықты? Оны көрсет. Бұл ит.

### **«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 37-беттегі №59 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада сызықтарды салады, қолымен дөңгелек қимылын көрсетеді.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

### **3. Рефлексия.**

Қорытындысын шығарады, балаларды көтермелейді. Педагог балалардан сәтті және оңай жасаған және қателескен немесе қиын болған жұмыс түрлері туралы сұрайды.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындалса, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.

## **№ 36**

**Білім беру салалары:** таным, қатынас.

**Бөлімі:** МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ.

**Тақырыбы:** Нені білеміз, нені жасай амыз.

**Мақсаты:** алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту.

**Міндеттері:**

1. 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту.

2. Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

3. Дербестікке баулу.

**Күтілетін нәтижелер:**

**меңгереді:** тура және кері санауды, пішіндерді дұрыс атауды;

**түсінеді:** фигураларды ажыратуды, заттарды санауды;

**қолданады:** геометриялық пішіндерді атауды және ажырата білуді; сурет бойынша есептер шығаруды. Үзік сызықтармен сызуды және бояуды, графикалық диктантты орындауға үйретуді.

**Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:** №2 жұмыс дәптері, тапсырмалар жазылған карточкалар, пішіндер мен зат жинақтары, демонстрациялық материал, 24-кесте, қуыршақтар Әлия мен Сырым.

**Сөздік жұмыс:** санау.

## ҰОҚ-нің барысы

### 1.Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог математикалық жарыс ұйымдастыруды ұсынады. Топ құрады.

- Бүгінгі оқу қызметінде, осыған дейін не үйренгенімізді еске түсіреміз. Білімдерімізді жүйелеп көрсетеміз. Балалар жарысқа деген қызығушылықтарын көрсетеді. Топтарға бөлінеді: бірінші команда Әлияның командасы, екінші команда Сырымдікі.


### 2.Негізгі кезең.

Педагог тапсырманы зейін салып тындауды ұсынады.

**1-тапсырма.** Топтар хормен тура және кері санайды. Бір санды аттап санайды. Балалар дауыстап тура және кері санайды, топтар бір саннан аттап санайды.

#### 2-тапсырма.

Тақтадағы нүктелері бар жұпты – шаршылар карточкаларын қараңдар.




Карточкаларды қарайды жұптасу жолын анықтайды, соңғы карточканы толықтырады.

- Тақтадағы фишкаларға қараңдар.
- Олардың ұқсастығы қандай?
- Айырмашылығы неде?
- Соңғы карточканы толықтыр.

Балалар карточкаларды қарайды, жұптастыру принципін анықтайды, соңғы суретті салады: біріншісінде - бір нүкте, екіншісінде - 6 нүкте.

#### 3- тапсырма.


Суретті қараңдар. Неше пішін? Оларды атаңдар.



Пішіндерді қарайды, шаршы екенін анықтап, санайды.

#### 4- тапсырма.

– Суретке қарап есептер құрастырып, мысалдар жазыңдар.



#### 5-тапсырма.

– Ұзындығы бойынша салыстырыңдар.



Балалар ұзындығы бойынша салыстырады.

### Дәптермен жұмыс

Дәптердегі сайыстың жеке кезеңі.

#### 1-тапсырма.

Есепте, жауабын жапсыр. Педагог жапсыру үшін қажетті суреттер мен цифрларды табуды ұсынады.

**2-тапсырма.** Әр қатардағы жіп орамдарын сана. Тиісті цифрмен сызып қос.

Балалар жазбалар мен суреттерді қарайды.

-Мысалдарды шығар. Өзің мысалдар ойластыр.

**3-тапсырма.**

-қанша шырша болса, сонша үшбұрышты боя.

-қанша үй болса, сонша шаршыны боя.

-қанша шар болса, сонша шеңберді боя.

**4-тапсырма.**

Педагог шарларды кемпіркөсақтың түстерімен штрихтауды ұсынады.

Балалар сұрақтарға жауап беріп тапсырмаларды орындайды. Өз әрекеттерін түсіндіреді.

**«Математикалық жазулар» дәптерімен жұмыс.**

Педагог 38-беттегі № 61 тапсырманы орындауға ұсынады. Балалар жұмысқа кіріспес бұрын ауада сызықтарды салады.

Педагог балалардың партада дұрыс отыруына назар аударады. Жеке жұмыс жүргізеді.

**3. Рефлексия.**

Педагог жарыстың қорытындысын шығарады. Барлық балаларды мақтау қағаздарымен немесе қандай да бір сыйлықтармен марапаттайды. Балалар өз жетістеріне қуанады.

Педагог өзін-өзі бағалауға ұсынады. Егер ҰОҚ-тің дұрыс орындасаң, жасыл дөңгелекті боя. Егер тапсырмалар жартылай орындалса, сары дөңгелекті боя. Егер ҰОҚ қиын болып, түсініксіз болса, қызыл дөңгелекті боя.








## Қосымша

Кестені толтыр 1*.		
	$1 + 1 = \square$	
	$2 + 1 = \square$	
	$3 + 1 = \square$	
	$4 + 1 = \square$	
	$5 + 1 = \square$	
	$6 + 1 = \square$	
	$7 + 1 = \square$	
	$8 + 1 = \square$	
	$9 + 1 = \square$	
Кестені толтыр 2**.		

$1 + 2 = \square$



$3 - 2 = \square$

$2 + 2 = \square$		$4 - 2 = \square$
$3 + 2 = \square$		$5 - 2 = \square$
$4 + 2 = \square$		$6 - 2 = \square$
$5 + 2 = \square$		$7 - 2 = \square$
$6 + 2 = \square$		$8 - 2 = \square$
$7 + 2 = \square$		$9 - 2 = \square$
$8 + 2 = \square$		$10 - 2 = \square$

**ҰОҚ-де билингвальді қамтамасыз ететін лексикалық минимум**

<b>Апта күндері</b>	<b>Дни недели</b>
Дүйсенбі	Понедельник
Сейсенбі	Вторник
Сәрсенбі	Среда
Бейсенбі	Четверг
Жұма	Пятница
Сенбі	Суббота
Жексенбі	Воскресенье

<b>Тәулік</b>	<b>Сутки</b>
Таң	Утро
Күн	День
Кеш	Вечер



Түн	Ночь
<b>Күндер реті</b>	<b>Последовательность дней</b>
Бүгін	Сегодня
Ертең	Завтра
Кеше	Вчера
Бүрсігүні	Послезавтра
Алдыңгүні	Позавчера

<b>Айлар</b>	<b>Месяцы</b>
Қаңтар	Январь
Ақпан	Февраль
Наурыз	Март
Сәуір	Апрель
Мамыр	Май
Маусым	Июнь
Шілде	Июль
Тамыз	Август
Қыргүйек	Сентябрь
Қазан	Октябрь
Қараша	Ноябрь
Желтоқсан	Декабрь

<b>Жыл мезгілдері</b>	<b>Времена года</b>
Жаз	Лето
Күз	Осень
Қыс	Зима
Көктем	Весна

<b>Қасиеттер</b>	<b>Свойства</b>
------------------	-----------------

Түс	Цвет
Өлшем	Размер
Пішін	Форма
Саны	Количество

<b>Фигуралар және пішіндер</b>	<b>Фигуры и формы</b>
Шеңбер	Круг
Сопақша	Овал
Үшбұрыш	Треугольник
Төртбұрыш	Четырехугольник
Тіктөртбұрыш	Прямоугольник
Шар	Шар
Текше	Куб
Цилиндр	Цилиндр
Жарты	Половина
Бөлім	Часть
Бүтін	Целое

<b>Түстер</b>	<b>Цвета</b>
Қызыл	Красный
Сары	Желтый
Көк	Синий
Жасыл	Зеленый
Қара	Черный
Ақ	Белый

<b>Өлшем, шама, кеңістікте бағдарлау</b>	<b>Размер, величина, пространственное</b>
--	---

	<b>расположение</b>
Үлкен, кіші	Большой, маленький
Ең үлкен, ең кіші	Самый большой, самый маленький
Орташа	Средний
Биік, аласа	Высокий, низкий
Кең, тар	Широкий, узкий
Ұзын, қысқа	Длинный, короткий
Ауыр, жеңіл	Тяжелый, легкий
Сол,оң	Левый, правый
Сол жақта, оң жақта	Слева, справа,
Жоғары, төмен	Верх, вниз
Жоғарыда, төменде	Вверху, внизу
Алды(да) арты (та)	Передний, задний
Алдында, артында	Перед, за
Жақында, алыста	Близко, далеко
Арасында, (ортасында)	Между, посередине
Жанында	Рядом

<b>Сан. Есептік санау</b>	<b>Количество. Количественный счет</b>
0 – нөл	0 – ноль
1 – бір	1 – один
2 – екі	2 – два
3 – үш	3 – три
4 – төрт	4 – четыре
5 – бес	5 – пять
6 – алты	6 – шесть
7 – жеті	7 – семь
8 – сегіз	8 – восемь
9 – тоғыз	9 – девять

10 – он	10 – десять
---------	-------------

<b>Рет. Реттік санау</b>	<b>Порядок. Порядковый счет</b>
1 – бірінші	1 – первый
2 – екінші	2 – второй
3 – үшінші	3 – третий
4 – төртінші	4 – четвертый
5 – бесінші	5 – пятый
6 – алтыншы	6 – шестой
7 – жетінші	7 – седьмой
8 – сегізінші	8 – восьмой
9 – тоғызыншы	9 – девятый
10 – оныншы	10 – десятый

## **Қорытынды**

### **Құрметті педагогтар!**

Оқу-әдістемелік кешенді дайындаудың негізгі мақсаты – педагогтерге «Математика негіздері» ұйымдастырылған оқу қызметінде жаңа педагогтік тәсілдерді жан-жақты қолдану жөнінде бағыт-бағдар беру.

«Математика негіздері» әдістемелік нұсқаудың кіріспесінде: бір жылға арналған перспективалық жоспар және 36 ұйымдастырылған оқу қызметіне арналған жоспарлар берілген.

ҰОҚ-нің құрылымы мен кезеңдері:

- бірінші бөлім – 1. Ұйымдастыру кезеңі. Бұл кезеңде педагог тақырыпты меңгеруге түрткі болатын жағдай туғызады. Оқу қызметіне эмоционалды жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру сабақтың маңызды компоненті;

-екінші бөлім – 2. Негізгі кезең. Бұл кезеңде ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаттары мен міндеттерін шешуге бағытталған оқыту құралдары мен әдістері қарастырылады;

- үшінші бөлім – 3. Баланың қызметінің рефлексиясы. Ойын техникасы арқылы өз жетістіктерін бағалауға ұсыныстар беріледі.

ҰОҚ - ті жаңа әдіс-тәсілдермен өткізіледі, бұл баланың тыңдаушы болып қана қоймай, ҰОҚ-не тікелей қатысып отыруына мүмкіндік береді. Балалар дидактикалық ойындар, жаттығулар, логикалық тапсырмалар арқылы пайымдауға, шығармашылық тұрғыдан ойлануға, өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасауға үйренеді. ҰОҚ арасындағы сергіту сәттері баланың саусақтарын, қимыл-қозғалыс мүшелерін дамытады, көру қабілетін жақсартады және математикалық ұғымдарды бекітуге көмектеседі.

№1, №2 жұмыс дәптерлеріндегі тапсырмалардың көлемі шағын болғандықтан, оны балалардың өздері де орындай алады. Тапсырмаларды орындауда бояу, сурет салу, заттарды бір-бірімен сызық арқылы немесе нүкте арқылы қосу әдіс-тәсілдері қолданылады. Мұның бәрі баланың ұсақ қол моторикасының жетілуіне көмектеседі және оларды дұрыс жазуға үйретеді.

Балаларға жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды бермес бұрын, олармен бірге оқу-әдістемелік кешеннің құрамындағы «Демонстрациялық материалдарды» қолдана отырып, соған балаларға тапсырмаларды орындатқаныңыз дұрыс.

«Түсініктеме» бөлімінде математика негіздері бойынша оқу қызметін ұйымдастыруға жетекшілік ететін дидактикалық принциптер сипатталған. Бағдарламаның әр бөліміне қысқаша сипаттама берілген, дидактикалық ойындар мен жаттығулардың мысалдары келтірілген. Ұйымдастырылған оқу қызметінің үш кезеңі логикалық түрде өзара байланысты және ҰОҚ-нің мақсатын жүзеге асырудағы тұтастықты білдіреді.

Әдістемелік нұсқаулық екі тілде лингвистикалық минимумды қамтамасыз етеді, екі тілдің мақсаттарына сәйкес келеді.

Мектепалды даярлық үшін ОӘК-нің жаңа үлгілеріне дұрыс және сауатты көшу балалардың мектепке сапалы дайындалуын қамтамасыз етеді.

*Ізгі ниетпен, ОӘК-нің авторлары.*

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Нұр-Сұлтан, 2020.
2. 1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары. – Нұр-Сұлтан, 2020.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2020.
4. Арапова-Пискарева Н.А. Формирование элементарных математических представлений в детском саду. Программа и методические рекомендации. Для занятий с детьми 2-7 лет. – М.: Мозаика-Синтез, 2009.
5. Асан М. Baldyrgan. Қазақстан Республикасың бүлдіршіндер мен сәбилерге арналған журналы. – Алматы. № 10 (қазан), 2020.
6. Әлдибекұлы Ш. Әдебиеттік оқу. Хрестоматия. Жалпы білім беретін 11 жылдық мектептің 2 сыныбына арналған. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2009.
7. Белошистая А.В.. Обучение математике в ДОУ: Методическое пособие. – М.: Айрис-пресс, 2005.
8. Иіпұлы Т. Балбөбектер, балалар, Болашағым – бақытым! – Алматы: Білім, 2011.
9. Қошым-Ноғай Б. Қуыр-қуыр, қуырмаш: Қазақтың балалар фольклоры: халық өлеңдері, тақпақтар, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ойындар, жұмбақ есептер, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыздар /Құраст. Б. Қошым-Ноғай. – Алматы: Раритет, 2018.
10. Мәженқызы Р., Мыңбайқызы Ж. Бәрін, бәрін білгім келеді... – Алматы: Баур, 2006.
11. Отарұлы Е. Балдырған журналы. № 6, 58-59 б. – Алматы, 2014.
12. Способы изучения простых математических понятий. Учебное пособие/ Сарсенғалиева А.Б., Калмурзина Р.С., Гарбуз Е.С., Биназарова Ж.С. – Нур-Султан: Некоммерческое акционерное общество «Холдинг «Кәсіпқор», 2019.
13. Табылды Ә. Балдырған журналы. № 10, 26 -27 б. – Алматы, 2014.
14. Фрейлах Н.И. Методика математического развития. – М.: ИД «Форум»: ИНФРА-М.: 2019.
15. Фрейлах Н.И. Математика для педучилищ. – М.: Форум, 2008.
16. Шұғайыпұлы И. Бозторғай: Құраст. Жанат Исламқызы Шұғайып. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013.
17. Щербакова Е.И. Теория и методика математического развития дошкольников: учеб. пособие. – М.: Изд-во Моск. психол.-социал. ин-та. Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2005.

### Интернет дереккөздерінен:

1. <https://www.zharar.com/kz/takpak/2208-toys.html>
2. <https://melimde.com/utepbaeva-a-a-eleusizkizi-mnaurizbaev-b-a-arapajim-matematikal.html?page=21>
3. <https://bilim-all.kz/article/12750-Oiynshyqtar-turaly-zhumbaqtar>
4. Табылдиев Ә. <https://goo.edu.kz/content/view/97/5664>.

## МАЗМҰНЫ

Түсініктеме .....	3
Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары.....	18
Ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарлары .....	26
Қосымша.....	103
Қорытынды.....	108
Пайдаланылған әдебиеттер.....	109

*Оқулық басылымы*      *Учебное издание*  
**Ақпаева Асель Бакировна**      **Ақпаева Асель Бакировна**  
**Лебедева Лариса Анатольевна**      **Лебедева Лариса Анатольевна**  
**Кинжибаева Фариза Багитовна**      **Кинжибаева Фариза Багитовна**

**МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ**      **ОСНОВЫ МАТЕМАТИКИ**

**Әдістемелік нұсқау**      **Методическое руководство**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың      для педагогов группы дошкольной подготовки  
үлгілік оқу бағдарламасы бойынша      (класса) (от 5 лет) по Типовой учебной программе  
мектепалды даярлық тобы ( сыныбы) (5 жастан      дошкольного воспитания и обучения  
бастап) педагогтеріне арналған

Методист *Б.С. Тажинова*      Методист *Б.С. Тажинова*  
Редакторы Л.С. Ахметова      Редактор Л.С. Ахметова